

Сауытбек

А 2016

Б к

Мәдімарұлы



АША ЕМІ



САУЫТБЕК МӘДИМАРҰЛЫ

*Бұл тұңғыш кітабымды мені зарығып  
жүріп көріп, қызығымның дәмін тата  
алмай кеткен әкем Мәдімарға ар-  
наймын.*

*Автор.*

## АША ЕЛІ

*Повестер мен әңгімелер*

Алматы  
«Мерей»  
«Қазақстан»  
1994 жыл

ББК 84Қаз7-44

М 35

**Мәдімарұлы С.**

М 34 Аша елі.— Алматы: «Қазақстан»; «Мерей»,  
1994. 147 бет.

ISBN 5-615-01587-X

Қарапайым өмірдің қарапайым құбылыстары мен көріністері адамға әр кез қызық, әр кез ыстық. Сонау телегей теңіз Мойынкүмнің қақ ортасында қызыл отау шырағын жағып, өзінің азаматтық болмысы мен жүрегінің қалауына қарай халқының кәдесіне жарап, қызмет етіп келе жатқан Сауытбек Мәдімарұлының бұл тұңғыш жинағына кешегі, бүгінгі ауыл өмірі жайлы жазылған қатығы дәмді, тұзы татымды, өзінше үлкенді-кішілі дүниелері тоқайласқан.

ISBN 5-615-01587-X

М  $\frac{4702250201-01}{401(05)-94}$  Құлақтандырылмаған

ББК 84Қаз7-44

© «Мерей», 1994

---

---

## ӨМІРДЕН ОЙЫП АЛҒАН ӨРНЕКТЕР

Адам бойына табиғат әміріне қарай дарыған өнердің, оның ішінде сөз өнерінің жөні де, құдыреті де бөлек. Ол тұла бойды тоқсан тарау толғаныс пен тебіреніске бөлеп, сананы сан саққа жүгіртеді. Өмірдегі жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы сияқты және басқа құбылыстар осы құдырет арқылы талқыға түсіп, өзінің лайықты бағасын алып жатады. Бұрынғы-соңғы заманалар данышпандары мен олардың даналықтары бүгінгі ұрпаққа сол сөз арқылы жетсе, келешекке де сол арқылы сапар шегіп жатады. Дегенмен сөздің де сөзі бар. Ол өзінің құдыретті де киелі қасиетіне қарай көрінгеннің шылауына орала кететін жілігі татымайтын, қаны сорғалаған қызыл асықтай болмыс емес. Соны атам-заманда-ақ ұққан ата-бабаларымыздан «дуалы ауыз» деген тұжырымның қалуы да тегін болмасқа керек. Иә, адамның бойына қажетті ғаламат қасиеттер мен кенеі құбылыстардың бәрі осы төркінді сөзде жатыр.

Сауытбек Мәдімарұлының мына кітабына еніп отырған өзінше ірілі-уақты шығармаларын сан қайтара оқып, сарапқа салу барысында көңілге осындай-осындай өзекті ойлар келген. Ондай толғаныстар мен ойлар неге келеді дейсіз ғой? Онда орынды да қисынды себеп бар. Сонау Мойынқұм атты мол өлкенің қалың ортасындағы Көлқұдық деген жерде ұзақ жылдан бері тіршіліктің камымен мойнына алған міндеттің қисынына қарай үш-төрт үйдің санатында онаша отырған азаматтың бойына дарыған сөз өнері қанша елемегенімен қоймай-қоймай жүріп мына жарық дүниеге шығып, ақыры осынша қы-

зыға да, құмарта да оқитын дүниелерге айналған екен.

Мен осы бір азаматтың хабарын алғаш естіп, жазған бірлі-жарым өлеңдері мен әңгімелерін оқыған кезде кәдімгідей тамсанып, таң-тамаша қалғаным бар-ды. Өйткені, біріншіден, оның сондай өнері бола тұрып саяқ жүргені болса, екіншіден, білімі кезіндегі жетіжылдықтың көлемімен шектелгеніне қарамастан сөздері жүйе-жүйесімен шығып, жанға жағып бара жатты. Соған кейін оның мына отырған қонысы Көлқұдық та көңілге ыстық, көздің алдына балалық шақтың бір шырын сәттерін сағындыра елестетіп тұрып алатын мекен еді.

Сонау елуінші жылдардың бас кезінде әкейдің малшылық кәсібіне қарай жылқылы ауыл бір жаз осында отырып, мектептің жазғы каникулында жүрген мен «осы Көлқұдықта үйлер салынып, малшылардың штабы шаңырақ көтереді екен» деген әңгімеге қарай совхоздың сол замандағы кесімді бағасымен мың қаралы кірпіш құйып бергенім бар-ды. Кезінде әкей оның пұлын алды ма, алмады ма, одан хабарым жоқ. Кейін университеттің студенті болып жүргенде Көлқұдыққа бір жол түсіп, жәпірейген бір үйдің қалқайып тұрғанын көріп, «мынау кезінде қызыл құмның ішінде, шыжыған күнге күйіп жүріп, менің құйған кірпіштерім-ау» деп іштей масайрағаным бар еді. Шынында кейін бұл жерде малшылардың штабы салынып, кәдімгідей шатырлы-шатырлы бесалты үй бой көтерген-ді. Сондай Көлқұдықтан мынандай бойына сөз өнері дарыған азамат шығып тұрса оған неге сүйсінбеске, құтты қадам айтып, неге сүйеп-демеп жібермеске?!

Дүниедегі омырау мен тізеге салған жөпсіз билікке көнбейтін бір нәрсе — ол сөз өнері. Ол ақылы мен парасаты жеткен адамның ғана еншісі. Осындай ашпас әліптей ақиқатты басшылыққа ала отырып, Сауытбектің мына шығармаларына ой жүгіртіп көрсек бірден «ай далада кездескен ат басындай алтын» деп алақанды ысқылап шыға келу артықтау болар, бірақ әр хикаясы мен әр әңгімесінің дәні де, дәмі де, өзінің шама-шарқына лайықты еті де, сүйегі де бар, оқыған адамның қай-қайсына да салмақты ой салатын жұп-жұмыр дүниелер. «Аша елі», «Күміс той» повестері кешегі-бүгінгі өмірдің көңілге қонымды көріністері, кезінде Шу бойы елдерінің өмірінде өзінше із қалдырған оқиғалары. Бұл шығармаларды бағалау барысында біз өз пікірлерімізді ешкім-

нің алдына жөнсіз көлденең тартып, тықпалаудан аулақпыз. Осы жерде қазақ атамыздан қалған «жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарай шабады» деген сөздің көкейде отырғандығын айта кеткенді орынды санаймыз.

«Аша елі» повесінің оқиғалары мен кейіпкерлерінің басынан кешкен халдері олардың бүгінгі Шу бойын мекендеп отырған ұрпақтары үшін үлкен олжа, кейде мақтанышты шырайда, кейде көңіл қобалжыған райда айта жүретін әңгімелер-ау деп те ойлаймыз. Автор бұл шығарманы жазу барысында ұзақ уақыт ізденіп, көп еңбек сіңірген. Солай терлеп-тепшіген сәттерін ретін тауып өзі де баян ете кетеді. Ал, «Күміс тойдың» желісі қаламгердің өз өмірі мен өз отбасының хикаяларынан алынып жазылған деген тұжырымға сай келгенімен мұндай оқиғалар мен мұндай көңілді сергітіп, адамды ризалыққа бастайтын құбылыстар көптеген шаңырақта кездесіп жатады десек, мұнымыз еш асырып айтқандық болмас деп санаймыз.

Енді Сауытбектің әңгімелеріне келсек, бәрі де қысқа қайырымнан тұратын, өмірде күнделікті кездесіп жататын ірімдерден өрілген дүниелер. Біздің аңғарып, шамалауымызша қаламгер көбіне өзі көріп, куәсі болған жайларды әңгімесіне өзек, арқау етіп алу арқылы тіршіліктің көңілге қонымсыз түйткілдеріне нәризалықпен қарайды, көпшілікті содан жирендіреді. Осы қисындардан алып карағанда, «Әпсат қарақшы», «Ағайын арасы», «Аманат», «Қақпаншының ақыры», «Жығылғанға жұдырық», «Ұрыға жол көп деген...», «Соғымбасы» аталатын әңгімелері сюжеттері жағынан да, сөз етіп отырған тақырыбы, салмағы жағынан да орайы келген өмірдің өз өрнектері. Оқып отырған сәттеріңізде еріксіз ыптықтырып, авторға «бәрекелді» айтқызатын сезімдерге бөлеп отырады. Бұл әңгімелердің қай-қайсы да қарапайым ауыл адамдарына үлкен сабақ, кім-кімді де «апыр-ай, ә» дегізіп, бас шайқатарында дау жоқ. Әр әңгімені мұнан әрі мүшелеп талдай бермей, өздерінше ой түйуді қалың көпшіліктің өз еншісіне қалдырамыз.

Жасы жасамыс болып қалғанымен халық арасына сөз өнерімен енді-енді шығып отырған азаматтың есінде болсып, келешекте көңіл бөлсін деген ниетпен кейбір пікірлерді де айта кетуді орынды санаймыз. Ол жоғарыда айтқанымыздай, әңгімелеріне көп жағдайда өмірдеп өзі көрген оқиғаларды арқау етуге ұмтылу барысын-

да куә болған нәрселерін елеп-екшемей сол күйінде жаза салуға бейім тұратындай, тіпті кейде адамдардың аттарын да өзгертпей кете беретіндей. Мұндай тәсіл әңгімені тым қарабайырландырып, әдеби әдіптен алшақтатып та жібереді. Кез-келген оқиға мен көріністі ақыл-ой таразысынан өткізіп, жал-құйрығын күзеп, сақал-мұртын басып, типтік жағдайға қарай ыңғайлау дұрыс болмақ. Екеуара әңгімелердің желісіне қарағанда Сауытбектің енді шындап жазуға кіріскен ыңғайы бар. Олай болса, мына айтылған пікірге ден қойғаны мақұл.

Қолдарыңызда отырған бұл дүние автордың жеке өзінің атынан шығып отырған алғашқы жинағы, алғашқы кітабы. Аталарымыз «жақсы сөз — жарым ырыс» деген ғой. Осы ойды басшылыққа ала отырып Сауытбекке жылы лебіз білдіріп, қиын да қасиетті өнерде жолдың бола беруіне тілек қосып, жасы кіші болсадағы атына қолтығынан көтере, демеп мінгізіп отырмыз. Болашағынан үлкен үміт күтеміз, жақсы-жақсы шығармалар күтеміз.

*Әбіқұл Ибрагимов.*



## АША ЕЛІ

Орыс патшасы казак даласын Ресейге қосуды толық аяқтағаннан кейін 1867 жылдың 11 шілдесінде территориялық-әкімшіліктік басқарудың жаңа жүйесін жүзеге асыруға байланысты шешім қабылдап, бұл қадамын келесі жылдың аяғында көздеген мақсатына жеткізгендей болған еді...

Патшаның осындай жымысқы саясатын іске асыру барысында төменгі жағы Шу мен Қорағаты өзендерінің қосылған жері Құйғаннан бастап, жоғары қарай Аспараға дейін, күн батысы Аспараның шыбырлы құм қойнауынан сонауадағы жал-жал Сарықобыға дейінгі талай жерді Аша елі мекендесе де бір болысқа толмайды деп еш есепке қоспай қалдырып кеткен. Екі өзеннің құйғанынан жоғары қарай ашаланып келген кең алқапта жатқандықтан да бұл жұртты Аша елі атаған. Осы атырапты алты рулы ел мекендепті. Олар — Сарыүйсін, Шымыр, Күнту, Бокқайнат (Жіненбет), Бестерек, Жалайыр. Бұлардан басқа да ұсақ аталар болған деседі.

Шу өзенінің күн шығысы Пішпек уезіне қараса, күн батысы Әулиеата уезіне қарайтын. Сөйтіп, Аша елінің оңтүстігі Аспара болысы, күн шығысы Сиқым болысынан бастап төмен қарай Дулат болысы, Көкірек болысы, күн батысында Ағашақ болысы, теріскейінде Аққолтық болыстары елдерінің жұртымен шектескен. Бас несі жоқ алты рулы елді сүтті сиырдың төрт емшегі құсатып төңірегіндегі болыстанған елдің жуандары жетім бұзаудай жан-жағынан түртініп еме бастаған. Олардың ұры-қарақшылары қолға түссе, немесе өкше ізімен ұрлықтары айқындалса болыстары сөзін сөйлеп, шаң жуытпай отырған.

Момын елді мал-мүлкіне жырымдап тісе берген соң әр қайсысы өзінің тамыр-танысын, құда-жекжатын сағалап, болыстанған елдің қолтығына кіре бастаған. Болысы бар ел аулына сенген төбет иттей әр тұста-ақ кү-

рығын қайқайтып, дүмділік көрсетіп жүрген. Ары айтып, бері айтып келгенде өз бетімен күн көріп жатқан елдің онысын да көп көргендер қатар жатқан елдің қай-қайсынан да шыға бастаған.

Шу өзені шаруаға қолайлы болса, онымен бір шама жерде жарыса ағатын Қорағаты өзені тағы бар. Бұл өзендер момын елдің ырысына айналған берекенің көзі іспеттес еді. Бұларға қоса әлгілердің күн батыс кемерін алып жатқан шетсіз де шексіз ну сексеуілді орманды айтсаңызшы!. Ол да Аша елінің несібесі еді. Ел жазында осы Шу мен Қорағатының жағасын жәйлау етіп, қысында қалың сексеуілдің іші мен бұйрат-бұйрат құмнан бастап Ашаның жолына дейінгі мол атырапты қыстап шығатын. Әлгі атыраптарда әр рудың өзіне тән ата қоныстары да бар.

Әр кім өз тіршілігінің қисынына қарай бірі мал бақса, екіншісі егіншілікпен, үшіншісі саудамен айналысып жататын. Кедей, кемтар, момындар болыстанған елдің малын бағып, малайы болса, Аша елінің ішінде де жуандардың есігінде жүргендер жеткілікті. Жарық күнді жамылған кім де болса осы жарық дүннен мейіршапағат көруге құштар. Осындай сан тіршіліктің саясында өмір кешіп жатқан алты рулы елдің басшысының жоқтығы ғана болмаса, күн көрісі төңірегіндегілерден кем емес. Болыстанған елдің кейбіреулері баса көктеп, тізесін батыруға ұмтылғанымен «иттің иесі болса, бөрінің төңірісі бар» дегендей басшысыз ел де кім көрінгенге оңайлықпен иліге бермейді. Сырт көзге тұс-тұстан бір-бір дәнді сүйреп жанталасқан құмырсқаның илеуіндей тіршілік кешіп жатады.

Бұл елдің және бір кәсібі — қалың сексеуілдің ортасын ойып тұрып, ірі-ірі сары жігерлерін сындырып алады да үлкен шөмееледей әр жерге үйеді. Бұдан кейін әлгілерді қызыл шоқ болғанша өртеп, ол күлге айналып кетпес үшін сол қалпында топырақпен нығыздап көмеді. Арада екі-үш күн өткеннен кейін көмірін іріктеп, қаптап алады да Пішпек, Әулиеата, Верный сияқты қалаларға апарып ұн, тары, тағы басқа күнделікті тұтынатын заттарға айырбастаған сауда-саттықты да талшық етеді.

Осындай кәсіппен айналысып жүрген екі серіктес шаруа адам төрт түйе жүк көмір артып, кешкі ымырт кезінде Қорағаты өзеніне таяп келеді. Бір-біріне тіркелген түйенің алдыңғысының бидасынан жетсектеп, екінші-

сі «шүү жануар, шүү» деп соңғы түйені айдап, қаннен қаперсіз келеді. «Айналайын туған жер, берскене шүкіршілік» дегенді олар керуен сапарына шыққан сайын іштей әлде неше қайталайды.

Бір кезде Қорағаты өзенінің табанына түсе берісте «ойбай» деген алдыңғы түйе жетектеушінің ащы даусы естілді. Бейқам келе жатқан екі керуеншіні әп сәтте аттан аударып тастады да түйелерге артылған қап-қап көмірдің арқанын пышақпен қнып, ақтарып көрді де беймәлім ұрылар жүрді де кетті. Олар қаптағы көмірді құнды мүліктер деп ойласа керек. Алдыңғы түйе жетектеуші басқа тиген шокпардың соққысынан тіл тартпай кетіп, соңғысы «ойбай, бауырым...» деп аңырады да қалды.

## II.

Бойы ортадан жоғары, жуан қара, жауырынды келген, домалақ бет, қыр мұрынды, келбетінде қатты сұс бар, көзі от шашып, сөзді сапыра сөйлеп отырған Доскожа еді. Жанағы өлген жігіттің мәнжайын жеткізіп отыр. Тындап отырған адамның бойы өте биік, денесі толық. Осы толықтығы бойының биіктігін байқатпағандай. Сом-сом бұлшық етті, алып тұлғалы бұл қара сұр Секер батыр болтын.

— Шалып көрген ізге қарағанда адамымызды өлтіргендер Шу өзенінің күн шығысына қарай өтіп кеткен сияқты,— деді Доскожа.

— Күздің мына қара суығында тасып жатқан Шу өзенінен қалай өтті екен? — деді Секер.

— Жандарына зор келген соң ағып өлсек те... деп өткен ғой. Секе, біз ел болудан кетіп барамыз. «Көресіні көрмей — көрге кірмейсін» деген. Бұрын ұрылары мал-мүлкімізді тонап, тіпті тыныштық бермеуші еді, енді міне, кісімізді өлтіруге көшті. Адамды кімнің өлтіргенін болыстары жасырып, айтпай отыр. Астыртын талай жерге, талай елге тыншы жіберіп те көрдік, түк дерек сезілмейді. Жан-жағымыздағы болыстанған елдің жуандары мен ұрылары бүйте берсе, ендігі жерде шаңқай түсте аулымызды шауып та алатын шығар. Бұлай басына берсе, тамтықтан-тамтық қала ма? Осы жағын не істейміз? Сізге ақыл салайын, айтайын деп әдейі келдім,— деп ұзактау сөйлеп барып бір тоқтады Доскожа.

— Менің де ойымды осы тұман басқалы көп болды,— деп бастады Секер сөзін.— Төңірегіміздегі елдің болыстанғанына талай жылдай болды. Содан бері зорлық-шылдың сөзін болысы сөйлеп, болыстың сөзін оязы сөйлеп, бас несі жоқ бізге теңдік бермей барады. Осы жағдайды айтып оязға қайта-қайта барғаным жарты жылдай болды. Оны өзің де білесің. Ол болса, «елің бір болысқа толмайды, бәрі бет-бетімен бытырап, әр болысқа сіңіп кеткен» дегенді бетке ұстайды. Мен айтам: «Әрине, мал-мүлкіне тыныштық бермеген соң, әділін сөйлеп, анығын айтып, араша түспегеннен кейін болыстанған елдің қолтығына тығылып, жан сауғалағаны рас. Бірақ олар онда да оңыл жүрген жоқ. Ерлері мал бағып, малай болса, әйелдері қазан-ошағын ұстап, күндікте жүр. Егер біз де өзімізше бір болыс ел болсақ, солардың барлығы да көшіп келеді дедім ұлыққа.

— Мына біздің кісімізді өлтіргендердің беталысы Пішпек уезіне қарайтын сияқты болып көрінеді,— деп бір қойды Досқожа.

— Кісі өлтірген қарақшылардың ақырын келешекте көре жатармыз. Әзірге Аша еліндегі алты ру елдің басты-басты қарияларына айтып, жан-жаққа бытыраған әр түтінді көшіріп келуге құлақдар бол. Мен мына беймәлім ұрылардың кісімізді өлтіріп кеткенін оязға айтып, тағы да Аша елінің келешегі жайлы сөз қозғаймын. Біз де сөйтіп, өзімізше ел болудың қамын жасап, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарайық,— деп Секер батыр ендігі жердегі әрекеттің түйініне көше сөйледі.

\* \* \*

Аша елінің мұнан арғы қамы Секер батырды көп толғандырды. Оязға тағы барып, болған жайдың барлығын түсіндіріп, «орысқа пәре бергенше бара бер» демекші, қоймай жүріп уәдесін алды. «Аша елі түтінінің санын әкел деп еді, онысын да апарып берді. Үш жүздегі түтінді ұлық олқы көріп, «қызыл бұт, жалаң бұт» деп қайтарған соң бай, жуан деген туыстарының маңдарын бөліп жазып, тағы да кем үй санының орнына үйленбеген ер бала болса, кіндік болса болды деп түтін есебіне қосып, әкелерінің малын бөліп жазып жүріп, әйтеуір бір болыс елдің шамасын толтырды-ау.

Ояз Секерді көп әуре етсе де оның айтқан талаптарын орындай жүріп, өз айтқанын істетуге де жол тапты. Төңірегіндегі болыстар мен жуан байлары Секер батырдан ыққаннан кейін қол астындағы малын баққан кедейлер мен момындарды еншісімен бөліп беріп жатты.

Секер тек Әулиеата уезі емес, Сарыарқаға дейін қазақтың бірталай жеріне белгілі батыр. Алты ру елді ояз ел деп те есепке алмай, талан-таражға салып қойып еді, мына әрекеттен кейін мұның да басшысы бар екен деп көре алмай таңқалушылар да жоқ емес. Өз елінің қамын ойлаған Секер батыр тағы бір жылға жуық аттап түскен жоқ. Ұлықтың айтқан талабын толық орындан, ел-жұртын бір жерге шоғырландырып бакты.

Аша еліне тән жердің де шекарасын ажыратып, неленіп қалған төңіректегі болыстың байларын омыраулап жатып көшірді. Осылайша мына елдің өзінше болыс болуына Секер батырдың сіңірген еңбегінде есеп жоқ еді. Елге болыс кім болса, ол болсын, бірақ бір басшы керек екендігін көптен армандайтын.

«Басшысы бар ел тозбас, басшысы жоқ ел оңбас» деген осы емес пе?

\* \* \*

Әулиеата уезінен шыққан екі салт атты суыт келеді. Үлкен денелі, қарагер жорғаның үстіндегі жуан, төртбақ келген, бойы мен ені бірдей десе де болғандай боржық бет сары, түр-тұрпаты өте суық, тосыннан көргендер көзі жоқ екен деп қалғандай. Қабағы бар жанарын жауып тұрғандықтан оны көрген бала түгілі екіқабат әйелдер де шошып, түсік тастайтын келбетте. Бұл Аша болысын ашып, соған болыс сайлатуға жіберілген Оршыбек датқа еді. Қасындағы қара арғымақ мінгені Секер батыр. Мұның қасында Оршыбек бала құсап көрінеді.

Арнасынан асып-тасып жататын асау Шу өзеніне де келіп қалды.

— Шу өзенінің Аша жерін басып өтетін тұсында қанша өткел бар? — деп көзінің ұясын жауып тұрған қабағын қолымен жоғары көтеріп сұрады Оршыбек Секерден.

— Мына қазір сіз өтетін өткел «Тасөткел» деп аталса, бізден де төмен Ағашақ болысының тұсында Иткешу, Биткешу деген өткелдер бар, — деді.

— Иткешу, Биткешу деген өткелдер де болады екен-ау, э,— деді аң-таң болған Оршыбек.

— Біз де алғаш естігенде бұған танқалғанбыз,— деп ел аузынан естіген бір әңгімесін айта бастап еді Секер.

— Баяғыда Шу өзенінің осы өткелдерінің тұсында ар жағында бір бай, бер жағында бір бай көрші отырыпты дейді. Әзілі жарасқан екеуі қалжыңдасып, қажасып жүреді екен. Сонда біреуі айтқан көрінеді: «Мен жақтан бит қашты, сен жақтан ит қашты, екеуі Шу өзенінің ортасында кездесіп тұрып, хал сұрасыпты.

— Менің ием бөз киеді, біз тығыларлық жер жоқ, бізді қырып бітті. Сол себептен де ар жаққа бара жатырмын. Ол ел күпі киеді екен, соған жасырынып жап сақтамасақ, жағдайымыз болмай барады,— депті сонда бит.

— Ал, біздің жақта асқан етке нан салмайды да сорпасы сылдыр су болады. Не егін екпейді, не қанша бай болса да малын сатып, ұн алмайды. Менің ием құныққан бай болғандықтан содан қашып барамын. Сен жақтағылар қайта етіне нан салады екен, соның нанды сорпасын ішіп бір тоймасам,— деген екен ит те өз кезегінде. Сөйтіп, бит пен ит мұндасқан жер осы болыпты. Әрине, бұл сөздің негізгі төркіні қалжың болуы да, халық ойы болуы да мүмкін ғой,— деп Секер сөзін аяқтады.

— Ояздың айтуынша Секер батыр, сен енді Аша еліне болыс боласың. Халқынды бір жерге жинап, хабарын маған айтарсың. Оған дейін мен Шу өзенінің ар жағындағы Дулат болысы Байболаттың үйінде боламын,— деп Оршыбек датқа судан өтуге ыңғайланды.

\* \* \*

Пішпек уезіне қарасты Байболат тек Дулат болысы ғана емес еді. Осы уезге қарасты төрт-бес болыстың үстінен аққарасын тексеріп отыратын араболысы (крестьянский начальник) болатын. Бұл қосымша жұмысы еді. Мансапқорлығы мен байлығын, адалдығы мен арамдығын тең ұстаған Байболат пен Оршыбек екеуі ел арасы жайлы әңгіме-дүкен құрып отырды.

— Шу өзенінің ар жағында Аша болысы құрылатын болды. Оған болыстыққа Секер батырды сайлат деп ояз сайлау өткізуге мені жіберді,— деп Оршыбек келген жұмысының бетін аңғартып өтті. Тұңғыш ойға шым батып

кеткендей болған Байболат оқы: «Не дейсің?» деп қатулы үн қатып, алара қарады. Оршыбек те мұның сөзін жақтырмағандай көзін жауып тұрған қабағын бір қолымен жоғары көтеріп тұрып: «Не дейсің? — деді оның өз сөзін өзіне қайталап.

Байболат қайта сөйледі.

— Аша еліндегі алты ру елдің төртеуі өзіміздің Шымыр емес пе? Оларды айтпағанда өзіміздің жақын туысымыз, Шымырдың Бекболатынан тараған, сені мен маған арасы алты-жеті-ақ буын Жиенбеттен аттап болыстықты кімге бермексің? Сен — Бектеміссін, ал мен болсам Сәмбетпін. Өзің ойлашы, қолға қонғалы тұрған бақты өзімізден аттап барып, ат төбеліндей аз Сарыбәйбішенің тұқымына бергеніміз жөн бе? Онда Жиенбетпен туыстығымыз қайда қалды? Жоқ, әйтпесе, Жиенбетті ел Боққайнат деп атағанына бөтенсіп жүрсің бе? — деп Жиенбетті бір күйеулері Боққайнат деп жанама атап кеткенін ойына алды.

Жиенбеттің әр үйі базар базарлап барып, бір-бір жаңа қазан сатып алыпты. Сол жаңа қазандардың темір татын кетіру үшін малдың қиын салып қайнатып жатқан күні осы ауылдың қызын алған бір күйеуі келіп қоныпты. Ертеңіне қайтып бара жатып жол-жөнекей кездескен елге «Боққайнаттан шықтым» деп жариялап кеткен екен. Жаңағы «жанама аты Боққайнат болған соң бөтенсіп отырсың ба» деуі осыдан еді...

\* \* \*

Шу өзенінің Қазыққаққан деген көгалды жағасында ел ығыжығы, құмырсқаның илеуіндей болып құжынап жүр. Бүгін күндегідей емес, ауа райының да мейірімі түскендей ақжарқын. Аса бір сағыныштың сәулесі сағындырып барып Аша еліне емін-еркін төгіп тұрғандай. Тыныш жатқан момын елді біреулер сүлік құсап білдіртпей сорса, көрінеу сұқ қолын салушылар одан да көп еді. «Бұрынғыдан күніміз қандай болар екен?» — деп өзінше жеке болыс болып құрылғанына түсінбей, аң-таң болғандары қаншама десеңізші. Әркімнің түйсінуі әр қалай болса да, өзің — өлтірмес, жат — жарылқамастың кері келіп, әйтеуір өзімізше ел болсақ дейді көпшілік.

Осы жиынды жиып, бәрін осы жерге ұйымдастырып жүрген Секер батырды Оршыбек датқа шақырып алды да:

— Секер батыр, сен бүгін болыс боласың, кәне, маған не бересің? — деп төтесінен тиісті. Мұндай тосын сөзді күтпеген ол не айтсын?!

— Менің жалғыз атты кедей екенімді өзің жақсы білесің және бұл іс ояз алдында шешілген іс емес пе еді? — деп ашығына көшті.

— Әулиеатадағы ояз не біледі, бұл жерде бұл істі мен шешемін. Аша елі Секерді болыс етіп сайлауға қарсы болды десем, ай даладағы сары орыс маған не істемекші, — деп сөзін нықтай түсті. — Сол үшін кәні, маған астындағы қара арғымақты мінгізесің, — деп қисынсыз тиісті. Бұл Секер батырға қиялай соққан қырсығы еді.

— Ореке-ау, бұл қара арғымақ менің арғымағым емес, қабырға ағайын Айдар байдың аты. Мұны болыс қоймай кетсең де бермеймін, — деп Секер Айға шапқан арыстандай қатулы үнмен шорт кесіп тастады.

— Онда маған өкпелеме, — деді де жиналған жұртқа Аша елінің болысы Берікұлы Тілеуғабыл болады, — деп Оршыбек датқа табан астында жария етіп жіберді. Ойда жоқ жерде Жиенбетке болыстық берілген сон аруақ, арысы Домалақ енемнің аруағы, берісі осы Шу бойындағы Жиенбеттің ұраны Мырзақұлдың аруағы, — деп Жиенбет біткен жер өз табынушысына снынып шулады да кетті. Секер батыр болса «неше жылғы ерен еңбегім елеусіз кетті, тақыр жерге отырып қалғаным осы ма? О-О, құдай, неңді алдым, құдай! Мені Сарыбәйбішеден неге жараттың, құдай! — деп құрсауда тұрған жаралы жолбарыстай тістеніп тұрып, өксіп-өксіп жылап жіберді. «Осымен үлкен-үлкен үш ерлік істедім, үшеуінде де қалың дулат көзге ілдірмеді, Сыпатай батыр тірі болғанда мұндай іс болмайтын еді» деп тағы қамықты.

Бірақ Оршыбек датқа «аздығына кінәлі болмаса Секер батыр ердің ері-ақ. Қысадан өліп кетпесін, Аша болысына қарасты Сарыбәйбішенің аулына ауылнай етіп сайларсың» деп Байболатқа ескерткен болатын... Сөйтіп, Байболат Оршыбекке айтқанын істетіп тынды.



Секер батырдың Ашаға болыс болып сайланбай қалғандығы ерен-ерен үш ірі іс істеуім деп қамыққандығының бір сыры осы Аша болысын құруы еді. Енді міне, бұрынғы істеген екі батырлығын есіне алды. Онда да қалың дулат атын шығармай, жым-жырт болып қалған.

Сыпатай батыр Аша елінен Секерді шақыртқан. Ауылы жақын батырлар бұрын келсе де істің жөнін оларға айтпай, Секерге қаратып қояды. Үшінші күні:

— Бір топ атты келеді,— деп үйге қайта кірген шабарманына:

— Топ ішінде ерекше биік біреу бар ма? — дегенде ол:

— Иә, деген.

— Онда Секер батыр екен,— деп Сыпатай қуанып қалған...

— Секер карағым, істің жөнін саған қаратып отырмын,— деп сөзін бастады Сыпатай.— Қарыған уағымда ауылда жігіттердің жоқтығын пайдаланып Ағыбай батырдың қолы өрістен жылқымды, оған қарсыласқан баламды алып кетіп отыр. Осыған ақылдасайын деп іріктеп-іріктеп батырларды шақырып отырмын,— деді. Мына сөзге өзге батырлар «бізді үш күн күттіріп, сондағы қаратқаны Секер ме?» дегенді айтып, өздерінше қызғаныш қылады да жорық жөнінде тіс жармайды. Ойында арамдығы жоқ, бойында батырлық пен шындықтан басқа осалдық жоқ, қулықсыз аңғал батыр Секер:

— Балаңызға — бала, малыңызға — мал қайыруымыз керек,— деді.

— Дұрыс айтасың, Секерім,— деп Сыпатай батасын беріп жатып.

— Жолдарың болсын, ынтымақтарың ашылмасын,— деген болатын. Сөйтіп, жолға шығып Секер өз тобына, Шу бойынан Итеке батыр мен Досқожаны қосып алғанда жиырмаға жетеқабыл кісі болады. Оның ішінде Досқожа Секерден көп кіші болса да жолдасын жолға тастамайтын сенімді, шын серіктікке лайық азамат еді.

Шу өзенінің аяғы бөліне келе шоқпыт-шоқпыт көлге айналып барып, «мен құрыдым» дегендей, құмға сіңіп жоқ болады. Бұған дейін Қарабөгет деп аталатын ойпаң-ойпаң жерлерге шоқ-шоқ қамыс өсіп, ақ сор далаға айналады да әр жерін су жайлайды. Осы бөлек-бөлек

көздер арасынан жорықшылар әрең жол тауып, аттары кейде омақаса батпаққа ұрынып келеді. Қалың ну қамыстың арасынан ит мұрны әрең өтетіндей, тоғайлы жазығы да кездесіп, соның ішінде астарындағы аттары бірденеден үріккендей беттеген жағына баспай қалды. Аттарын қамшылап жатып біраз жер жүргенде алдарынан жаңа ғана жүрген бір топ жолбарыстың іздері кездесті. «Бұл не, бұл не?» десті не істерін білмей қалған жорықшылар.

— Бағанадан бері астымыздағы аттардың беттемей келе жатқаны жолбарыстың исін сезгендіктен екен ғой,— деді жігіттердің бірі. Осы ізге аңырып, тосылғандарына: «Жүр, кеттік...» деп бірі қолқаласа, «жаңа ізді қайтіп қана аттап өтеміз?» дейді екіншілері.

— Бұл ізді бізге тағдыр босқа кездестірген жоқ шығар. Жаңа ізді қалайша аттап өтеміз? — деп тағы қайталады Секер біраз уақыт абдырап қалған серіктеріне.

— Ой, сен де босқа сөйлей береді екенсің. Бұл жолбарыс біреу емес, бір топ болып тұр ғой,— деді қасындағылардың бірі.

— Сен бұрын алсаң бір-ақ жолбарыс алдың, ал мынауың шынында да бір үйір екен,— десті тағы біреулері Секерге.

— Егер осы жолбарыстың ізін аттап өтсек, шынында да жолымыз болмайды.

— Сен неге жол кесесің, мұның қалай?..— деп Секерді сөге жөнелді жолдастары.

— Не десеңдер о деңдер, бұл киелі жыртқыш, тағдыр бізге босқа кездестіріп тұрған жоқ. Бұл кездескен алғашқы тосқауыл. Сендер-ақ аман болыңдар. Кәне, Досқожа, маған лес, ізіне түсемін,— деді Секер.

«Бармаймын» деуге батпаған ол лесе берді. Бір кезеңнен асып, келесісіне шыққанда ар жағындағы ойпаңдау саздан ну қамысты көрді. Қалт тоқтай қалған Секер:

— Ал, Досқожа, мына атқа ие бола тұр,— деп аттан түсті де, атының шылбырын шешіп алып, сол қолының нығына дейін нығыздап орап шықты. «Жолбарыс тобымен жабылмайды, біртіндеп атылады» деп естуші едім, құдайға тәуекел, е, құдай, жолымды бере гөр» деді де ұзын алмас қылышын оң қолына ұстап, қамысқа қарай жаяу жүріп кетті.

Ну қамысты жапыра жатқан жолбарыстар жоғары-

дан төмен түсіп келе жатқан адамды көріп жатыр. Секер болса жаратқанға қайта-қайта жалбарынып келеді.

Ұрымтал жерге жақындағанда ол енді атылатын шығар деп сәл кідіріп қамданғанша-ақ бір үлкен жолбарыс атылғанда аузына дайындаған сол қолына жеткізбей-ақ қылышпен тұмсықтан бір ұрып сұлатты. Секер салалы қолымен салалы қылышты ұстап тұрып, сол қолына жолбарысты жақындатпағанына өзіне-өзі сұқтанғандай «үуһ» деп есін жиды да келесісімен арпалысуға ыңғайлана берді. Жолбарыстардың да қаймыққаны болса керек, андасанда біреуі бір атылып қойып тұр. Өзін еркін игеріп алған батыр атылған жолбарысты атылғанынша сұлатып салып жатыр.

Аспай-саспай бар күші мен айласын ырқына көндіре білген жүрек шіркінді кәйтерсің! Не деген мұз, не деген тас жүрек! Күшіктерімен барлығы тоғыз жолбарысты сұлатыпты.

Жолдасын күткен Досқожа да:

— Аман-есен келсе екен,— деп тынымсыз ойдың тұңғығында үрейленіп тұрғанда Секердің шаршағандығы соншалық, қасына жетіп құлай кетті. «Аналарды шақырып кел, тоғыз жолбарыстың терісін сойып алсын» дегенге ғана тілі келгендей еді. Қорыққан мен қуанған бірдей демекші, соншама бар күші мен ынтасын жұмсау үстіндегі, өжет ойдың орындалуынан туындаған еркіндіктің босаңсуы болатын. Сәлден кейін қайтып келген Досқожа:

— Бармаймыз, тоғыз жолбарысты алғаны өтірік деп жатыр,— дегенде орнынан әзер тұрған Секердің өзі барып, зекіп-зекіп жігіттерін ертіп келіп, жолбарыстарды сойғызды.

Жол-жөнекей Тарақты елінің шетіне кіргенде сөзін көпшілік тындайтын ауыл қариясын сұрап алған Секер соның үйіне тіке тартты.

Ат үстінде тұрып «ассалаумағалейкүм» деп амандасып, жөн сұрасып болған соң:

— Біз, аға балалары едік, Сыпатай батырдың ауылын Ағыбай батырдың қолы шауып кеткенінен құлағдар шығарсыз. Соның қайырымына бара жатырмыз. Сол үшін сізді біз көрдік демейік, бізді сіз көрдім деменіз. Мынаны ішік қып киіңіз,— деп үш жолбарыстың терісін тастай салғанда, әлгі қария үндемей қала берген. Бұл Секердің алыстан ойлап тапқан қақпаны болатын. «Біз

шұбыртпалы елімен жағаласып жүргенде жолдан тарақты елі тосқауыл қойып, аяғымыздап шалмасын. Шұбыртпалы еліне тарақты елі ағайын ғой» деп ойлаған. Әлгі қамыққандағы есіне алған үш ерлігінің бірі осы тоғыз жолбарыс алуы болатын.

\* \* \*

Осыншама жолбарысты алған Секер «енді жолымыз болады екен» деп іштей түйді. Бұл кезде Ағыбай ауылы Дөнгелек сазға айнала қонып, жылқысын ортаға ала бағып отырған-ды. Олар әрине, бейқам. Секер тобы Ағыбайдың биік шоқысына жетіп, түнеді. Жолдастары «ертенгі елең-паланда дабыл қақпай-ақ жылқыға тиіселік» дегеніне «біз ұры-қарақшы сияқты бұғынып барып тиіскеніміз жөн бе? Дабыл қағып барып жылқыға тиісеміз» деп Секер көнбеді. Осы мезетте бір белден асып бара жатқан жалғыз аттыны Секер көріп қалады. Шауып отырып жетіп барса он жастан жаңа асқан бала. Аты — Темірбек екен.

— Кімнің баласысың?

— Ағыбайдың кенжесімін, — дейді әлгі бала.

Секер Темірбекті алып келіп өз тобына қосады да дабылды өз қолына алады да бар күшімен кең далаға соғыс жариялағандай үрейлі сарын тастайды.

Өңкей сайыпқыран жорықшылар жылқыны қуа жүріп, іріктеп айдап, сол ертенгіліктің өзінде талай жерге кетіп қалады. Бұл жағдайды кейінірек естіген Ағыбай батыр аттарын ұстап, дайындалған жігіттеріне арттарынан қууға рұқсат бермейді. Себебі: «Мен Кенесары шапқыншылығында үш рет Сыпатай аулын шабуға лажсыз барған едім. Сол үшін өзі жоқта аулын шауып, баласын қолға түсіріп әкелгенім, менікі қате. Аға балалары бұл жолы үлкен дайындықпен әдейілеп келіп отыр. Екі жағымыз босқа қырылып, мал түгілі адамымыз көп шығын болады» деп жігіттерінің желігін өзі басады.

Ағыбай батырдың ақылына риза болған Секер тобы да айдап шыққан жылқының көбін қайта бөліп тастап, бұрын Сыпатай аулынан қанша жылқы әкеткеніне қарай ыңғайлап алады. «Ерді ер таниды» демекші Сыпатай батыр мен Ағыбай батыр қанша араз болса да іштей ұғысып, бір-бірін қимайтын ақылды жандар екені осы жерде байқалады.

Қолға түскен бала мен шағын жылқыны Секер тобы алып барып Сыпатайға табыс етті. Сыпатай батыр Ағыбайдың баласы Темірбектің бетінен сүйіп, арқасынан қақты да:

— Менің Бірімқұлымның орнына келген балам ғой,— деп қуанады. Осы жорықта қолды кім басқарды? Тоғыз жолбарысты кім алды? Мына баланы кім қолға түсірді? — дегендерді сезіп тұрса да жеке-жеке әдейілеп тұрып сұрады Сыпатай. Секердің батырлығын көре алмаушы, іші тарлар қызғаншақтығын тағы білдіріп, тақыр жерге жасырына:

— Мынау сіздің балаңыз,— деп Оразды көрсетті.

— Өтірік айтасындар, мұны істесе Секер батыр ғана істейді,— деп Сыпатай да жеңістік бермесе керек.

Содан бері де қанша жыл өтті десенізші. Осыны айттып болыс сайланбағанына емес, әлгі біреу айтпақшы «қарнымның ашқанына жыламаймын, көдірімнің қашқанына жылаймын» демекші, еңбегінің еленбей кеткеніне өкінеді. «Дулаттың Сыпатайы тірі болғанда бұл еңбегім еленбей қалмайтын еді-ау» деп те күйзелген Секер батыр.

\* \* \*

Ашаға болыс болған Тілеуғабыл осы тізгінді имене ұстағанда именетіні жалғыз Секер болды. Алты ру ішіндегі өз сарыүйсініне ауылнай болған Секер сол сарыүйсінге ғана емес, күллі Аша еліне болыс сияқты танылды. Бұрыннан Әулиеата уезіне белгілі, ел арасындағы істерге көп араласқан, батырлығы мен тапқырлығы тең, бетіне ешкім де тура қарай алмайтын кедейден жеке дара шыққан көкжал еді.

Тілеуғабыл да қасқырдың бөлтірігіндей Секерден тайсақтағаны болмаса, жан-жағындағы бұрыннан болыстанған, тізесі батқандарға шақарлық жасап жатты. Ептеп Секер жинастырғаннан қалған, басқа байларға малай болып жүргендерді ақысын өндіріп, өзін үй-ішімен көшіріп, қол астына алды. Ол алғашында турашылдау болып көрінгенімен, кейінгі кезде онысынан тая бастады. Аша болысына қарасты алты ру елді жныстырып, бәрін дайындаған ер Секердің тірлігіне не болған Тілеуғабыл батырдың да қолынан қақпады. Дұрыс болсын, бұрыс болсын, не істесе де сенікі былай дей алма-

ды. Одан барынша ықтап жүруге тырысты. Өйткені, Секерді Аша елі ғана емес, төңіректегі болыстардың елдері де Тілеуғабылдан артық сыйлайтын еді. Сондықтан да ел арасындағы көп істерді би-болыстарсыз-ақ Секердің өзі шеше беретін. Тілеуғабыл көзге жалпылдағанымен әлгіндей әрекеттерге үнсіз өшігіп, іш қызғанышы күннен-күнге күшейе түсті. Ол жоқ жерде әркім-әркімге қоразданғанымен батырдың айбынынан ықтап, маңайламауға тырысып жүрді.

Секерді көре алмаушы жалғыз Тілеуғабыл емес, бәле ағайыннан шығады демекші, оның абырой-атағы асқан сайын ағайындары қарадан хан болғанын көре алмай жанын қоярға жер таппады.

Аша елінің тіршілігі осылайша іштей атысып, бірідұрыс, бірі бұрыс болып өтіп жатты.

\* \* \*

Бір оңаша отырыста Тілеуғабылдың Секер батырды іштей жек көретінін және именетінін сезетін Серкебай: — Осы Секер менің туысым ғой, болыс сіз түгілі ауыл қариясы маған да жақпай жүр,— деді.

— Неге? — деді Тілеуғабыл. Болыс әуелгіде шошына сөйлегенімен, сәлден кейін ойын ілгері жалғап, — Ол өзі тым білермен, біздің сарыүйсін түгілі күллі Аша елі соның аузына қарайды екен.— Мына сөз Серкебайдың есек дәмесін күшейте түсті.

— Бәсе десеңізші, Аша болысы сіз емес, сол сияқты ел арасындағы істерге өздігінен араласып кете береді екен,— деп бай одан сайын сиқырлана сөйлеп, пікір тарта түсті.

— Аша елі болыс болар ма еді, болмас па еді, елімізді болыстандыруда Секердің еңбегінің бар екені рас қой. Соған еркінситін шығар,— деген Тілеуғабылдың астарлы сөзі Серкебайдан да асып түсті. Серкебайдың ойы белгілі, кәйтсем Тілеуғабылдың шымбайына тиіп, Секермен тезірек өшіктірсем екен деген жәдігөй ойы маза бермей отыр.

Иә, Серкебайдың Секер батырдың болып-толғанып көре алмай, көзіне көк шыбын үймелеп жүргеніне жарты жылдай болған. Бұл өзі сарыүйсін ішіндегі бардам атасы. Өзі төрт ағайынды, үлкені осы Серкебай, Ағайынды төртеуі де жуандар қатарында. Бұрын Аша елі

өзінше болыс болмай тұрғанда сарыүйсін біткен жер осы Серкебайдың аузына қарап, ол бұған барынша дандайысып, көтеріліп қалған. Бұл уақытта Секер тек сарыүйсін емес, Әулиеата уезіндегі ел арасы істерімен болып, өзі аулының қам-қаракетіне үстірт араласатын. Қазір енді өз ауылнай болғалы ауылы ашса алақанында, жұмса жұдырығында, еш тырп еткізбейді. Басқаға зорлық жасап үйреніп қалған Серкебайды бір-екі жерде бетінен қайтарып тастады.

— Малыңды баққан адамдарыңның ақысын жөндеп бер, біреудің қонысына зорлық жасама,— деген. Нашарлар жағында болып, солардың сөзін сөйлеу Секердің бұрыннан келе жатқан дағдысы.

Міне, содан бастап Серкебайдың ішіне қан қатқан. Сондықтан да мына Тілеуғабылмен мысық пен тышқандай екеуара ғана арбасып отыр.

— Серкебай, сенің маған айта алмай отырған бір сырың бар-ау деймін,— деді Тілеуғабыл оның ішкі қылқыбырын шығара түскісі келіп.

— Рас айтасың. Біздің де ата-бабамызды білесің ғой, құдайға шүкір, бұрыннан үзілмей келе жатқан баршылықтамыз. Сонымызға қарамай намысымызға тиіп жүрген мына атадан бұтақсыз келе жатқан жалғыз атты жаяудың көзін құртсам деймін,— дегенде орнынан атып тұрған Тілеуғабыл:

— Онда атаңның басына ақылдасып отырсың ба, туыс сенікі ғой,— деп үйінен қуып шыққан.

Содан бері Серкебай не істерін білмей, «Тілеуғабылдың мына сөзін қай жағына жатқызсам екен»,— деп делсал болған арамза ойдың үстінде жүрген.

\* \* \*

Күздің суық күні... Сарғайған шөптің жапырағының бірі үзіліп түссе, енді бірі өз бұтағына ілініп, әрең тұр. Мерзімі жеткенде жанды-жансыздың біреу түсіндіріп жатпай-ақ табиғат заңына бағынатыны белгілі. Қысқа берік, ұзыншалау шөптер — теріскен, еркек, ақтаспа, изен, жусан, алабота, «енді күнің бізге қарайды» дегендей құлпыра түсіп, өзінше бір ажар тапса, торғай оты, көде, ебелек сарғайып, қуаң тартып, «енді бізді қар басып қалады-ау дегендей, уақыт үкіміне бас игендей. Жер нәсібелі байлардың малы да ет алып, иелерінің

көзі тойса, алысты көріп, алысты ойлайтын кім бар дейсіз?!

...Кешкі ауыл көрінісі... Бала біткен тай мініп, қозылақ, бұзау қуса, шаруа адамдары малдарын кешке қарай қоралаудың қамында жүр. Әйелдер де әдетінше кешкі астың қамын қамдап, еркектерінің ертеңгісінен гөрі кешкісін көңілді болуып қалағандай. Ауыл иттерінің күшіктері шәуілдеп, үлкен ит көргенде құйрығын бұландатып, еркелей жата кетеді. Үлкен иттерде өздерінше қауымдасып, арлан төбетіне бағынып, мезгілсіз үру мен мезгілсіз жүруден тылады.

Осындай кешкі абыр-сабыр уақытта қасында екі-үш қариясы бар Тілеуғабыл болыс төбенің басында әңгімелесіп отыр. Бұрынғыдай емес, Аша елін көдімгідей игеріп, өзіне-өзі келіп, қолы аузына жетіп, Оулнеата уезіне де белгілі бедел несі болып, толықсып қалған. Әлгі «семіздікті малда қой ғана көтереді» демекші, адам баласы бардам болып, әкімшілігі қабат жүрген сайын «ұлық болсаң, кішік болу» қайда, ар алдында көзіне ет бітін қала бермек. Осындай кейіпте пестеніп әңгіме айтып отырғанда:

— Болысеке, бір қарайған ауылды қабырғалай қарандап өтіп бара жатыр, жүрісі ұрының жүрісіне ұқсайды,— деді болыс жігіті Қойбағар.

— Бар, кім де болса осында алып кел! — деп бұйырды әлгіге Тілеуғабыл.

Не керек, әйтеуір ымырт жабылар-жабылмаста әлгі қарандағанды ертіп келді. Бұл Омбай екен.

— Оу, жолың болғыр, аруақ аттағандай ауылдан ағып өтіп, қайда кетіп бара жатырсың?! Алдында сен жетіп қонатындай ел жоқ. Жоқ, әйтпесе, сенің жымысқың бар еді, сондай бір бәлені көздеп барарсың ба? Өйтпесең келмейсің бе, сәлем бермейсің бе, қымыз ішіп, үйге қонбайсың ба? Еншіміз бөлінбеген қазақ емеспіз бе? — деді Тілеуғабыл.

Омбай атынан түсіп, үйге келіп жайғасқаннан кейін болыс:

— Осы сен халқымыздың «еншіміз бөлінбеген қазақпыз» деген сөзінің мәнісін білесің бе? — деді.

— Жоқ,— деді Омбай.

— Білмесең мен айтайын, қазақтың үш баласы енші бөлісіп аларда үшке бөлінетін еншіні төртке бөліпті дейді. Үш бөлігін ағайынды үшеуі алыпты да «мына бір



бөлік біздің бөлінбеген еншіміз, қонакасымыз болсын депті. Біздің қазақта қонағын құдайдай күтетіні сондықтан. Егер өзін жөндеп сыйламай, атына шөп бермесе, айып төлейтіні де бар,— деді Тілеуғабыл. Омбай ауылға келмейін деген жоқ, келуге батпай бара жатыр еді.

Өткен қыста осы Омбай жолаушылап келе жатса, қасында екі қариясы бар Тілеуғабыл қарсы жолығады. Амандасып болған соң:

— Оу, болысеке, қайдан жортып келесіз,— дейді Омбай.

— Мен жортатын саған аң ба едім,— деп болыс қамшының астына алады. Қасындағы екі қария ара түсіп, әзер дегенде ажыратып, ат-шапан айып төлетіп зорға басқан. Міне, содан бері Омбай Тілеуғабылдан қашқақтап жүретін.

Түн ортасында болыс аулын қырағы көзбен қарап жүретін Қойбағар байлаулы аттар тасасынан қараңдап жүрген біреуді байқап қалады. Ұры ма деп қауіптенген ол артынан барып қапсыра құшақтай алса, ауылға қонып отырған Омбай екен. Қойбағардың салған шөбіне қанағаттанбай, атым аш қалама деп атына ұрлап шөп салып жүр екен. Омбайдың сол әрекетін ертең-ерте Тілеуғабылға айтады. Бұған ашуланған болыс:

— Омбайға сөз жоқ екен, иттің баласын көгендеп қой,— деп болыс оны көгендетіп, алдына шөп салдырып қояды.

Келесі күнге дейін-ақ «адам баласы істемеген істі Тілеуғабыл істеді» деген сөз елге тез-ақ жайылып кетеді. Осыны естіген Секер батыр Тілеуғабылға адам жібереді.

— Мен көшіп-қонып алайын деп ем, соған көлігім болмай тұр. Тілеуғабылдың көгенінде көгендеулі көлігі бар дейді, соны бере тұрсын,— деп батыр кекетеді. Не айтарын білмей сасып қалған ол Омбайды босаттырып жібереді. Кейін Секер Омбайға кездескенде:

— Жазған-ау, сені мал құсатқаны несі? — депті. Сонда ол:

— Бәрі бір Тілеуғабылдың зорлығынан жақсылығы көп болды,— деп ұялмай жауап берген дейді.

— Бүйткен жақсылығының жолы болсын, сен де бардан жоқ бір нәрсе екенсің,— деп Секер жүріп кетіпті.

Омбай Верный қаласындағы бір бай дүңгенге малай болып жұмыс істейді. Дүңген халқының әдеті бойынша сырттан жүрген жалшысын алтынды көз алдында бір тиынан өсіре отырып, оның адалдығын сынайды екен. Омбай бір айға жуық алтынға тимей жүреді де бір күні алтынды ұрлап алып қашады. Қай жақтан келгенін бұрын байқамай айтқан ол Шоқпар тауында тығылып біраз жүреді.

Бай дүңген Омбайды іздеп Аша болысы Тілеуғабылға келеді. Омбайдың сондай жымысқы екенін сезіп:

— Менің адамымды малайлыққа жұмсап, оны өзін өлтіріп алып, өтірік іздеп жүрсін, адамымды тауып бер,— деп әлгіні сабатып-сабатып алып, екі күн қолда ұстайды. Оның үстіне оязға апарамын деп қорқытады. Араға адам салып әрең құтылған дүңген босанған бойда «өзіңнен зор шықса, екі көзің сонда шығар» дегендей, Омбай түгілі өз басымен әлек болып, аулына қайтып кетеді.

Омбайдың «Тілеуғабылдың зорлығынан қолдауы көп» деуі осыдан екен.

\* \* \*

Серкебайдың арамзалығы ойы мен бойын түгел билеп, көңілінен шықпай-ақ қояды. Секер жалғыз Серкебай емес, сол сияқты сасық байлардың малын бағып жүрген малайлар мен нашар, кемтарлардың сөзін сөйлеп, соларға қамқорлық жасап отырды. Жер дауы, жесір дауы, суат, еңбекақы дауы сияқты жуандардың пайдасына шешіліп жүрген әрекеттерді жөнге салып, кінәлілерді тәртіпке шақырады. Ойына келгенін алмас қылыштай сөзбен де, күшпен де кесіп түсіп, бетіне ешкімді қаратпайды.

Сарыүйсіннің ақылына сенбей, көз алдындағы болар болмас малына сенген байсымақтары алыстан үрген иттей Секердің сыртынан талай өсекті таратып та жатты. «Өзі атадан жалғыз, кедей болғандықтан кедейдің, әлсіздің сөзін сөйлейді» деген сияқты алыпқашты көп сөзді сапырумен болды.

Бір күні Серкебай белді-белді деген бас көтерерін үйіне шақырып, сыйлап жіберді. Ондағы арамза, мысық ойы бәрін бір жобаға келтіру.

— Мына іштен шыққан шыншыл Секерді неғыламыз?

Ол бізге күн көрсетпейтін болды ғой. «Басқа ұрса — көндік, көтке ұрса — өлдік» демекші, қашаңғы тізесі бата береді? Бәріміз бірігіп, оның көзін жойсақ, іздері кім? Өздерің білесіңдер, арғы атасынан жалғыздап, бұтақсыз келеді. Жанашыр ағайын дейтін онда ағайын да жоқ. Оны жақтайтын да, құртатын да біз емес пе? Жалғыз інісі Бүйенбай болса әлі оң қол, сол қолын тани қойған жоқ. Тек Секерден именіп, соның құйрығына кіріп жүргендер бар. Оларға жайыңа жүр дейміз де. Бай болып, малы болса өз малын өзіне шашып, оны жоқтар еді. Оған ол жалғыз атты кедей.

— Секерді жоқтайтын тек қана нағашысы Сыпатай еді. Ол да дүниеден қайтты. Ендігі қалғандары өңкей бала-шаға, істің көзін таппайды, — деп Серкебай Сарыбәйбішенің аруағын шақыра сөйледі. Секердің Сыпатай батырдың туған жиені екені де рас еді, сол арқылы ел-жұртқа, оязға да танымалы болатын. Серкебай бәрін алыстан ойлап, алыстан кесіп-пішіп отыр.

— Екі әйелдің баласы екі рулы ел демекші, Бәйдібек бабаның екінші әйелі Зеріп пен үшінші әйелі Домалақ енеге қарағанда Сарыбәйбішеден туған біз жоқтың қасымыз. Аз ғана сарыүйсін бір-бірімізді бөліп-жармай, іштен шыққан бір бас көтерердің көзін жоймай-ақ, арамызда бір тентек жүре берсе болмай ма? — деп ашық айтты Есім.

Бұл Есім Секерден Серкебайға жақын, бір ата Сарыүйсіннің Қожабергені еді.

— Әй, саған сөз берілген жоқ. Үлкен отырып, кіші сөйлегеннен без деген, сен Секермен тек жолдас қана болған адамсың. Екі туып, бір қалғаным дейсің бе? — деді Серкебай.

Осы рудың Секерден кейінгі әділет жолындағы бас көтерері Есім болатын. Тағы өзі Секермен бірге жүріп, содан тәлім-тәрбие алған. Әрі ойындағысын еркін айтатын беттінің бірі.

— Тағы да жаманның дүние тапқанға кемдігі жоқ деген, бәрің жиналып алып Секердің сыртынан ауыздарыңа келгенді айтып отырсыңдар. Бәрі бір біздің Сарыбәйбішеде оған жететін адам жоқ. Сендер батырдың бағасын білмей отырсыңдар. Ол жоқ болса көрер ем. Әлі де болса жотамыздың жонданып отырғаны соның арқасы. Ауыл иті ала болса да бөрі көрсе бірігер деген, әлі де болса қалың Дулат Секерден ығып отыр. Ол жоқ

болса көрер ем күнінді,— деп Есім тағы қайталап өткірлік көрсетті. Бірақ сөзінен қолы жылдам есер дүрмек уағын ғана ойлады. Есімнің сөзінен Серкебайдың сөзі отырған жиынды аузына қаратқандай болса да ойларын бір жерге қорыта алмай Есімнен сескеніп тарасты.

\* \* \*

Әулнеата уезінің шақыруымен барған Аша елінің бас көтерері өзбек шайханасында шәй ішіп, әңгіме-дүкүн құрысып отыр. Келгендеріне бір аптаға жақындаған. Қолпаш иесі болып қалған орта бойлы, төртпак келген, қызыл шырайлы, дөңгелек бет сұлуша жас жігітті «болыс-ске, болыс-еке» деп шай ұсынып, палау мен мантисын да «алың, алың» деп бір аспаз өзбек бәйек болып жүр. Бұл болысты бұрын көрмегендері болса, жаңа құрылған Аша елінің болысы қандай екен дегендей, «түр-түсті, келбеті келген екен, бірақ руы Боққайнат деген нашар ат екен, боқ дегенге келеді, болыстың аты келбетіне лайықсыз екен», десті өзбектер. Осы мезетте мұртты, сыпа келген, бойы ортадан биіктеу бір өзбек жігіті:

— У-а-а, болыс-екем, мына шапанды сізге кигіземін деп әдейі арнап тіктіріп едім,— деп болыс Тілеуғабылдың үстіне жапты. Бұған аң-таң болған қасындағы жолдастары мен ояздың шабармандары:

— Құтты болсын, тура саған арнап тігілгендей екен,— десіп жатты.

Тілеуғабыл бір жаққа шығар сапарында, немесе қайтар жолында әрдайым Секерге барып, сәлем беріп кететін. Сол әдеті бойынша осы қайтар сапарында да сәлем бере үйіне кірді. Әулнеатадағы ел арасы әңгімесін тыңдап болған соң «мына шапаның мол да кең тігілген екен, біз сияқты қарияларға жарасатын түрі бар»,— деп Секер бастан-аяқ бір шолып өтті.

— Батыр, көзің үстімдегі шапанға түскен екен, үйге кніп барып, Дәулетке бір көрсетіп қайта әкеліп берейін,— деді. Дәулет деп отырғаны өзінің бөйбінесі.

Тілеуғабыл үйінен кетісімен Әулнеатаға бір адам жіберіп, соның шапаны түстес өзбекшай мата алдырды.

— Малды шартық бұзады, адамды қортық бұзады. Тілеуғабыл бойына қарамай әйел құмар той, осы матаны сен дамбал ғып кніп ал,— деп ақ тоқалына кигізген.

Аша елінің бір бардым шаруақор адамы ел аралап жүрген өзбек саудагерімен тамыр болады да оның біраз затын саудалап қоюға алып қалады. «Сарт қарағанға бақ қарайды» деп қуанған байғұс не керек, әлгі саудагермен даулы болады. Қалдырмаған затын — қалдырдым, орнына алған малын алмадым деп жылпос саудагердің дауы осылай басталады. Осы дауды шешу үшін Тілеуғабылмен жең ұшынан жалғасып, ақыры жылпос сәудегер айтқанын өндіріп алады. Мына шапанды да кигізген сол сарт болатын. Осыны сезген Секер әдейі кекетіп сұраған-ды.

Бір күні Тілеуғабылдың ойында түк жоқ Секердің үйіне шапанды беруге алып келеді. Әйелжапды неме ақ тоқалдың сыртқа кіріп-шыққаны мен отырыс-тұрысын бағып отырғанда өзінің шапаны түстес матаны бұтынан көреді. «Мә-ә, мен киген шапанды да көп көрдің бе? Мен әйелдің дамбалын кимеймін» деп шапанды лақтырып тастап кетеді. Бірақ кейіннен бұл шапанды қатынасқан біреуден беріп жібереді. «Ақ адамды қаралап, пәреге жығылып едің, енді содан шапан киіпсің» дегендейін емеуірінді Тілеуғабыл сезген де жоқ.

\* \* \*

Аша болысына қарасты бидің бірі Досқожа Жиепбеттен шыққан ірі бай болмаса да өз шаруасы өзіне жетерлік. Жуандар қатарынан байлықпен көрінбесе де, билігімен, батырлығымен көрнекті. Бұдан бұрын, яғни бозбала күнінде домбыра тартып, өлең айтып, ел арасында сауық құрып, бір жылға жуық жоқ болып кетеді. Сөйтіп хабарсыз кеткен соң оны өлдіге санап, енді жылын беруге дайындалып жатқанда көктен түскендей өзі келе қалады. Содан кейін қатын-балаға не болып қана қоймай, ел арасындағы шаруаға да араласып жүргенде Аша болысы құрылды. Сайлауда төрт бидің бірі боп сайланды.

Досқожаны халықтың «сегіз қырлы, бір сырлы» деп атауының да өзіндік сыры бар. Секерге лесіп батырлық та істеп кетеді. Ел арасындағы билікке де араласады. Өлең айтып, домбыра тартып, салдық құруына қарай қыз-келіншектердің әзіл қазжыңына ұрынуы да тегін емес-ті. Міне, сондықтан да елінің жоғын жоқтап, мұның мұндап жүрген жеті жүз түтін Жиепбеттің бетіне ұста-

ған төртінің бірі. Секер екеуі бір күндері осы Аша елінің өзінше ел болуын армандаса, оның құрылғанын көзімен көріп, оны құрысқан ер-азаматтың еңбегінің еш болғанына қатты өкінеді.

Әрине, аздың аты — аз. Дулаттан тараған Шымырды айтпағанда Шымырдың Бекболатынан тараған Оршыбек датқа мен Байболат болыстың туыскансып Жиенбетке іш тартқанын көзі көріп отыр. Соның әсерімен осындағы төрт бидің үшеуі Жиенбеттен сайланды да Секер ең болмаса би болып та сайлана алмай қалғанына өкінеді, есіл ердің еңбегінің еш болғанына қайран қалып, өкінеді.

Ауылы аралас, қойы қоралас дегендей бір-біріне көрші болған соң үзенгі жолдас. Алыс-алыстағы ұзақ жорықтарға талай бірге шыққан. Секердің алдынан қия өтпейтіні де сондықтан. Тоғыздың көлінде отырған Досқожа мен Дүйсебай дуана ауылдас болса әрі ағайын да.

— Осы, Досқожа, сен би болғалы ойдағы елдің хал-жағдайын біліп тұрсың ба? — деді Дүйсебай бір күні.

— Жоқ, әзірге айтарлықтай хабар естімедім, — деді Досқожа.

— Өзі болған қыз төркінін танымайдының кері келіп жүрмесін. Бар бардам, зорлықшының сөзін әркім-ақ сөйлейді. Жоқ, жұқана, әлсіз, момындар сөзін білген адам сөйлейді. Ондай байқұстар басына түскен мұнды да айтуға батпай, бұғынып жүреді, — деді Дүйсебай. — Тағы да байдың сөзін сөйлесең байлығына берілді, әлсіздің сөзін сөйлесең шындығына жүгінді, дейді халық. Сондықтан сен түрік құлақ, сергек болғанда ақиқатқа қарай болғаның жөн деуі сонау Шу бойында отырған халықтан бір дық бар екендігін мезгеп отырғандығы. Біріне-бірі сұқ қолын салса жемтік іздеген құзғын құсап кейбір би болыс бардам адамның сөзін сөйлейтіні рас. Сол жерін ескертіп, сондайдан аулақ бол дегендей айтты.

Досқожа Дүйсебай дуананы басынан сыйлайтын. Ел оны баланың сөзін айтады деп әлде кімге санайтынын да біледі. Танитын адамдар да бір-біріне зорлық қылады екен-ау ә деген сияқты сөздерінен ел оны солай жорып кеткен. Міне, осы дуана Досқожаға тегін айтып отырған жоқ. Зорлықшыл, өктем топтар Досқожаның бірінші білегінен именсе, екіншіден билігінен именетінін сезіп ескерткені болатын.

Серкебайды өз аулы Секер тұрғанда қария деп сыйлаудан қалып бара жатқанын сезген сайын ішін у жалап барады. Осы зәр оянса ойынан, ұйықтаса түсінен кетпей қойды да қайтадан оған қарсы-ау деген адамдардың бәрін жнып, көнбегенін көндіріп, тату ағайынды шағыстырып бақты.

Әрине, азғырса көнбейтін адам бар ма? Бір қара қойды сойдырып, қолдарын соның қанына батырып отырып, ант үстінде баталасты. «Секерді өлтірсем, Тілеуғабыл болыс қуанғанынан маған соның ең болмағанда ауылнай орнын берер» деп дәмеленді. «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзар» — демекші мұнысы болмады. Серкебай ауылының бәріне «болысты көндірдім, бұл жалғызды енді кім жоқтар екен?» деп төтелеп пішті. Әр атадан бір-бір адам шығарып, Секерді өлтіруге төрт адам дайындады. Өзінің үшінші інісі Қоқамбайды, басқа аталардан Үркімбай, Көкі, Бақытайды шығарды да Аша елінде емес, Әулиеата төңірегінде өлтіруді жөн көрді. Ондағы сылтауы сол жақтан біреу-міреу өлтіріп кетті демек. Бұл өлтіруге шыққандардың балығы да үш-төрт кісілік, палуан шатыс, ойсыз қатыгездер еді.

Осындай әрекеттен кейінгі өмірлерінің өзі олар үшін қандай азап болатынын ойлаған ба? Әрине, жоқ. Әулиеата жаққа қарай жаңағы төртеуі Секерді ортаға алып, алдаусыратып келеді. Аңғал батыр осы төртеуінің оған ажал болып қосылғанын қайдан білсін. Ападан жаңа туған баланың мны ақ қағаздай болады демекші, оның көңіліндегі пәктік сенім сәбидің пейіліндей таза, ағайын арасы деп келеді. Талас өзенінің бойына жеткен соң осында бір несіз, ескі жұртта қалған дуал үй бар болатын.

— Мына дуал үйге кіріп мына уезге апарып өткізетін шөпауыз салықты саналық,— деді Бақытай Секерге.

— Сендер санамап па едіңдер? — деді ойында еш арамдық жоқ Секер.

— Біз санасак та сіз қайталап тағы бір санап шығыңыз. Санағанымыз кем шығып, екі ортада ұятты болып жүрмейік,— деді тағы да Бақытай.

— Онда мейілдерін,— деп Секер атынан түсіп, дуал үйге кірді. Өмірінің ең соңғы сәттері екендігін аңғал батыр қайдан білсін. Дуал үйге кірмей тұрып:

— Секерді өлтіруге көзін қымай тұрмын,— деп Бақытайға Қоқамбай сыбырлады.

— Секерді көрсең жалтақтап батпайсың, сыртынан өлтіремін деп уәде бересің,— деді Бақытай.

Осылай сөз байласпай бесеуі де дуал үйге кірді де орамалға түйілген ақшаны санаңыз деп Секерге ұсынды. Жүресінен отыра қалып Секер әлгіні санай бастады. Екі жаққа бөлініп отырған төртеуі бір-біріне ымдасты. Секер батырдың желкесінен Бақытайға көрсетіп, алмас пышақпен ұр деп ымдайды Қоқамбай. Әрі қымай, әрі бата алмай отырған Бақытай да оған «ұра алмаймын» деген белгі берді. Осы кезде қынынан пышағын суырып алған Қоқамбай Секер батырдың желке тұсынан салып кеп қалды. Қан шашырай атып тұрған Секер артына бұрылып Қоқамбайды тұмсықтан періп жібергенде алып денесі есік жаққа ұршықша ұшып барып Бақытайды басып қалды.

— Өлтірсек те өлдік, өлтірмесек те өлдік, жабылыңдар,— деген Қоқамбайдың аңы даусы шықты.

Алғашқы ет қызумен екеуіне ауыр жарақат салған Секер батыр мойын омыртқасына дейін кесілсе де төртеуін төрт жаққа лақтырып, бой бермеді. Бірақ бірте-бірте қансырап әлі қашқан қайран ерді төрт төбет немелер ақыры жабылып жүріп астына басты.

— Мені өлтірмендер, жұлыным аман, жазылып кетермін. Егер өлтірсеңдер қалың дулатқа жем боласыздар. Өзін-өзі өлтірді деген, түптің түбіне дейін Сарыүйсіннің бетіне салық, көжесіне қатық болады,— деді әлгілердің астында жатқан Секер батыр. Қансырап, әлі қашып бара жатқан соң мейірімсіз дұшпандарына тағи айқайлады:

— Мені ақыры өлтіретін болдыңдар, өзін-өзі өлтірді деген Сарыүйсіннің бетіне салық болмасын, менің өлігімді осы төңіректе тұратын бестерек Мәдімардың аулына апарып тастандар. Ояз содан көріп жатсың,— деп ең соңғы сөзін әрең айтып, жан тәсілім берді. Қан-жынға тойған бұралқы иттерге ұқсап денесінен басын бөлек кесіп алған олар жынданған адамша не істерін білмей біраз тұрды да ақыры денесін көме бастады. Осы кезде «Секер бауырым-ай, бауырым-ай... күнім енді не болды?» — деп ойбай салған Бақытай басты ала сала атымен шаба жөнелді. Қалған үшеуі құтырған иттей қуыл кетті.



Түннің бір уағында ақырын бала құсап, өзіне ыңғайсыз іс болса да Серкебай ұйықтап жатқан Тілеуғабылдың аяқ жағында табынған адамша жүресінен отыр. Оятуға дәті жетпеді де қасында жатқан әйеліне:

— Болысты оятыңызшы, жасырын айтар сөзім бар еді,— деді.

— Түи ішінде ұры құсап жүрген бұл кім? — деп басын төсегінен ақырын көтерді Тілеуғабыл.

— Мен ғой, болыс-еке, әлгі сізге қарсы бола беретін Секерді өлтірттім. Шүйіншіге соның орны — ауылнайлықты маған беретін шығарсыз,— деді Серкебай.

Жай, бейкам отырған Тілеуғабыл:

— Не дейді мына иттің баласы, ерен ерді қалай көзің қиып өлтірттің? — деп жан-жағына қол жүгіртін еді, қолына өзінің кебісі іліне кетті. Сол сол-ақ екен, кебісімен басынан тартып жіберді. Кебістің темір нәлі тасқа түгендей Серкебайдың шекесіне шақ ете түскенде көзінен от жарқ етіп, орнынан көтерілгенше бет-аузын қап жауып кетті.

Әншейінде алшандап, еркін жүретін Серкебайды сол алғашқы түннің өзі-ақ Секер батырды жоқтатпай қойған жоқ. Секердің тірі күнінде сарыбәйбіше тұқымының алдынан қия өтпейтін Тілеуғабыл оның ең жуаны Серкебайдың басын жарды. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек салады» демекші, соның бәрі Секердің дүмпүй екенін ойлады. Қолда бар алтынның кәдірін білмегені сол таяқ жеген күні-ақ бармағын тістетті. Сол хабардан кейін Тілеуғабыл болған жайдың жай-жапсарына, анық-қанығына көз жеткізген соң іле-шала оязға хабаршы жіберді. Сөйтсе, бұдан құлағдар болған ояз да сол Әулиеата базарында өзінен-өзінің әпшісі қуырылып, сасқақтап жүрген төртеуін ұстатқан екен.

«Арғы атасынан бері жалғыздап, бұтақсыз келе жатқан Секерді жоқтайтын кімі бар?» деген ой бекер болып шықты. Секермен іштей араз болып жүрген Тілеуғабылдың өзі жоқшы болса, арғысы ояз сырттан құлақтанып, ақыры кісі өлтіргендерді қолға түсірді. Батырдың кәдірін сарыүйсіндер білмесе халық біледі екен, халық таниды екен. Жаман туыстан зерек дұшпан артық деген, жаманға туыс басына іс түскенде керек, ал жақсылар

туыстың ыстық-суығына көне отырып, туыстығын сақтайтыны баршаға аян.

Тілеуғабыл Секермен іштей араз болса да Секер Ашаның Секері, одан әрі Әулиеатаның Секері екенін танып, арыға қимайтыны белгілі болды. Зерек дұшпан деп Тілеуғабылды айтса керек. «Қолың барып қалай ғана өлтірдің» деуі әрине, қимайтындығын байқатады. Аздан шыққан жеке дара байтеректей Секер сарыүйсіннің ғана Секері емес екендігі ол өлген соң сезіліп, өз аулына ой салды. Оны өлтіруге ақылшы болған, көзінің алдын ғана көріп, арғы жағын көрмейтін, істің бер жағын ғана сезіп, арғы байыбына бармайтындар да өздерінен-өздері отыз жетіге жаңадан келген «Секер батырымыз біздің асқар беліміз екен ғой» деп іштерінен тынды.

Секер батырдың өлер алдындағы ақтық сөзін естіп, сезімді ел ағалары қаншама қайғырды десеңізші. Шіркін, шын жүйрікке баға жетпейді ғой. Өлуге сәл-пәл қалғанның өзінде «өзін-өзі өлтіріпті» деген сарыүйсін елінің бетіне шіркеу болады, сол үшін менің сүйегімді бестерек Мәдімардың аулына апарып таста» деуі кімді болса да ойландырып, тебірентері хақ. Осындай алтынға бергісіз ақтық сөзін төрт құзғын орындады ма? Әрине, жоқ. Өлтіріп алып жын ұрғандай бір-бірімен бауырымдап көрiстi. Елінің, жерінің намысын ойлаған батыр шыбын жаны шығардың алдында «мені өлтірсеңдер де сендер аман болындар, бірақ өлтірдік дегеннен тайындар» деуінің өзі оларға сабақ болмады. Керісінше, төрт құзғын да қылмыстарын мойындап, «бауырымдап» жылаумен болды. Ақыры төртеуі де итжеккенге айдалып тынды да кейіннен Үркімбай қашып келіп еді, ояз қайта айдатқаннан кейін оралмады.

\* \* \*

Секердің негізгі жоқшысы Әулиеата оязы болды да оны өлтірген төрт құзғынды итжеккенге кісендетіп айдатып жіберді. Ел ішінде Тілеуғабыл болыс өлтіріпті деген өсек қалды. Оның Секермен іштей араз екенін пайдаланып, Серкебай арамзаның өзі өлтірткені, сарыүйсіннің өз іші анық біліп, бүгінге дейін «өзін-өзі өлтірген, бас көтерерін бауыздаған сарыүйсін» деп түңіліп отырады халық.

Секердің жаңадан жігіт болып қалған інісі Бүйенбай батыр болып өседі. Бірақ ол еліне өкпелеп, ел арасындағы істерге қатынаспай, жалғыз атты жеке жүретін қарақшыға айнылып кетеді. Алыс-алысқа көп аттанады, оның ішінде Тарақты еліне көп зобалаң салады.

Бір кездері Секер батыр сол елдің ауыл қариясымен тіл табысып, үш жолбарыстың терісін сыйға тартса, керісінше інісі Бүйенбай сол елдің қаншама малын алып, ығырын шығарады. Осы Тарақты еліне қайта-қайта тыныштық бермеген соң Әбиір деген баласы:

— Жасың болса жетпіске келді, ендігі жерде ұрлығыңды қой,— деп әкесі Бүйенбаймен айтысады.

Жыл сайын Тарақтыға аттанасың,  
Бір жылқы алып келсең мақтанасың.  
Жасыңнан елдің малын ұрлап өттің,  
Сұрағын қайтып бастан атқарасың,—

дейді Әбиір әкесіне. Бірақ Бүйенбай да Секер сияқты ерен батыр болмағанымен ағасының қысасымен «өлсем де жеке өзім өлейін» деп өзінің елі сарыүйсіннен қашып-қашып жүріп, атақты жорықтарда көрсеткен ерлігінен гөрі қарақшылығы басым болады. Әрі өзі ақын да екен. Баласы Әбиірмен айтысқанда Секер ағасын көп жоқтайды:

Жылыстап жаңа келдім жетпіс жасқа,  
Секерді көп жүргізбей, қиды жаста.  
Қастан боп өлтіргендер баталасып,  
Сондай-ақ неғып еді қарындасқа.

Қолымнан қайран Секер кеткеннен соң,  
Басыма түсті тұман арылмасқа.  
Ашаны тұтасынан қайырып ап,  
Шіркін-ай, туып еді жөні басқа.  
Басыңды Секер құрап қосып еді.  
Жүруші ең әр болыста басқа-басқа.  
Әр болыс қол астынан жиын құрып,  
Бұл елді кетіп еді әркім сұрап.  
Елді құрап, Ашаны болыс қылды,  
Батырдың қылған ісін құдай оңлап,  
Болғанда Секер тірі кек алып ек,  
Өжет болсын жау мейлі, көп алып ек,  
Олар тұрмақ би болды Сыйыр құттық,  
Қобылаң өткізбейтін шекара деп...  
Інісі мен Бүйенбай Секер ердің,  
Жігіттер талабы бар маған ергін,  
Жасыңдай көрі қойдың жасым қалды,  
Ілесіп меніменен жолды көргін,—

дейді Бүйенбай.

Осы айтыстағы бірінші шумақтың төртінші жолындағы «Сондай-ақ не ғып еді қарындасқа» деуінің де өзіндік себебі бар. Бұл «қарындас» деп отырғаны Тілеуғабылдың екінші әйелі осы Секер батырдың аулының қызы болғандықтан «қарындасымыз күйеуіне өлтіртті, неге қой демеді» дегені. Секер мен Бүйенбай Сыпатай, Андас батырлардың әкпесінен туғандықтан Секер кішкентайынан Сыпатайдың тәрбиесінде болады. Үлкен кісінің тәрбиесінде өскен бала ақылды болады демекші, оның Бүйенбайдан гөрі ел арасы ірі шаруаларға араласуы қисынды да, орынды да еді.

\* \* \*

Байболат Тілеуғабылды шақыртады да «Қорағаты өзеніндегі көмір артып келе жатқан адамынды өлтіргендердің ізі бері бізге қарай жүріпті дегенді естіп, біз де қатты ұялдық. Содан бері мен Пішпек уезіне қарасты болыстарға тыңшы қойып жүріп, адамынды өлтіргендерді әрең таптым. Ол Пішпек уезіне қарасты Шұбаркөз болысының жұмсаған ұрысы екен. Қазір мына Шу өзені тасып жатыр. Сол арнасына түскеннен кейін, шабыспай-ақ бітім жасағандарың жөн» деді. Тілеуғабыл Байболаттың ығымен жүретін әдеті бойынша «мейлі» деді.

Бұл кісі өлтіргендердің табылмай кеткеніне біраз болған. Тек қана Байболаттың Пішпек уезіне араболыстығынан және өзі туыс санап, жоқшы болғандықтан табылып отыр.

Тілеуғабыл алдымен Жиенбет руының жоқшысы әрі батыр Досқожа, Биқалмақ, Сарымбет, Қарақұл — осы бетке ұстар төртеуін Шұбаркөз болысына елшілікке жібереді. Ол осы уездің ішіндегі кәдірменді жас болыс екен. Мойындамай қойды. Қайтып келіп, Досқожа би бастаған осы төртеуі қасына оншақты қосшы алып, шабысуға жүріп кетеді. Бұлар басқасына тиіспей, ұры жұмсаушы Шұбаркөз болысы деп, тікелей соның жылқысын хабарсыз, көкжалша айдап қашты.

Төртеуі қосшыларына жылқыны ілгері айдатып жіберіп, өздері кейіндеп келеді. Осы мезетте астында шаппай жорғалайтын қара атының жүрісімен ғана қуып жетті болыстың өзі. Төртеуінен ағып өтіп барып, оқшау аттан түсе сала қолындағы үш сирақты мылтығын тезінен орнатып жіберді де:

— Жылқыны қайтарыңдар, әйтпесе, атамын,— деді. Оған Досқожа қасындағыларға:

— Төртеуіміз төрт жағынан ат қояйық, қайсымызды атар екен,— деп тұра шапты. Алғашқы оғы беталды атылған болысты тұрған жерінен Досқожа бір салып өтті. Ең соңынан ұрған Биқалмақтың шоқпары болысты біржолата сұлатты да аттан түсе салып: «Адамның құны адамнан артық емес» деп басын денесінен бөлек қылышпен шауып тастады да аяғындағы көк саптама етікті бір аяғымен өлі дененің кеудесінен басып тұрып шешіп алды. Ойсыз Биқалмақ көк етікті киіп, атын мініп алды. Бұған дейін болыстың соңында қалған көп қуғыншылары да келіп үлгірді. Төртеуі сытылып қаша жөнелгенде олар өлі денені көріп, «бауырым» деп бас қойып, сол жерде үймелеп қалды. Былай шыққан соң Досқожа Биқалмаққа: «мына қара жорға болысты өлтіргенімізге куә болады» деп жібертеді. Қуғыншылар жылқыны қумай, өлігін алып, аулына қайтады.

Пішпек уезі мен Әулиеата уезі дауға көшкен соң осы екі уездің ояздарының қатысуымен үлкен жнын болды. Екі жақтың адамы жарылып бөлек отырады да Аша жағынан бір адам, Шұбаркөз жағынан бір адам және екі ояз бен төрт адам ортаға шығып, дауды шеше бастайды. Өлген болыстың әкесі баласының жорғасына мініп, екі ортада ой толғап, ары-бері сенделіп жүреді. Дауда «біз тыныш жатқан ел едік, осыдан біраз жыл бұрын бір кісімізді Шұбаркөз болысының ұрылары өлтіріп, жазым іс болды,— деп кешірім сұраудың орнына олардың болысы жасырып келген. Одан кейін де бітім сұрасақ, мойындамаған соң аяғы осыған соқты,— деп Аша жағы мойындады.

Бұл ақиқаттан бұлтара алмаған Шұбаркөз елі жағы «сенің өлген адамың жәй адам, менің өлген адамым болыс» деп дауласты. Оған «адамның бәрі бір адам» деп Аша елі жағы да көп айқасты.

Даудың ең болар жері — түйіні Шұбаркөз елінің жылқысын, Аша жағы қайтарды да осымен өлген екі азамат құнсыз болып шықты. Болысты өлтіргендерге бостандық делінді. Сонда Шұбаркөз болысының құтпанды әкесі:

— Оу, халқым, жпырма беске жаңа жеткен жалғыз балам еді, қайтіп қана көзі қиып, қолдары барып өлтірді екен. Жылқы одан ары құрысын, баламды өлтірген

де менің балам, соны бір көрсетіндерші,— деп көзінің жасы алты тарам боп аққанда ердің басын көлдетіп әкеткендей бопты.

Бұл кезде Шұбаркөз болысын өлтірген Биқаймақты атын өзгертіп, «Қарабала» деп кетіпті ауыл-аймағы. Ол осы даудың бір қалтарысында отырды. «Адам өлтірушілер таптырмай, басылып кеткен істің бетін аштың» дегендей Байболаттың да қырық тоғыз жасында кездейсоқ өліміне осы Шұбаркөз ауылы себеп болады.

\* \* \*

Секер батырдың көзі тайған соң Тілеуғабыл болыс Аша елі түгілі төңірегіндегі Байболат болыстан басқасына шақарлық жасады. Болыс сайларда он сегіздегі жасын жиырма бесте деп өтірік ұлғайтып, сайлауға екен. Осы қатардағы болыстың ең жасы өрі өжет, беттісі болып келді. Сондықтан ол не айтады, бәрі-бәрі де орындалып жатты. Тек ол ғана емес, соған тән жанама ағайыны — өзінен төменгілерді жүндей түтіп, тізесін батырып-ақ бакты.

Шу өзенінің бойын жағалай отырған кедей, момын шаруалардың егіншілік кәсібiне де қол сұғып, біресе жерiн, біресе суын тартып алып дегендей зорлықты үсті-үстіне жасап жатты. Оның өз әрекеті — өзінше, әсіресе малайындағылардың қорлығы көп өтуге айналған. Болыстың жанама ағайыны — Нарымбет пен Зәуірбек деген жігіттер өз малайларына жерiн қоршатып, дуалдар тұрғыздырады. Осы дуалдар ішінде бірталай әлсіздердің де күн көріп жүрген жерлері кетіп, зар илеп қалған. Хал-жағдайларын айтып барғандарды Нарымбет пен Зәуірбек «сенің жерің емес» деп сабап-сабап жіберіп отырған. Сөйтіп, көп адам амалсыз шуылдап қалады. Осыны құмда отырып ұзынқұлақтан естіген Дүйсебай дуана дәлдел айтпасада Досқожа биге жалпылама жеткізген болатын.

Аша болысына қарасты алты рулы елдің де ең бай деген жуандарының бәрі бірдей жайлауда да, қыстауда да қырда отырған. Күн батысы құм қойнау, сексеуілді Ашаның жалына дейін, түстігі Аспараның шыбырына дейін, осы екі ортадағы жердің ең шұрайлысын байлар қоныс еткен. Ал кедей байғұстарға Қорағаты мен Шу өзенінің бойларынан жер беріп, маса-сонаға талатып қоя-

тын. Мұның өзін де көпсінгендей әлгілердің егіндікке ыңғайлы алқаптарынан алып, қырдағы байлар Шу бойындағы кедейлерге ортаққа беріп, жердің де түсіміне салмақ салып отырған.

Бір күні Досқожа би ойдағы Шу бойындағы елдің шетіне барып қонады. Сол күні түнде әркімге шағым айтып, сөздерін өткізе алмай жүрген екі-үш кедей келіп биге мұнын шағады.

— Олай болса, өз жерлеріңнің тұсына соғылған дуал қоршаудың барлығын көп жігіт жиып, бір түннің ішінде бұзып тастандар,— деп бұйырады би әлгілерге.

— Онда ертеңгі күніміз не болады? — деп қорқады жаңағылар.

— Ой, жолдарын болғырлар, соны істендер,— дейді би.

Сөйтіп, кедейлер көп жігіттің басын құрап, бір түннің ішінде әр қайсысы өзді-өзінің жеріндегі дуалды құлатып үлгірді. Ертеңінде Нарымбет пен Зәуірбек кедейлердің әпшісін қуырып, айкай шығарып жатқанда есік пен төрдей кертөбел атпен Досқожа келіп:

— Бұл не айкай? — деп екі жігітке қадалады.

— Оу, биеке, дуалды бұзып тастапты түнімен,— деп ағайынды екеуі қосарлана сөйлейді.

— Жер кімдікі? — дегенде,— біздікі,— деп ықтаған кедейлер жерге қарайды.

— Сендер біреудің жеріне неге дуал соқтырдыңдар, жоқ болмаса, біздің де жерді қабаттап қоршат,— деп олар сендерден сұрады ма? — деп Досқожа қызылшырайлы домалақ бетіне қар тоңып, мұз қатқандай қабағын шытына түсті.

Бидің бұл райын сезе қойған ағайынды екеуі де:

— Жоқ... жоқ... — дей берді.

— Онда бұдан былай осы ойдағы елге маза беріңдер. «Ит жоқта қораға шошқа үреді» деген, өй, өншеніттер,— деп Досқожа жүріп кетеді.

Досқожа елден естіген өсегі бойынша Секер батырды өлтірткен Тілеуғабыл дегелі онымен ішараздығы көбейе түсті. Бұрын «ит те болса ағайын ғой, оның үстіне болыс қой» деп жасы үлкен болса да айтқанын істей салып, басқаға істеген зорлығын көрмеген болып жүре беруші еді. Енді міне, сол мінезінен өзгеріп, қарсыласатынды шығарды. Әлгі туысқандарын тыйып тастағаны да Секердің өлімінен кейін болатын.

Өзінің Секердей серкесін өлтірген сарыүйсінді кім аясын? «Өзіп-өзі жамандаған жатқа қор болады?» демекші, жамандап қана қойған жоқ, өлтіріп тынған олар көресіні енді көріп, түстігінен күнтулер, батысынан шымырлар, шығысынан Жиепбет сияқты рулар қыса бастаған. Олар бұл сарыүйсіннің ата-бабасынан бергі шұрайлы, суатты деген ең құнарлы жерлеріне де не болуға айналған. Оған қарсы тұрып, бас көтеретін кім бар? Әрине, жоқ. Болыс Тілеуғабылға барайын десе, Дулатты айтпағанның өзінде, бәрі бергі шымырдың баласы. Кейбір құдық-көздеріне олардан бұрын көшіп барып отырып алады да, жайылымын жеп, көшіп кеткен соң ғана сарыүйсіндер өз жерлеріне не болып жүрді.

Дулаттың балалары бірігіп «Шу өзенінің жағасындағы сарыүйсіннің суармалы, шұрайлы жерлерін орыстарға сатады-мыс» деген де хабар шығып қалады. Өздерінше пыш-пыш деп күңкілдеп, өсек таратқандар әрі Тілеуғабылға батып айтатын ешкімі жоқ. Баяғыда өлтірткенін айтқалы бері Серкебайдың беті қайтып қалған. Мына хабарды естігелі Секердің айы өтіп, өздері іштерінен ү ішкендей болып жүр. Лажы жоқ Серкебай Тілеуғабылға өзі баруға қайымығын, тете інісі Текебайды басшы қылып «біздің жерді орыстарға сатады дейді. Соны біліп кел» деп жіберді.

Тілеуғабыл сәске түске дейін ұйықтайтын әдетінше, қаннен қаперсіз жата береді. Түннен келген Текебайлар ары отырады, бері отырады. Ол сонда да тұрмайды. Әбден шыдамы таусылған Текебай:

— Оу, болыс! Халқың келіп отыр, күтіп отыр. Сенде шаруалары бар,— деп бір-екі рет айтады. Ол сонда да орнынан тұра қоймайды. Болмаған соң тағы да «Біз де елміз, біз де жұртпыз, неге тұрмайсың?» деп қаттырақ айтады. Басын көтеріп алған Тілеуғабыл:

— Мына қарға құсап қаңқылдап, мені оятатын кім еді, жетеуін де көгендендер! — деп жігіттеріне бұйрық береді.

Кешке жақын көгендеулі тұрған Текебайдың даусы шығады. «Ойбай, бауырым, Секер, сенің айың өтті. Оңбассың Серкебай, оңбассың! Секерді өлтіргендегі күніміз не болды?» — деп аңырап жылағанда сақалы жасқа



малынады. Мұны көріп қалған Тілеуғабылдың бәйбішесі Дәулет:

— Не болды саған? «Көрі қойдың жасы үлкен, ісек қойдың басы үлкен» дегендей, сенің қызметің үлкен, Текебайдың жасы үлкен, бір ауылдың құтпаңды қариясы ғой. Болыс мұның болмайды,— деп жатып, оны жібітеді. Дәулет тек бұл ғана емес, ардайым болыстың қызбалығын басып отыратын ақылды әйел болған.

«Көп қорқытады, терең батырады» демекші көптің аты — көп. Шү өзенінің жағысындағы Қазыққакқан деген сарыүйсінің барлық суармалы жерін Аша елінің жуандары орыстарға сатып жібереді... Олай тулайды сарыүйсіндер, былай тулайды, бәрі бір төрт дулатқа не істейді? Бұған Сыпатайдың Берікқожа деген баласы да қосылады.

— Секер жиенімді өлтірдіңдер, сауап өздеріңе,— деді. Сарыүйсіннің басты-басты адамдары төрт дулатқа өкпелеп, Сарытауқұмдағы ағайындарына көшіп кетеді...

\* \* \*

— «Жел тұрмаса шөптің басы қозғалмайды» демекші, кейінгі кезде Досқожа мен Тілеуғабыл болыстың бәйбішесі Дәулеттің өсегі шығып жүр. Ұзынқұлақ тегін айтпайды. Қыста Қисықтың жалында отырған Досқожа Тілеуғабылдың үйінде жоқ екенін біліп, сол жерден Тұрлымбетте отырған Дәулетке бір түнде барып келеді. Екі ортасы мықты атқа бір күндік жер. Қандай құмарлық десеңші! Ертеңінде түк білмегендей, түк көрмегендей, үйіне түнеген кісідей жүре береді.

Бұл көңілдестігі көптен бергі әдеті еді. Түрік құлағы Тілеуғабыл бір жаққа кетті дегенді естісе болғаны бір мықты ат дайын тұратын. Ел арасындағы өсек осындай болғанымен екі жағы да айбынды болған соң сол өсек күйінде қала беретін. Тілеуғабыл болыстың төңірегіндегі жігіттері сезгенімен «ұрының бір беті қара, айғақтың екі беті қара» демекші, әрқайсысының ішінде болатын. Кейіннен, яғни мұнда, Секер батыр өлгеннен кейін, соны өлтіргендердің ішінде Тілеуғабыл да бар деген соң барып жотасын көрсетіп, Дәулетке де анық баратынды шығарды. Досқожа мен Дәулеттің тегін емес екенін кейін мұнда Тілеуғабыл да сезген екен.

Бір түнде Досқожа мен Дәулет онаша кездесіп жатқанда:

— Досеке, Досеке, сіз Есенбай болмай-ақ қойсаңыз қайтеді? — дейді Дәулет.

— Неге? — дейді Досқожа.

— Сіз біздің ауыл-ақ болсаңызшы, — дейді Дәулет.

— Сонда мені момын ауылға қимайсың ба? — деген Досқожаның сөзінен қатты ұялып қалады Дәулет. Сөзімді әрі ақылды әйел қаныс айтқан мына сөзін өзіне мін санап, кейінгіге де «Досеке, Досеке, сіз Есенбай болмай-ақ қойыңызшы» деген сөзі мақал болып қалады. Досқожа мен Дәулеттің көңілдегі көпке созылған көңілдегі еді. Дәулеттің күйеуі болыс болғанымен Досқожаны одан кейін көрмейтін. Тілеуғабылдың тек қана болыстығы артық, әйтпесе, сен одаң артықсың, — деп ыстық құшағына алып мейірлене құшқанына талай түндер күе. Міне, сондай шырын түндердің бірінде:

— Бүгін таңға жуыққа дейін болшы, сағынысып қалдық қой. Болыс екі-үш күн сонда болам деген, оған алаң болма, — дейді Дәулет.

Осылайша сағынысқан жүректер тоғысып жатқанда даладан ит үре бастайды. Әні-міне дегенше Тілеуғабыл да келіп қалған екен. Досқожа да жалма-жан үйден шыға атына мінеді. Бетпе-бет кездесіп, жүзін анық таныған Тілеуғабыл бұған ләм-мим деместен апандай жердегі тоқалының үйіне бұрылады. Досқожа болса өз міндетінің үстіне Дәулеттің де мінін кертөбел атқа артқанда әрең көтергендей болып аулына беттейді. Осы түнде жеке кездескен кінәлі Досқожаға «мұның қалай?» деп бір ауыз сөз айта алмаған Тілеуғабылдың бір жасын кеміткендей болды. Досқожаның да атақ-абыройы өзінен артық болмаса кем емес екендігін бұрыннан сезетін.

\* \* \*

Тілеуғабыл болыстың басқасын айтпағанда белді екі жігіті бар. Бірі өзінің жиегі — Омар, екіншісі Қойбағар деген. Екеуі де палуан денелі, үш-төрт кісілік, оғар, қисық мінезді болған. Қойбағардың жолы Тілеуғабылдың әкесі Берікпен бірдей. Ал Беріктің әкесі Мырзақұл екі әйел алған кісі. Бәйбішесіне үйленгенде оны дүние-мүлік еншісімен бірге «қызымның отын-суын әкеп тұрсын» деп бір құл, «қазанын асып, отын жақсын» деп бір

күң қоса қыздарын ұзата көшіріп салған. Мырзақұлдың бәйбішесінен Сәйеке мен Берік. Сәйекеден — Асан би — төрт бидің бірі. Беріктен — Тілеуғабыл болыс. Екінші әйелінен де балалар бар.

Сөйтіп, бір күні бәйбішенің күңі жүкті болып қалыпты деген өсек Мырзақұлға жетеді. Басқаға қимаған ол «ұл туса — құлым, қыз туса күнім болар» деп өзіне некесін қидыра салады. Кейін сол күң ұл туған соң «қойымызды бағар» деп атын Қойбағар қойған. Тілеуғабылдың ауылы Қойбағардың жолы үлкен болғандықтан және оғар, қиқар, ұр да жық мінезіне қарай Тентеката деп атаған. Болыстың осындай еркесі болып жүрген Қойбағар да өзінен төмен әлсіздерге қиянатты көп істеген. Осы жайында Бейсенбай момынның бір қойын Қойбағар қарыз алып, кейіннен екі-үш рет сұрап барса, өзін ұрып-ұрып жібереді. Ол момын байғұстың болыс-билерге айтуға батпай жүргенін Дүйсебай дуана тағы естиді:

— Ойдағы елдің жағдайын анда-санда бір барып біліп тұр деп айтып едім,— деп болған жағдайды Досқожаға жеткізеді. Бейсенбайдан анығын естіген Досқожа:

— Жүр, жүр! — деп Қойбағардың аулына қарай жолға алып шығады. Тең ортаға барып қалған кезде жүрегі шайлығып жүрген Бейсенбай тоқтай қалып:

— Досеке, Досеке, егер де мен көрген Қойбағар болса қойды бермес, кейін қайтайық,— дейді.

— Тә, сөзің құрсын, жүр,— дейді Досқожа.

Момын байғұс біраз жер жүрген соң жаңағы сөзін тағы қайталайды. Енді зекіп ұрысқан соң үйіне барады. Бұрынғыдай емес, Қойбағар мал сойып, мейман қылады. Досқожа екеуі түннің бір уағына дейін ел арасы жайлы әңгімелеседі. Бейсенбайдың қойы туралы сөз қозғалмайды. Ол менің қойымды қашан сұрайды,— деп ойлайды да отырады. Ертеңіне сәскеге дейін отырғанда да сөз болмайды. Жүрерде «менің қойымды айтпады, Досқожа да Қойбағардан қорқады екен ғой» деп ойлап далаға шықса екі қой байлаулы тұр екен.

— Досеке, мына бір қой қасындағы Бейсенбайдың маған ауысқан қойы еді. Оның қасындағысын балаларға сойып беріңіз,— деп Қойбағар екі қойды да айдатады.

— Құмға жалғыз қойды қайдан сүйреп жүремін,— деп Досқожа қойын Бейсенбайға тастап кетеді.

Мына бір тосын жайды Тілеуғабыл, Дәулет, Досқожа үшеуі-ақ біледі. Ендігі жерде екі дәудің арасында егес басталады. «Шу бойындағы Досқожаның жоңышқасын бермейміз», — деп жігіттеріне бұйрық беріпті Тілеуғабыл. Сонда бұл жоңышқада оның қандай қатысы бар? Рас, ол болыс болғаннан кейін Дулат болысы Байболаттан Қондыбай сыншыны сұрап, үй-ішімен көшіріп келіп, Шу өзенінің бір ыңғайлы жерінен үлкен қарабура салдырып, құрлыққа су шығарған. Ана еліндегі алты рулы елдің су шығатын жерлеріне Қондыбайдың басшылығымен нәр тартып, әр рудың атасына жеке-жеке арық қаздырған. Тек қана сарыүйсінің суармалы жерін орыстар пайдаланып жүр.

Сонда осы елдің Шу өзеніне қарабура салып, тосқауыл тостырып, Қаратоғанды қаздыруға Тілеуғабылдың басшылық еткені рас. Бірақ істеуін халықтың өзі істеді емес пе? Қырда отырған әр үйдің Шу жағасында ортақтас жері бар. Бұл ортақтасқандары туысы немесе жекжат-жұраты, не малайы болып келетіні рас. Сонда Тілеуғабыл Досқожаға қалай өз жоңышқасын өзіне бермейді?

Жниенбеттен үш бала туады. Ең үлкені Өтес, одан кейінгісі Дербіс, ең кішісі, қара шаңырақты басқан Әлменбет. Әлменбеттен төрт бала туады. Бабас, Сақал, Бұйрат, тағы да қара шаңырақты басқан кішісі — Дулат. Дулаттан екі бала туады. Үлкені — Есенбай. Әлгі Дәулеттің Досқожаға «сіз Есенбай болмай-ақ қойыңызшы» деуі осы.

Қарашаңырақты тағы Қарабас басады. Тілеуғабыл осы Қарабас атадан. Сонда Жниенбет ішінде ұран салып, айқайласқанда Есенбай-Қарабас болып бір жаққа шығып кететіні де сондықтан. Сөйтіп, Тілеуғабылдың ауылын үлкен ауыл деп есептейді. Досқожамен арасы төрт-бес буыш. Екеуі де тең атаның баласы. Досқожаның әкесі бай болмасада өзіне-өзі жетерлік Шыныбек батыр. «Іт ұяласынан қорықпайды» демекші, Секердің өлімінен кейін Досқожаның өзі Тілеуғабылға жотасын көрсетіп жүр.

Әлгіндегі сөзді естіген Досқожа төрт түйені біреуіне жетектетіп, біреуіне айдатып, жоңышқасын артады. Енді артып болып қалғанда:

— Сізге болыс жоңышқаны алуға рұқсат етпейді,— дейді.

— Болысыңа сәлем айт, менің жоңышқамда жұмысы болмасын,— дейді Досқожа. Мына сөзге қатты ашуланған Тілеуқабыл төрт-бес адам қосып, тартып алыңдар, деп жібереді. Оған дейін Досқожа жолға шығып, біреулер келсе шабысуға да дайын, шөп артылған түйелерден кейін келе жатқан-ды.

Тілеуқабылға уәде беріп шыққан шағын топ Досқожа жалғыз болсада оған жақындауға батпай, «шөпті таста, таста...» деп анда-санда бір дауыс шығарып қойып қана отырған. Әрі ат үстінде Досқожаның төрт-бес кісілік екені оларға жақсы мәлім. Жалғыз екен деп оған қарсылық көрсеткенімен ертеңгісін тағы ойлайды. Қашанғы тобымен жүреді бұлар. Жиенбетке ғана белгілі емес, Секерге лесіп те танымал болғаны белгілі. Болыс пен бидің егесі осы Секердің өлімінен кейін «маған не істер екен?» дегендей өршіп тұрған.

Бір шөпауыз салығын шашарда:

— Бір кедейге шөпауызды көп салдың,— деп қалады ауылнайға Досқожа.

— Ой, Досеке-ай, кіріспейтін жерге кірісе береді екенсіз,— деп қалады ауылнай. Сонда Досқожаның босағада отырған екінші баласы Әлтай қасында жатқан кебісті ала салып, ауылнайдың басынан салып жібереді.

Беті-басын қан жауып кеткен анау балаға қараса екі көзі өзінің өңменінен өтіп бара жатқанынан қаймығып, үндемей қоя салады. Сонда Әлтай он үште екен. Сонысына қарамай топқа қосылуға ұмтылып жүрген. Өзінен екі жасы үлкен Әлімжан екеуі атқа мінсе, бөрінің күшігі құсап бұ да хауіпті.

Шөптің осындай дау-дамайын күні бұрын ести тұрып Досқожа әдейі жалғыз шыққан. Ондағысы ағайын арасындағы балалар ащы болып кетпесін дегені. Сонымен әлгі аттылар Досқожаға жақындамай жүреді де отырады. Үйіндегі шешесі:

— Ана бала жалғыз кетіп еді, үлкен ауылмен өкпесі бар көрінеді, алдынан шық,— деп ағасы Есқожаны жібереді. Бұл уақытта Досқожа Қорағаты өзенінен өтіп қалған болатын.

— Бағанадан бері Досқожаға түк істеген жоқпыз, енді ағасы келді, жүр қайтайық,— деп қуғыншылар кейін қайтады...

Доскожаның Әлтайы он алтысында толық топқа қосылады. Тілеуғабыл болыс Жабай деген момын кісінің Қарашаш деген қызын сыртынан сатып, қалың малын жейді. Оны Қылан-Сылан деген ағайыпды жігіттердің Сыланына бермекші болған. Жабай бермеймін деуге болыстан қорқады, берейін десе қызының босқа кетіп бара жатқанына үйінде отырып күйінеді.

Осыны естіген Қарашаш бір күні Әлтаймен алтыбақан теуіп тұрып соған айтады. Ол Қарашашты әкететін күні аңдып тұрып, Сыланды қасындағы күйеу жолдасымен сабап-сабап, Қарашашты алып қалады да кейін өз еркіне жібереді. Мұны естіген Тілеуғабыл өзінше ашу шақырып:

— Мұнысы несі, біз ағайын емес пе едік. Әкесі Доскожаға айт, баласын тисын! — деп Қойбағарды жібереді.

Тоғыздың көлінде отырған Доскожаның аулына келе жатқан Қойбағардың алдынан қарагер торы аты бар Әлтай кездеседі.

— Әй, балам! Сенің мұның не жүріс, әкеңе кет,— дейді.

— Жоқ, бармаймын,— дейді Әлтай.

Қойбағар тізгінін ұстап кері бұрмақ болады. Бұрғызбайды тізгінін. Аттың үстінен ары-бері жұлқылап, аудармақшы да болады Қойбағар.

— Ата, мен сізге қол тигізбеймін, не істесеңіз соны істеміз,— дейді Әлтай.

«Қой, мына кешегі бала бүгін жігіт болып қалған екен. Мен Доскожаға барғаныммен жолым болмас» дегенді ойлайды да кері қайтады. Онда Әлтай он бесте Солатын. Әрі Тілеуғабыл мен Доскожаның татулығы бар еді. Ал енді, бүгін мынандай болып, қас-қабақ, көңіл-күйдің райы өзгеріп тұр...

\* \* \*

...Айдан асып барады, Дәулет бір үлкен үйде жалғыздан-жалғыз. Ең болмаса, ермек қып отыратын бір шікі өкпесі болса ғой. Ол да жоқ. Ары да аунап, бері де аунап, көзінің жасын сығып-сығып алады да сонау өткен күндерді көз алдына елестетіп әкетеді. Ең алғаш келін болып, осы есікке түскенде Тілеуғабыл екеуі ұзақты күн бір-бірінен көз жазбай қарасып отыратын қайран ма-

хаббат тәтті-ақ еді. Екеуі де қосылған сәтте өте жас әрі жуандардың көзінің ағы менен қарасындай болатын. Шіркін, сол күндер ұмытылмастай көрінер еді-ау! Бір-ақ ұмытылады екен-ау деп өзінен-өзі күбірлеп қояды.

Жаңа босағаны аттағаннан кейінгі екі-үш айдан соң:

— Дәулет, сен айып етпесең, саған бір сауал қоймақшымын,— деген Тілеуғабыл.

— Айта ғой,— дейді Дәулет.

— Сенің осындай сымбатты сыныңды өмірбақи сақтап қалғым келеді,— деген күйеуі. Ойында ешнәрсе жоқ күліп отырған Дәулет:

— Иә, одан әрі тағы не демексің? — деген.

— Ата-бабамыздан келе жатқан салт қой, ең кемі екі некелі болу деген. Сондықтан құдай берсе бала туу келесі тоқалдың жөні. Ал сенің сының бұзылмаса деймін,— деді Тілеуғабыл ойындағысын жасырмай.

— Сонда сен менің бала тапқанымға қарсысың ба? — деп тіксініп қалды Дәулет.— Сен менің құдай қосқан қосағымсың, енді екеуміздің арамызға дәнекер керек емес пе? — Мұнан әрі қарай да жас келіншек біраз жайдың басын қайырған. Сөйте отырып сөзінің аяғын былай қайырған ол:

— Маған келешек керек, сол келешекті жалғастыратын бала керек...

Осы көріністердің бәрі көздің алдында, әлгі сөздер әлі күнге дейін құлақтың түбінде тұрғандай аш өзегін өртеп, жанын шырқырата жеп бара жатқандай. Адам баласында, оның тіршілік-тынысында құбылыстар көп. Екі аяқты пенденіз жылқы мінезді деген де сөз бар. Жалғыз жатқан әйелдің жанын күйзелткен ойлар осылай өрістей түседі... Бүгінгі күн мен ертеңгі күнді теңеуге болмайды... Әйел несімен әйел, бесігімен әйел, бесіксіз әйел қызықсыз әйел, баласымен болған қызық мәңгілік қызық, баласыз қызық уақытша қызық. Сондықтан мен әлгіге неге келісемін...

Тілеуғабыл да айтқан бетінен енді қайтпауға айналғандай.

— Осы өмірдегі адам баласында кездесетін егіз нәрселердің бәріне келісемін әрі көнемін. Мысалы, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, бақыттылық пен бақытсыздық, білімділік пен нағандық, баршылық пен жоқшылық, қуаныш пен реніш, балалы болу мен бедеу-

лік... тағы қандай нәрселер бар, соның бәрін де кешіремін де өз мойныма аламын...

Сөйткен көп уәдеден кейін Дәулеттің бойынан жарық дүниеге бала келтірмейтін амалдардың бәрі қарастырылып, аршаның бүрін ішкізіп жібергенін есіне алғанда жападан-жалғыз сыңсып, даусының қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалған. Осылайша қанша уақыт жатары белгісіз, қой деп айтар ешкім жоқ. Кеңірдектен алған құсалық буындырып өлтіріп барады.

Жалғыздық деген бәле кімге жарасқан, құдайға ғана жарасқан. Өмірдегі соншама жағымсыз тауқыметтің бәрін көтеретін Тілеуғабыл қайда? Екінші әйелі мен бала-шағасының қасында ойнап-күліп, жайбарақат отыр. Ал, сен құбас кімге керексің? Құлағының түбі шуылдап, осындай сөздер жан-жақтан жамырай естілетіндей.

Шіркін-ай, десеңші... Тілеуғабыл мен Дәулет қосылғалы қонақ осы үйге түсіп, осы үйден аттанушы еді. Оның бергі жағында болыс болғалы да Тілеуғабыл қаншама жағымсыз істер істеді. Соның бәріне басу болған осы ақылды Дәулет еді. Омбайды, тағы да Текебай бастаған жеті сарыүйсінді көгендегенде де сонау ата-бабасынан бастап, соның бәрін өзіне мысал етіп ақыл айтқан болатын. Қазіргі Шу бойын жайлаған жеті жүзге жуық түгін Жіенбет руын Тілеуғабылдың үлкен атасы Мырзақұл сонау Жуалыдан бастап келіп, осы жерге қоныс тепкен.

Сонда Мырзақұл Жуалыдан босқа келген жоқ. Немере ағалары Үпір-Сүпірмен билікке таласып, ақыры бөлініп шыққан. Үпір-Сүпір бір тойда аттың бәйгесіне адам тіккен. Сол үшін «ырымда жоқ нәрсе істедің» деп өкпелеп кеткен. Бүгін сол Мырзақұл бабаның әруағын сыйлап, осындағы Жіенбет руының ұраны Мырзақұл болған. Мырзақұл деп ат шабады, Мырзақұл деп ұран шақырады. Дулаттың шымырының өзінде он бір босаға бар екен. Соның тоғызы біздің Бекболатта екен де екеуі Шықожада екен. Сол босағаның біреуі зорға-зорға саған жеткен көрінеді. Сол босағаны сыйлап, әділ болып, берік ұста,— деген болатын Дәулет.

Күйеуінің қанша жерден болыс болғанымен көпшілігінде Дәулетке тәнті болатын жері де бар. Текебайларды көгеннен босатқаннан кейін де ірі-ірі қызбалықтарын басқан. Осындай айтқан аталы-аталы ақылдарын ойына алып, осының бәрі бекершілік екен, одан да өзім-



нен шыққан бір бала болса бәрінен сол артық екен. Сол баласына қарайлайды, оған қарайламаса мейлі, мен өз қуанышым өзіммен боп отыратын едім деген де өкініш ішті өртей түседі. «Мен енді кімге керекпін, не бар, не жоқ емеспін» деп тағы біраз жылап алды.

Осыдан бір ай шамасы бұрын күллі Аша елін билейтін Дәулет бір пәсте бүк түсті де мүсәпір кейіпте қалғып кетті.

\* \* \*

Күн өткен сайын Тілеуғабыл болыстың ішіне де тұла бойды алап-жалаған ойдың ұшқыны түсе бастағандай. Жатса да, тұрса да Дәулет есінен шықпайтын хал шықты.

Аша елі өзінше болыс боларда Оршыбек датқа мен Байболат болыс Жіенбет руына хабар жібереді. Олары «Жақында Аша елі өзінше болыс болып құрылғалы жатыр, соған сайлау өтеді. Болыстыққа іштерінен адам дайындасын» деген сәлем.

Ауыл ақсақалдары жиналып, «болыстыққа Байқалмақ ылайық» деп табады да кейіннен ақылдаса келе «оның әйелі нашар, өзі салақ, келген кісіні күтіп алмайды, жақсы мен жаманды, өтірік пен шындықты ажырата алмайды...» деген сөз болады. Содан кейін барып арғы атасы ұранды Тілеуғабылды болыстыққа ұсынады. «Бұл өзі жас, жас та болса қолынан іс келеді, әйелі де ақылды, дұрыс адам, бір жағынан ол да көмектесер» деген тұжырым жасайды. «Болыс болған соң ол үйге кісі көп келеді. Соның барлығын атқаратын әйел...» Осылайша көпшілік пішкен тон келте болмайдының кері келіп, бұл ойлары да дұрысқа шығады.

Міне, Тілеуғабылдың қолы болыстыққа сөйтіп жеткенін ойлайды. «Дәулеттің ақылымен істелген істен опық жегенім жоқ, қайта онымен ақылдаспай істеген істен талай кемістік көріп, зардап та шектім емес пе? Рас, Дәулетте де қателіктер болды. Оның Досқожамен көңілдес екендігін бұрын сезсем де көзбен көргенім-ай, деп ішінен өкінеді. Басқа рудан, немесе Жіенбеттің басқа атасынан болса, Досқожаға не істеймін десе де қолынан келіп тұр. Ол Секерден зүлие емес деп те қиналыс кешеді.

Есенбай-Қарабас болып келетін бір атаға тән өздері. Әрине, тең атаның баласы. Менің болыстығым артық

болмаса, Досқожа сегіз қырлы, бір сырлы пағыз жуанның өзі. Өзін былай қойғанда Әлімжан, Алтайы еңкімге теңдік бермейді. Алтайдың өзі он алтысында топқа қосылып жүр, деп күбірлеп те қояды.

Ары ойлап, бері ойлап келгенде кім де болса өзінен артыққа батпайды екен. Омбайды көгендесе, оның түпкі атасының кемдігін сезіп, басынып істеп отыр. Текебайды ғой аттөбеліндей аз деп көгендеді. «Көгендеп қойыпты» деген сөздің түптің-түбіне дейін бетке шіркеу болып жүргенінен гөрі өлтіргеннің өзі артық емес пе еді? Әрине, осындай әлсіз жерге әр нәрсе істегенім бар, бірақ «ит ұяласынан қорықпайды» демекші ол менен қорықпай басынып істеп жүр. Менің оған тіземнің батпайтынын да біледі»...

«Бұл Досқожа тек қана? Жиенбет елінің жоқшысы емес, Аша елінің жоқшысы. Осы елге түскен ауыртпалықтың барлығын мойнымен көтеріп жүрген Жиенбет руынан шыққан төрттің бірінен Тілеуғабыл қайтіп өш алсын?! Өзінен алты-жеті жасы үлкен, аға есебінде жүрген оның ісі де жөн емес. Бірақ нәпсіқұмарлықты көйтесің, кімді болса да жолдан тайдырары хақ».

Иә, сондай нәпсіқұмарлықтан шығады, мен де не істемедім? Беті жылтыраған шүберек басты болса, өзінің қолым жетпегеніне Дәулетті жұмсамап па едім? Менің айтқанымды екі етпеді. Өзінің ішкі қызғанышы болды ма, болмады ма, оны маған сездірген емес. Талай сұлуды Дәулет өзі білегінен ұстатқаннан басқа оның білмейтіні қаншама?.. Осының бәрі Дәулетті ойлау арқылы еске түсіп жатыр.

Тілеуғабыл енді бір сәт Таластағы туысы Назарбек болыстың үйіне барғанын есіне алды. Аша елінің мықтыларын қысыр емген тай сойып күткен ол бес-алты күннен кейін меймандарынан рұқсат сұрап, жолаушы кетеді. Ол келген соң ертеңгі дастархан үстінде меймандарына қымыз құйып беріп отырған бәйбішесі:

— О, болыс, екі күн үйде болмадың, қайда болдың, не істедің,— деді білмегенсіп.

— Шу бойынан менің інім Тілеуғабыл келіп отыр. Соған мінгізейін деп басқаға сенбей, қасыма бір жігітті дестіріп барып, мына бір күндік жердегі Тама деген елден жүз тұсақ қойға бір жорға ат әкелдім,— деді Назарбек отырған елдің көзінше бәйбішесіне.

— Оған ініңіз разы болар ма екен? — деді бәйбішесі.

— Неге? — деген Назарбекке:

— Әй, қайдам, оның орнына төсегіне бір түнетсең, соған риза болады-ау, деймін, — деді бәйбішесі жұрттың көзінше.

— А...а... солай ма? — деп Назарбек жасамал болған қыран бүркіт құсап нығын бір қомдап, отты көзімен Тілеуғабылды бір қарып өтеді. Сонда Назарбектің жас тоқалына қол жүгіртіп үлгірген Тілеуғабыл Таласқа барарда жердің үстімен барып, қайтарда жердің астымен қайтқандай болдым-ау, деп әлі де ұялатынын ойына алды. Міне, осындайлар бірінен кейін бірі есіне түсе берді.

Тілеуғабыл он сегізінде болыс болды. Ол кезде әрбір істің байыбына бара бермейтін жас еді. Соның өзінде Секер батырдан көп именетін. Ал қазір алды-артын болжайтын кезде Досқожа тосқауыл болып отыр. Адам неғұрлым жасамал болған сайын дүлей күші мен жасындағы албырт іс-әрекетін ақылға жеңдіре бастайды екен. Әрі адам кедергісіз тақтайдай жолмен жүре берсе не болмақ, ойсыз, сезімсіз, құдайын танымас болып кетпей ме? Әр тасқынға бір тосқауыл, демекші Досқожа мен Дәулеттің ісін құдай сөйтіп менің көзіме көрсеткен шығар, деген сияқты сан ойдың түйінін бір жерден шығарғысы келгенмен, мансапқор болып қалған тоң мойын кешірімге бұрғызбай, өзіне-өзі зілденеді.

Сол суық көріністен бері Тілеуғабылдың сырты бүтін, іші түтін. Мұны жалпы қарияларды жинап, ақылдасайын десе елге күлкі, жұртқа масқара боламын деп ойлайды. Не де болса ішінде. Үшеуі де үш дүйім жұрттың басшысы құсаған тез қатар емес, кең ойлап-толғанатын, ешкімге сырын айтпайтын, іштен арбасып жүретіндігі Тілеуғабылға мәлім. Ары аунап, бері аунап, қасында екінші әйелі болса да Дәулетке жету қайда? Күрсіне-күрсіне көп ойдың түйінін таба алмай Тілеуғабылдың көзі ұйқыда, көңілі ояу жатты да қойды.

\* \* \*

Ерлі-зайыптының арасына от жаққандай болған Досқожаныкі де жөн емес, өз басына лайық емес еді. Біреумен айтыса кеткенде «мен саған не істедім, әйеліңнің қойнынан шықтым ба?» деген намысқа тиер, аяғы кісі өліміне дейін апаратын істің куәсі болып отыр. Бұл істі ол Секер батыр үшін әдейі көзіне көрсетіп тұрып

Тілеуғабылға істегенімен Дәулетке обал-ақ жасағанына өкінеді. Бұл өңірдегі шүберек бастының алды екені дерас. Әсіресе, әлсіз бен шындыққа берілген әйел, қолынан келсе, келмесе лаж жоқ. Ел арасында сөз болғанда Тілеуғабылды болыс қылып отырған Дәулет дейді жұрт. Расында да солай еді. Ол болмаса Тілеуғабыл баяғыда-ақ шоққа түсіп кететін.

Ерлі-зайыптылардың қазіргі халін сыртынан аңдыған Досқожа не істерін білмей жүр. Елге жариялап «осындай қылмысты болды» деп Дәулетті тастаса, екінші әйелдікке алғысы бар. Бірақ та аулы аралас, қойы қоралас, дегендей, «арамыз жақын, көзінің тірісінде бақырайтып қойып қалай аламын» деп те ойлайды. Қазақ байыса қатын алады, сарт байыса там салады, дегендей Досқожа бардам болып, қай жағынан болса да айтқаны келіп тұрса да бір-ақ некелі болған. Онан аса баласы бар. Өзі қанша жүрісті болғанымен әйелін қатты сыйлайды.

Бір күні жолаушы жүріп келсе, әйелі мен барлық баласы төбеде үрпиіп тұр екен. Қатты қорқып қалған әйелі «қазір ғана үйіміз түгел өртеніп кетті» — деп жылап жібереді.

— Әй, өздерің амансындар ма?

— Иә, аманбыз.

— Онда жылама,— деп бір ауыз да ұрыспаған. Қазір сол жер Үйөртеген аталып қалған. Егер Дәулетті тастаса лаж жоқ, әйелінен рұқсат сұрап алатын ойы бар.

Тілеуғабылдың көзінің тірісінде алсам да маған не істейді, олай бұлқынар, бұлай бұлқынар да қояр. Мен Секер батырдай болмасам да дәл соған істегенін маған істей алмайды ғой... «Ой, шіркін, қайран Секер батырым-ай,— деп күрсініп алды да,— жеріңнің әлсіздігінен жалғыздық жасадың-ау, жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпастың кері келді-ау. Сені өлтірген мына иттерің сазайын тартып жүр...» Ол қабағын шытынды. Неде болса Дәулеттің қарайлайтын баласы жоқ, егер әйгілеп тастаса алмақшы.

Сөйтіп, Досқожа осы сөзді қорытуға бір түнде Дәулетке барып қайтпақшы болды да, «қой, ол ауылда шығар, кернеп тұрған жараның аузын ашпайын. Ондай атаққа Дәулет те құмар емес шығар. Жасынан аттаған босағасы еді. Жабулы қазан жабулы күйінде қалса, он-

да тегі жақсы болды. Істің ақырын осылай күтейін» деген түйінге табан тіреді Досқожа.

\* \* \*

Өз көзі куә айғақты істің болғанына қырық күн толғанда Тілеуғабыл Жиенбет руының басты-басты қариялары мен қоса бір үлкен ғұлама молдасын бәйбішесі Дәулеттің үйіне мал сойып, шақырады.

— О-у, молдеке, бір ел арасының шаруасымен ауылға ашулы қайтқанда кездейсоқ Дәулетке тілім тиіп кетіп еді. Сонда байқаусыз «талақ тастадым» деп айтып қалып едім. Соның шарифатын арада қырық күн өткен соң жөндесін деп сізді шақырып отырмын,— деді Тілеуғабыл.

— «Талақ қып тастадым» деу некенің бұзылуы. Сол үшін қайтадан некелестіріп қосамын,— деп жалпылдаған молда шарифатын заулата жөнелді.

Дегенмен, Тілеуғабылдың сонау бір жылдардағы Дәулетке берген уәдесі берік екені белгілі болды. Бұл іс кісі өлімінен қиын іс емес. Тек сол алғашқы құпия күйінде қалды. Тілеуғабыл қанша тентек болғанымен, «басыңды білген алсын» деп осымен екі ерен ісімен өзінің негізін танытқандай болды. Бірі Серкебай. «Секер батырды өлтірттім» дегенде, «ердің ерін қалай қиып өлтірттің» деп нәлісі бар кебіспен ұрып, басын жарғаны және соның жоқшысы болғаны. Оны қанша іштей жек көрседі арыға қимайтыны белгілі болды. Онысы Секер батыр тек қана Аша елі емес, Әулиеата уезінің де айбыны екенін танығандығы.

Екіншісі осындай мансапта жүріп, бәйбішесі Дәулеттің қойнынан Досқожаның шығып келе жатқанын көзімен көріп тұрып, осыған жасаған кешірімі мен оған ретін тауып қайта қосылуына жүректінің жүректісі шыдар...

\* \* \*

Екінші некеден кейін Тілеуғабыл мен Дәулет алғашқы құшақ үстінде жатып:

— Дәулет-ай, сені де көзге шөп салады деп ойламап едім,— деген күйеуінің сөзіне:

— Ай, болыс-ай, біз де құдайдың пендесіміз ғой,— деп жауап бергенде Тілеуғабыл не айтарын білмей Дәулетті құшырлана құшақтап, арғы жағын сағынысқа жүректер билеп кетті.

Араға мұндай кешірім түскен соң кейінгі өмірлерінің баянды болары шексіз еді...

24 шілде, 1987 жыл

**Көлқұдық, Мойынқұй  
ортасы.**

**АВТОРДАН:** — Өткен күндер бүгінгі күндеріміздің бастамасы екені белгілі. Кешегінің гибратын бүгінгіге насихаттап отыру ұрпақтың парызы. Қазіргі көркейген Шу ауданын халық бұрын «Аша елі» немесе «Аша болысы» — деп таныған.

Бұған бір мысал айта кетейін. Шу өзенінің күн шығысындағы Дулат болысынан Қондыбай сыншыны Аша елі көшіріп әкеліп, соның жобасымен тоған қазып, Шу өзенінің батысын суландырған.

Су аққан жерімен ағады демекші бүгінде бір қала, бір үлкен ауылды, алты кеншарды суландыруға соның септігі тиіп отырғандығы халыққа мәлім. Сол үшін де осы шығармаға Аша елінің бұрынғы тағдырын арқау етіп едім. Соны қалай жазғандығым туралы үш пікірді оқырмандар есіне салсам деймін.

Біріншісі: — 1958 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабындағы Шоқай болысы деген тармағындағы Бүйенбай қарақшының баласымен айтысын кездестірдім. Әббір деген баласы әкесіне «ұрлығыңды қой» деп 78 жол өлең айтады. Бүйенбай да ақын екен, бұған 108 жол өлеңмен жауап қайырады. Сонда маған қатты әсер еткені ағасы Секер батыр туралы айтықаны болды.

Аша елін Дулеата оязы ел демей, төңірегіндегі болыстарға қаратып қойған. Осыған қарсы Секер батыр көп еңбек сіңіріп, өзінше ел, өзінше Аша болысын құрғанын, нашардың сөзін сөйлеп, соның жағында болғаны үшін де ағайындары өлтіргені туралы айтып, өлеңмен көп жоқтайды. Содан барып мені Секер батырдың іс-әрекеті, тағдыры қызықтырған соң араб әрпімен жазылған өлеңді бүгінгіге аударып алдым.

Осыдан бастап отыз жылға жуық Аша елінің, Секер батырдың, соған қатысты адамдар тағдыры туралы ел аузынан сұрастырып, тірнектеп жинадым. Көпшілік сөзінің бәрі бір жерден шықпай, өзара айырымдары көп болды. Солардың басымдау жағын елеп-екшеп алуға ұмтылдым. Хикаядағы тоғыз жолбарыс жайлы әңгіменің де мәнісі солай. Халық аузындағы деректерде тоғыз жолбарысты соқты деген жай молырақ ұшырасады. Мұндағы әңгіменің бәрі сондай екен дей бермей оқырман өз оқығанын өзі сараптай жатар.

Екіншісі: — Тағы бір қатты әсер еткен жай «Біздің Мұқтар» деген кітаптағы Ғабдол Слановтың жазғаны болды. Мұны сол қалпында айтып берейін:

«Жол бойы асыл ағаның талай ойларын ұйып тыңдаумен болдым. Бірауық Жетісу тақырыбы қозғалғанда Мұқаң:

— Бұл халқымыздың маңдайына біткен жайлы да көрікті мекен ғой, сабаз. Тарихы қандай бай. Бір топ романишты қатар қалам тартса да сарқылмас мол қазына Жетісуда жатыр,— деп бастап, неше қилы арғы-бергі тарихынан үзілмес әңгіме қозғады.— Үйсін, Қанлы, Дулат, Албан, Суан аталарымыздың өзі де қазақтың көне жұрты ғой. Тілдерінде, әдет-ғұрыптарында да ерекшеліктердің шегі жоқ. Қазақ елінің бар тарихи кезеңдерін түгел қамтуға біздің өміріміз жетпейді ғой. Кейінгі ұрпағымыз шертетін сырлы да күйлі жайлар бұл тұрада орасан-ау, сол ұрпақтар шерте алса болар еді,— дейді. Қараңызшы, халқының әлі де айтылмай жатқан сырларын ұрпақтарына аманатындай табыстап, қандай терең ойлар қозғаған.

Міне, осыны оқығанда бұл да маған Аша елі жайлы қашан жазасың дегендей түрткі болды.

Үшіншісі: — Мен қолымнан келмейтін іске барғаныма оқырмандардан кешірім сұраймын. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» демекші, ел аузынан ұзақ жылдар тірнектеп жүріп жинағанымды қағазға түсірдім...

---

## КҮМІС ТОЙ

### БІРІНШІ ХАТ

«Мейрамбек! Денсаулығың, оқуың жақсы ма? Өзіңнің оңаша қандай ойларың бар? Биыл тәтем мен жеңешемнің шаңырақ кетергеніне ширек ғасыр толады. Байқаймын, өздерінің ойларында ешнәрсе жоқ сияқты. Тіпті, болған күннің өзінде біздің жағдайымызды ойлап жүріп, атаусыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан ол кісілерден өрбіген сегізіміздің ең үлкені сенің ойлауың керек. Өткен күндері самарқау-салғырт болғаны шетжағалап бізге де мәлім. Екі тағдырластың қосылуы да қиямет-қайым болған көрінеді ғой. Одан кейінгі өмірлері де әлі күнге бейнеттің соңында.

Айтып отырса, бір шаңырақтың үлкені болған соң қабырғасы қатпай жатып, сол үйдегі ауыртпалықты бәрі тәтеме түскен. Ауру анасы мен бір інісі, екі қарындасын тәрбиелеу оңай болып па қаршадай жанға. Өзінен төрт-ақ жасы кіші інісі жасында сырқат, есейгенде тентек болды. Соны адам қатарына қосамын деп көз ауреленді. Кезіндегі бір үзім панның тапшылығы халыққа да аян емес пе еді. Әрі әкесі, әрі ағасы құсап асыраған інісін «сен жарымжан едің, жол пұл, кнім-кешек ауқатың менің мойнымда болсын» деп оқуға да ықпал жасады. Онда да ол оқымай тастап кетті. Кейіннен мейлі есі кіріп, жөнделсе ме деген үмітпен үйлендіріп, үлке той жасады. Онысынан да түк шықпады. Не керек, кейінгі екінші үйленгенін де біз білеміз ғой.

Ал қазіргі жүрісі анау. Адам санында болғанымен адамдық үй санатына іліне алмай жүр. Қырықтап асқанша көрінген жер — төсек, шишаның ішін — ауқат



қылды. Тәтемнің өзі кішкентайынан арқалап, бөлмей-жармай екі қарындасын да өсірген екен. Сөйтіп өсірген екеуі де еңбегін аяққа басып жүргенін өзің де сезіп отырсың. Бес жылдан он жыл оқытып, екеуінің де қолына өмірлік напын ұстатқанын да ұмытып, еңбегін еш етті. Бүгінде күлшелі бала сүйкімді демекші, екеуі де екі үйдің құдайы боп отыр. Бәрі де ұмыт боп артта қалған. Сенеп бастап бәрімізді еңбекке баулып өсіргені белгілі. Ол шіркіндерге кезінде жұмыс та істетпепті.

Өзің әскери міндетінді атқарып жүргендегі естіп-білген мына бір жағдай есіңде болар.

Жазғы каникул кезінде шөп престеп жүрген бауырың — Назарбектің екі қолы қабат сынып, жазымға ұшырады. Осыны хабарлаушы үйдің ішіне де, туыстарға да айтады. Мұны естіген тәтем аудандық ауруханаға Назарбектің жеткізілгенін біліп, сонынан қуа кетеді. Жұмыста жүріп естіген жеңешем де, жылап-еңіреп әуелім үйге келеді. Осы кезде жолдағы шешесі екеуі үйінен баспалап сығалап қарап тұрған қайынсіңілісі — Ауыткүлді жеңешем байқап қалады. Сол күні Назарбектің екі қолын да гипстеп, ауруханаға жатқызады. Кешінде тәтем мен жеңешем қайтып келіп, үйде отырса:

— Бала қандай болды? — деп шешесі мен Ауыткүл түк естімеген, сөзбеген болып үйге кіреді.

— Несіне сұрайсыңдар? Мен жылап-еңіреп жүргенде табалағандай есіктен сығалап тұрмап па едіңдер. Сендерді мектеп қабырғасында жүргенде бір күн жұмыс істетіп көрдім бе, Ауыткүл? Ал сенің қариялығың қайда? Үмбетқұлдан туған кейінгі екі қызым аман болсын, құдайдан сұрап алған Артықбектің балалары не болса о болсын дегендей, бағана тырп етпеп едің ғой, енді мүләйімсіп қалыпсың, — деп жеңешем қатты ашумен екеуіне де айтып салды.

Сол-сол-ақ екен, Ауыткүл:

— Мені Үмбетқұлдың қызы дедің, — деп жеңешемді бас салып жұла бастайды. Үсті-басын көкала қойдай қылса да «қыз ғой» деп оған қол көтермеген екен. Міне, мұны саған айтпаған едік. От басындағының бірін білсең де бірін білмейсің.

Кейде тәтем бауырларының мұндай істеріне күйіне ме, қайдам, ұлы Абай ақынның жазған мына өлеңі маған дәл келеді дегені әлі есімде:

Күшік асырап, ит еттім,  
Ол балтырымды қанатты.  
Біреуге мылтық үйреттім,  
Ол мерген болды, мені атты.—

деп айтқандай інісі тәтемді атып жібере жаздаған жері бар еді ғой. Оның қолындағы мылтығын Доктырбай тартып алып, оғын Назарбек алып қашып кетпегенде. Әйтседе, тәтем мен жеңешемнің еңбегі еш, тұзы сор екен.

Тағдыр тәлкегі ауыр тисе де бәрімізді тәрбиелеп, қатарымыздан қалдырмай келеді. Әке мен ана еңбегін ақтау біз үшін парыз. Оған әрине, әлі жете қойған жоқпыз. Дегенмен күміс той мені қатты толғандырып жүр. Оны уақында жасамасақ, уақыттың күтіп тұрмайтыны белгілі. Анау үшеуінен хайыр жоқ. Біздің қолымыздан келері де шамалы. Сен студент болсаң да сапалы түрде мүмкіндік туғызады деген сенімдеміз. Артындағы жеті жеткіншегіңнің саған артар міндеті осы.

**Сәлеммен қарындасың ҒАЛИЯ.**

Алматы қаласы. 14.III.1984 жыл.

## **ЕКІНШІ ХАТ**

— Тәте, жеңеше! Үй-іш тегіс аман-есен болар. Біз де денсаулықтың арқасында күрбыларымызбен күліп-ойнап, құрылыстың қайнаған ортасында жүріп жатырмыз. Өзіміз міндетімізге алған бес үйдің төртеуін бітірдік. Сегіз семьяны қуантып, кілттерін қолына табыс еттік. Ендігі қалғаны үлкен үй еді. Оның құрылыс материалдары кешігіп, жұмысымызға қолбайлау болды.

Сіздермен ақылдасатын бір сыр бар еді, соны хат арқылы айтуға тура келіп тұр. Шаңырақ көтергендеріңізге жиырма бес жыл толатынын Ғалия қарындасым еске салысымен сону Торғай облысынан бір-ақ шыққанымның себебі де сондықтан. Әр нәрсе өз уақытымен демекші, сәби дүниеге келгенде, немесе адам баласы мәңгілік сапар шеккенде күн таңдауға мүмкіндігі жоқ екендігі белгілі. Сол сияқты, айтуларыңызға қарағанда күн таңдап қосылмаған көрінесіздер. Әйтсе де, бұл күн біздің семья үшін сәтті күн. Қайткенде де күміс тойды жасауымыз керек. Жиырма бес жылдық қайта айналып

келе бермейді. Жағдайдың жетегінде кете берменіздер. Жекелеген қиындықтар кездесе қайткенде де жеңуге тиістіміз. Алматыдағы ұл-қыздарына да осыны айтып хат жазып отырмын. Олар демалысқа шығып келмекші. Желтоқсан айы бізге жарық дүние сыйлаған екен, осы айда амандықпен бас қосып, қуанышқа бөленейік.

Сәлеммен балаң **МЕЙРАМБЕК.**

Торғай облысы, Октябрь ауданы,  
Әл-Фараби студенттік отряды. 13 та-  
мыз. 1984 жыл.

\* \* \*

Ұлының хатын оқығанда семьябасты боп, біріне жетсе, енді біріне жеткізе алмай жүрген Артықбек пен Зәбира бір сергіп қалды. «Бізді де ойлайтын жан бар екен-ау» деп көңілдері көкке жетіп, қуаныштары қойнына сыймады.

— Күміс той біздің өңіміз түгілі түсімізге кірген емес. Бұлар қайдан есіне алып жүр? — деп Артықбек Зәбираға күлімдей қарайды.

— Білмеймін, мен де хабарсызбын, — деді Зәбира.

— Әлгі құдайдан бала сұрағанда осындай қылықтарын күтіп сұрайды екен-ау. Бұл күміс тойды жасау былай тұрсын, осыны ойлағандарының өзі бізге жетпей ме? Өңкей студент, оларға кім кінә қояр дейсің, жұмыс істеп үлгерген жоқ қой. Баланың әке-шешеге деген қамқорлығы осы да, шіркін өмір-ай! Мен әкеме мұндай ықылас көрсету түгілі, болар-болмас перзенттік сезімді сездіре алмадым. Әкем байғұс баласының қызығына жете алмай кетті-ау, — деп Артықбек Зәбираға ой толғай сөйледі.

Әкемнен алты жасымда жетім қалдым. Бейнесін көз алдыма еміс-еміс қана елестете аламын. Қатарларының айтуынша, әкем сонау ел ауған отыз екінші жылдары отыз үймен қазіргі колхозда қалып, іргесін көтерген көрінеді. Бір-екі жылдан кейін ауып кеткен жұрт қайта келе бастағанда әрбір үйге бір-бір қой мен ешкі өсір, — деп көмек беріпті өкімет. Кейбіреулер осы аманатты өздері ұрлап сойып, қылмысқа барса, әкем осыған өзір болып, тұқымын көбейтіпті. Сөйтіп, шаруақорлығының

арқасында өкімет те қарық, өзі де қарық болып, тізгінін ерте жиып алыпты. Қоғамның елге қойған малы өсін көбейген соң шағын отар құрып, оны әкем Сәтібарға беріпті. Сөйтіп жүріп Шу бойының екі жағының ең бардамы атанып, шаруасын шарқ ұрғызып, дөңгелетіп әкеліпті.

Сонау еліміздің басына төнген қаһарлы Ұлы Отан соғысы жылдарында өзгелердей қолына қару алып жаумен шайқаспаса да, ақ таяғын серік етіп, ерен еңбегімен жеңіс күнінің жақындауына ат салысыпты. Совет жауынгерлеріне деген көмегін артығымен беріп, өтті-кетті қызғалдақ демекші, өмірдің ең қиын кезеңдерінен бастап, жеңіс жылдарына дейін бір отар қойды жалғыз баққан екен. Ақыры, қой соңында жүргенде өрісте қайтыс болған. Ауырып жүрседе оның орнын ауыстыратын адам табылмапты. Сұм соғыстың кесірі кімге тимеген дейсің, нәлеті Гитлер-ай, өзі де өртеніп тынды емес пе?

Бұл өмір, бұл дүние кімге оңа берген дейсің. Әкеміз жас кетті. Көп жылғы еңбегінің бейнеті болмаса --- зейнетін не өзі, не артындағы балалары көрді ме? Әрине жоқ. Мылтықтың басуына, құланның қасуы келіпті дегендей, әкем қайтыс болатын жылы әлі өкпесін сүйретіп, көзін өлетін қойдың көзіндегі ғып, керттік мұрны пышылап, бойы мен ені бірдей боп, жерге қараған Үмбетқұлдың соғыстап келе қалмасы бар ма? Әкем қайтыс болғанда шешем отыз екіде екен. Кейбір жпырмаға жетпеген келіншектердің күйеуі соғысқа кетсе де, елдің өсекаяқына ілінбей, жан жолдасының ақ тілеуін тілеп, арын сақтап отырмады ма? Сенен несің жасырайын, туған анам болсадағы әкем үшін мына балалардың ісі ойыма түсіп отыр.

Үмбетқұлдың өз әйелі, өз отбасы болсада әкем қабырының топырағы кеппей жатып, үйімізден шықпайтын болды. Жылдығына жеткізбей, шешем көңілдесінен бір ұл туып алды. Оның атын Қанатбай деп жүргенде алты айлығында дүние салды. Бұған күлмеген, бұған күңіренбеген адам жоқ. Адам жас кезіндегісін ұмытпайды екен. Бәрі-бәрі көз алдымда, әлі тәй-тәйлап тұр.

Әкем қайтыс болған соң отарын басқа біреу алды. Одан көп жекеше мал қалыпты. Сондықтан да осы отардың күзетшісі және қоғамға сүттен ірімшік дайындаушы болып шешем осы қоймен бірге көшіп-қонып жүрді. Мұның бәрі әкемнен қалған жекеше малдарды сыйғыза ал-

мағандықтан болуы керек. Көп уақыт өтпестен Үмбетқұл ферма менгерушілігіне сайланды. Іздегенге сұраған демекші, ол да өз үйімен көшіп жүрді.

Әлі есімде. Балажайсан деген жерде отырғанымызда Үмбетқұлдың үйіне бір мейман келді. Мен жасымда шамдағайлықтан ба қозыны қуып жүріп тез ұстаушы едім. Сөйтіп, кешкісін қозы қуып жүргенімде у-шу шыға қалды. Бақсам, біздің бір кетпен құйрық ұрғашы тоқтыны Үмбетқұл меймандарына соймақшы болып ұстапты. Анам байғұс бермеймін деп тоқтыға жармасып жатыр екен. Оны бір-екі рет жұдырықпен қойып-қойып қалып, итеріп құлатты да қойды жетектеп кетті. Жесір әйелдің қолынан не келсін жылағаннан басқа, мен де дәрменсіздіктен оған қосыла жыладым. Ол кезде мұның қалай деп төрелік айтатын, араша түсетін адам да жоқ, бәрі соғысқа кеткен. Ауылдағылар өнкей өлмелі кемпір-шал, келіншектер, бала-шаға болатын. Әкем жарты ғасыр ғұмыр кешкенше бала көрмеген екен. Бұтақсыз су түбіне кеттім деп жүргенде елуінде мен, төрт жылдан кейін інім дүниеге келген. Бұрышнан дәулетті адам ақ түйенің қарны жарылғандай қуанып, үлкен той жасапты.

— Осыдан кейін де Артықбегім жетіге толғанда сүндетке отырғызып, оқуға беремін,— деп төрт түлік малдың бір-біреуінен келесі тойға арнап жібереді. Құндердің бірінде соғыста өлді деп қара қағаз алған үшінші буын інісі — Рақыш келе қалды. Аман-сау оралғанына қуанған әкем Артықбегіме деп жүрген малдың ішінен өліп-тірілген Рақыш ініме құдайы деп серке сойып, таратты. Сонда колхоз бастығы тұрып әкеме:

— Мынауың ненің жілігі? — депті.

— Алты жасар серкенікі.

— Мен әйтпесе тананың жілігі шығар деп жорығанмын,— депті.

Не керек, маған арнаған үш түлікті әкем өлген соң Үмбетқұл бас пайдасына жаратып, қызығын көрді. Шіркін, өмір-ай, алты жыл бағып, сары майдай сақтағаны ай даладағы біреуге бұйырды.

Үмбетқұл бір жыл ферме менгерушісі болмастан мойнына бес жүздей қой мінді. Мұның көпшілігін ишшаға саудалап, бір құлқынына бола жұмсап жіберсе керек. Ол кезде жүз қаралы түтінге жетіп қалған колхоз тұрғындарының ауыз бірлігі күшті еді. Шағын ауылдың өзінен тоқсанға жуық ер-азамат соғыстан қайтпай қал-

ғандықтан ба, қарайып жүрген бір-екеуінің өзін қатты құрметтеп, пір тұтатын. Сөйтіп, Үмбетқұлдың мойнына мінген қыруар малды заңға бермей, осы ауыл үйме-үй жинап, төлеп жіберген. Біздің сыртымыздан отарда жүрген малымыздан Үмбетқұлдың өзі алпысқа жуығын баса-көктеп ортаға салып жіберген. Кейіннен тағы жетпеген соң шешем екеуміз жиырма қойды екіге бөліп, Үмбетқұл үшін өкіметке айдап барып өткіздік. Бұрынғы алғаны аздай неге бергенімізді білмеппіз. Ал менің білмейтінім қаншама? Маған деп әкемнің сақтаған жорғасын колхоз бастығы колхозға сат деген соң Үмбетқұл пайдаланып кетер деп қорыққанымыздан одан да ертерек құтылдық. Сонда да болса тағы бір жүйрік шұбар жылқымызды Үмбетқұл зорықтырып өлтірді де терісін көрсетіп тынды.

Елдің айтуынша әкемнен жүз қаралы қой мен он беске тарта ірі қара мал қалса, мейрам сайын көкпарға баратын кезде ағайын-туғандарымыз біздің үйге келіп, тайымызға дейін мініп алады екен. Қара інгенді отысуға түгел жұмсайтын. Мейлі, жоқ-жұқаналар үшін қолғабыс деген дұрыс қой. Осы жақсылықты кейбіреулердің әлі де айтып отыратынын өзім естідім.

Осы арада мен әкемді кінәлаймын: «аса дәулет — басқа бейнет» демекші, артық мал кімге де болса артықтығын жасамай ма? Неше жыл тірісктеп жинағаны не өзіне, не артындағы балаларына, не өкіметке, ағайын-туғанға бұйырмай бір алаяқ маскүнемге бұйырғанын қарасаңшы.

Әкеміз сегіз інісі мен бір қарындасы өзімен он ағайынды болған. Олардың көпшілігі дүние салып, жалғыз-ақ кенже інісі Әлеш соғысқа кетіп, оралмай, одан жалғыз қыз, арғы жақтағы Раушан-ақ қалған.

Қазіргі сен келін боп түскен үй сол Әлештің үйі. Бізге бұйырғаны осы үй ғана. Әкем Сәтібардың үйін Үмбетқұл қара сиырға сатып, бізді қаңғыртуға дейін барған. Қысқасы, шаңырағымызға істемегені жоқ, ол сұмнын.

...Бір күні біздің үйде Шырын деген әйел қонақ болып отырғанда әзірейлідей болып Үмбетқұл кіріп келді. Мен онда оқуға ілігіп, сабақтан оралған бетім еді. Біраз отырған соң маған «жатпайсың ба?» деп тиісті.

— Әй, не айтып отырсың, інір арасында дені сау адам жата ма,— деп мейманымыз Шырын менің сөзімді сөйледі. Бірауық отырып, «шыдамымның жеткен жері осы

болды» дегендей Үмбетқұл орнынан тұра салып білте шамды өзі өшірді де шешемді жетелей жөнелді.

— Ұятсыз, аюан да бір, сен де бір. Бұл кімді басынғаның,— деп Шырын ұрсып жатсада ол шыбын құрлы көрмеді. Мен жылаумен болдым, шаңырақты басынғанына. Шіркін, әлім келмейді-ау. Осы жерде не істесем де адам түгілі құдайға да кінәлі болмас едім деген ой өзегімді өртеп жатты.

Ертеңіне Үмбетқұл кеткеннен кейін Шырын:

— Мына есі кіріп қалған бала не, сенің әлгіндей аюандық ісің не? — деп шешемді жерден алып, жерге сала сөкті. Одаи қуат алған мен де:

— Осындай ісі әрдайым болады, мені адам құрлы көрмейді. Нағашыларыма айтамын,— деп өксідім. Мені құшақтап Шырын өзі де жылап жіберді. «Айналайын, шырағым, намысыңды аяққа басса, құдай оның да алдынан келтірсін...» деп басымнан сипап, көп басу айтты.

Осының бәрі ашу ма, әлде жастық шақтың елестері ме, дәл сол сәтінде оған көңіл қойған ешкім жоқ. Артықбек қасында үнсіз тыңдап отырған сүйген жарына осындай өткен күннен үзік-үзік сырлар шертіп еді...

\* \* \*

Қарашаның алтысы Артықбек пен Зәбира үшін өте қуанышты күн. Үй-іші өмір ағынының өткен тірлігімен төрт жерге бөлінген болатын. Өздері өскен кара орманында түйдей түгел бас қосып отыр. Бұрын сырттағы балалардың бірі келсе, бірі келмей қалушы еді. Әке мен ана үшін балалардың түгел көз алдында болғаны қандай тамаша!

— Мына менің жолдасыммен танысып қойыңыз тәте, жеңеше,— деп Мейрамбек өзімен ерте келген ұзын бойлы, мұртты орыс жігітін көрсетті. Ол да тосырқамай «есімім Федя» деп бәрімен танысып шықты.

Бір үйде қаншаусың, бір-біріңе меймансың деген осы екен. Лақтай секіріп, тайдай тебісіп, іркес-тіркес тете өскендердің арасы біржарым-екі жастан. Ауылда жүргенде балалық балғын сезіммен сағыныш деген сөздің кәдірін жете түсіне бермейтін ересектері сырт жерде білсе керек, ел ішін аралағандағы көрген-түйгенін айтып, қызық-қызық әңгімелер таусылар емес. Балалардың ортасында отырған Артықбек пен Зәбира бәрін бірдей са-

ғынса да, көптен бері көрмегені Мейрамбегі болған соң, жүзінен көз алмай қарап, азбай-тозбай бес үлкен үй салып келгеніне дән риза сияқты.

Әлгі Федя жолдасын ерте келуінің де бір сыры бар екен. Ол суретші болып шықты. Үй-іші, бала-шағаны төрт көзі түгел кезінде суретке түсіріп, ескерткіш ретінде қалдыратынын естігенде әке мен шешенің төбесі көкке жеткендей қуанды. Әрине, мұның бәрі күміс тойдың қамы. Мұндай тойды газет-журналдардан оқығаны болмаса, бұл өңірде кім жасап көрген?! Әр баланың орны бөлек қой. Қанаттыға қақтырмай, түмеықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсіріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондыру ата-ана парызы болса, сол мақсатына жету арман емес пе?! Міне, сол арнаға енді-енді қосылам ба деген сезім жетегіндегі үш баласы сырттан келді. Кезекпе-кезек үшеуі күміс той туралы ойларын ортаға салып, «қысқа жіп байлауға келмейді, байлауға келсе де күрмеуге келмейді» деген әкесі мен анасының пікірін кері сырып қойды. Осы тұста оныншы класта оқып жүрген қызы Әлия да бауырларының сөзін қостай жөнелді.

Барлығы да ортақ пікірге келіп, тойдың болатынына көзі жеткеннен кейін қызы Ғалия да қызыл портфельдің аузын ашып, үлкен кітаптай ақ қағазға оралған бума-ның жібін шеше бастады.

— Мынау арнайы сіздерге әкелген откриткаларым,— деп біреуін көрсетті. Бірінші бетінің үстіңгі жағында күміс жалатқан 25 деген сан мен күміс той деген жазу тұр. Ішкі екі беті ақ күйінде, оның оң жағына семья мүшелерінің суреті, екіншісіне бірауыз өлең түсіріп, баспаханаға тапсыру ұйғарылды.

— Тәте, ақындығыңыз бар емес пе, ойланып шығарыңыз, жеңіл өлең болмасын,— деді Ғалия.

— Қарағым-ау, мұның жұмысы көп екен ғой,— деді әкесі.

— Әрине, көп. Әйтпесе, күміс тойды әркімдер жасай бермей ме? Сіздердің жастық шақтарыңыздың Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі ауыр жылдарда өткенін біз жақсы білеміз. Қазір қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын тыныш заман. Бейбіт күнді сыйлаған туған Отанымыздың қамқорлығында шек жоқ. Ендеше, біз де өскелең өмір талабына сай болуымыз керек. Осы тұрғыдан келгенде күміс тойдың жұмысы көп екен деп қиналма-



ңыздар,— деді балалары Артықбек пен Зәбираға. Осы сөздерден кейін Артықбектің бастан өткерген жастық күндері ойына қайта оралды...

\* \* \*

...Әке қоры таусыла бастаған. Оның үстіне мектепке баратын күні де жақындап, көшіп-қонып жүрген қойлы ауылдан колхоз орталығына біржола қоныс аудардық. Жоғарыда айтып кеткен әкемің інісі Әлештің үйіне кіріп алдық.

Үмбетқұл әрдайым қасындағы адамдарымен топырлай келіп, қонып кететін-ді. Есірік немені пайғамбарындай таңсық қылған кәріпке не дейсің. Неге екенін білмеймін, оларға қой союлы, арақ-шарабы қоса дайын тұратын. Күні-түні мас болып, үйді опыр-топыр ғып жатқаны. Маған ең қиыны Үмбетқұлдың мініп келген аты. Өйткені, қыр арқасына жайдақ мінгізіп жіберіп, алыстағы жайылымға тұсаттырады. Қасарысып барғың келмеседе көбіне шешем жұмсайды. Көңілін қимамаймын. Бәрінен де таңға жуық өрістегі атты алып келуге жұмсағаны өтіп кетеді. Тәтті ұйқымды қимамаймын. Амал жоқ, қорыққанымнан сүйретіліп әрең барамын. Ұстаған атты ойға, не арықтың ішіне тартып, жуас болса мініп келемін. Ал асау болса жаяу жетелеумен әуреге түсемін. Жығылғанға жұдырық демекші, бәрінен де атты тұсауға немесе қайта алып келе жатқанда көшедегі елдің біздің үйді сөз қылатыны өзегімді өртеп жіберетінін қайтерсін.

«Мына Сәтібардың баласының қабырғасы қатпай жатып, көңілдесінің атын ертелі-кеш тұсатып, алдыруын қарашы. Бір жерде мертіктіріп, жығып кетсе не бетін айтады? Некелесіп, әйгілі ғып қосылғаны емес, күйеуінің бар байлығын жетімдерінің аузынан жырып алып, осының жолына құрбан етті». «Жаманның қойнына жатқанша, жақсының аяғына жатайын...» «Байғұс әкесі қандай болып жүргенде көріп еді, енді есіл баланы қорқылды-ау» деп мені аяғандар күбір-күбір сөз қылса, енді біреулер: «Өгей әкең келіп, құдайларың жарылқап жатыр екен ғой» деп кекеткенде інemen шаншып алғандай сезінемін.

Сондай күндердің бірінде қатты ызаға булыққаным әлі есімде. Өрісте жүрген біздің жүйрік торы биені мініп

желіпті. Бұрын оның оң жақтағы көзін қамшымен ұрып ағызып жіберген де осы сұмырай болатын. Кейіннен е: «Сәтібардың соқыр бнесі» десетін. Елдің күлгені бар іште қызғаныш бар соқыр бнені тұсамай бос жібере салдым. Үйге тұсадым деп өтірік айттым. Келесі күні іздегенсіп, өріске барып қайтып келдім.

— Тұсауын үзіп кеткен бе, бне жоқ,— дедім.

— Неге жоқ?

— Білмеймін.

— Сенің тұсағаның өтірік, тұсауы мықты болатын,— деп Үмбетқұл шапалақтың астына алды-ау келіп. Құлап түскен жерімде аяғымен үсті-үстіне тепкілей жөнелді Есімнен танып қалыппын.

— Енді өлтіресің бе, жетті ғой,— деп анам қорғаламағанда не боларымды кім білсін? Жылаумен көзімнің алдын көл қылғаннан басқа қолымнан не келеді? Шіркін, ара түсер ағайынымның жоқтығы-ай. Осының бәрі шешемнің кінәсінен екенін біле тұра іштен тынып, талай қорлықты бастан өткердім.

Есім кіріп, елден естігенім. Мен ана құрсағына бітер бітпесімде анам түс көріпті. «Сен ұл туасың, атын Артықбек қой» деп біреу аян берсе керек.

— Қойшы, құдретке асылық жасамайық. Әуелім көзге көрінсін де, оның қызығын мен көре алмаспын, сен көрерсің. Әйтеуір, Сәтібардың баласы бар екен деген атқа не болсам, соған да шүкір,— дейді екен әкем. Кейіннен мен туған соң:

— Е...е, Сәтеке, жаманың жігіт болып жатыр ма? — дегендерге:

— Менің Артықбегім бір жасқа келгенде бір колхоз екіге келгенде екі колхоз сұрайды,— деп қалжындайды екен. Сөйтіп, жүргенде көрген қолпашы бүгінде бір алаяқтан таяқ жеп жүр. Бұл құдыретке, бұл тағдырға не шара, бәрін адамның өзі істейді ғой.

Үмбетқұлдың әйелінің де азулы, көк долының өзі екенін көзің көрді. Мұндаға дейін әйелімен ұрысып-таласып жүріп, менің шешемнен қол үзген жоқ. Кейін біздің үйдің қоры таусылған соң ғана қарасы қараңғыға батқандай жоқ болып кетті. Сөйтіп, жүріп некесіз екі қыз туған шешем ақыры ауру-сырқауға шалдықты. Осы екі қызды арқалап жүріп мен өсіріп едім. Бөрінің күшігін қанша асырасаң да ит болмайды демекші, екеуіне істеген еңбегімнің еш болғанын ел-жұрттың аузынан

естіп те жүрсін. Мейлі, көңілім ақ, тағдыр сол жақсылықтарымды балаларыма сыйласа болды.

Табиғат та, тағдыр да, құдырет те осы адамның іс-әрекетімен ұқсас бола ма деймін. Балаларымның қазіргі ой-өрісі әр нәрсені көз алдыма әкеліп отыр. Мен де солардың әкесі болсам, мені де сөйтіп тілеуімді тілеген әкеме не опа көрсетіп отырмын, деп кейде терең ойларға да кетемін. Бұл дүние жалған дүние ғой. Айдаладағы Үмбетқұл іргемізге дейін ауыстырып, шаңырақты шайқалтып, ойран салмады ма? Салды. Бірақ мұның бәрінің соның алдына айнымай келгеніне аң-таңмын...

\* \* \*

Үмбетқұл Хантаудағы Теріскей дейтін мал жайылымындағы орталық штабта сатушы болды. Бұл дүкенде істеген төрт жылдың ішінде бақандай жиырма бес мың сомды арқалап шыға келді. Жұртшылық мұны алаяқ сұмның өзі ішіп-жеп қойғанын біле тұра тағыда кеңшілік жасады емес пе? Шіркін, халық — қазына деген рас-ау! Осы жолы да Үмбетқұлды халықтың құтқарғанын өзің де білесің.

Жексенбі деген қария көпшіл жақсы адам еді ғой. Шу өзенінің ар жағын адақтап бітірген ол жетпеген соң біздің колхозға тағы жылу сұрап келмеді ме?

Сонда Жексенбі маған келді.

— Бұл елдің өлгеніне — бата, тірісіне — көңіл дегенді білмейсің. Қашанда істі болғанда бір-ақ келесің. Сенің құның бітті,— деп түк бермепті ел. Сен қазір тізгінінді ерте игерген жігіттің бірісің, алымды-шалымды болып, айтқаның келіп тұр. Сен ұйымдастырсаң, бәрі берелі,— деді.

Жақсылыққа жақсылық әркім істейді.  
Жамандыққа жақсылық білген істейді,—

дегенді халқымыз тегін айтпаған, жетім жүрегім тас болып қалсада кешірімге келіп, ортаға жүз сом тастадым. Сол-сол-ақ екен, әр үй шама-шарқына қарай бере бастады.

Ол-ол ма, көрші бір колхозда қой бағуға шыққанда тағы да мойнына тоқсан қой мініп, оған және бір қойымды бергенім бар. Біреуге зорлық-зомбылық қылған адам өмірбақи жарымай өтеді деген рас екен. Оның жасаған

ірі-ірі үш қылмысын да жасырған бастықтар қай оған бастықтар дейсің. Алаяқ Үмбетқұлдың былығымен ша тасқандар гоі. Өздері де қабат кететін болғандықта заң орындарына бермеген. Сөйтіп, ол қылмыстарына құтылып отырған.

Дегенмен, халық оны қаншама рет өлетін жеріне құтқарса да тағдыр талқысынан құтыла алмады. Қазі әйелі жоқ, қорлықты да, зорлықты да жалғыз ұлына келінінен көріп отыр. «Қызыма сөйледің ит қақбас» деген келіні басынан тепкілеп жатқан жерінен бір ағайында ры ажыратыпты деген сыбыс та бар. Осындай күйкі өмі ақыры онын да басына түсті. Өбден ішкіліктің құлына айналды. Тіпті көше қыдырып, әр үйден стакан тінті кеткен Үмбетқұл далада жатып қалатын болды.

— Әрине, мен мұндай мүсәпірлікті оған тілемеймін, деді Артықбек Зәбираға. Ол да адам баласы, ет пе сүйектен жаратылған. Кезінде білместігі болған шығар Бірақ Үмбетқұлдың ғұмыры өмірбақи сұраншақтықпен сұғанақтықпен өтсе, ендігі, кезек жалғыз ұлына ауысқанына таңмын...

\* \* \*

Артықбек пен Зәбира балалары айтып кеткен со тойға қамданбасқа шара қалмады. Қыстың көзі қыра екені мынау. Оның үстіне бірінен соң бірі әжетке жеті тұрған балаларының бірінің тойы болса бір сәрі. Жан қосылған жастар құсап үлкендердің төрдің алдынд отырғаны ерсі сияқты. Әрине, өздеріне салса, бұл тойда істегісі жоқ. Хабарын хаттан естігенде бізді естерін алғанының өзі жетер дегені белгілі. Қанша қарсылық білдіргенімен сегіз бала сүйкімді мейіріммен, балда тәтті тілдерімен аймалағанда уәде бергендерін өздер де білмей қалып, аяғы шындыққа айналды. Енді айтқан дарын орындау керек. Ең қиайтыны бір шумақ өле жазыңыз дегені. «Әншейінде ауыз жаппас, той дегенд өлең таппастың» кері келіп тұр. Неше күн болды, әр нәр сені бір шатып, жөнді өлең жолдары туар түрі жоқ. Қайта-қайта жазып, қайта жаратпай сызып тастайды.

«— Тәте, бір шумақ өлеңің жеңіл шықпасын» деген Ғалияның сөзі ойынан кетер емес. Не керек, ақыры мен на шумақты әрең құрады-ау:

Шаңырақ көтергелі ширек гасыр,  
Толғанып қос тағдырлас тойлап жатыр.  
Қостауға соңғы дәуір сыйып жырлап,  
Кел достар, куәгері болдың ақыр,—

деп әлгі отырысқа семьясының түскен суретімен қоса  
баспаханаға бастырды да елге таратты. Тойға деген бі-  
рен-саран дайындығын және жасап жатыр...

\* \* \*

Осы екі ортада тағы шегініс жасап, Артықбектің со-  
нау күндері жоқ іздегені қайта ойына түсті. Өзі үйлі-  
жайлы болып, басына түскен тапшылықты тайдырып  
үлгірген азамат күндердің күнінде анасына:

— Апа, әкемнің жатқан жерін көрсетіңізші,— деді.  
Тосын сауал болғаннан кейін бе, әлде жақтырмады ма:

— Не дейсің? — деді ана кісі жұлып алғандай.

— Әкемнің бейітін көрсетіңізші.

— Оны не ғыласың?

— Керек еді.

— Айтсайшы,— деді анасы қайталап.

— Бір белгі қойсам деп едім.

— Қандай белгі?

— Тастан.

— Қарағымау, оны білмеймін. Ұмытып қалыппын.  
Әйтеуір көп бейіттің ішінде ғой.

— Жарыңыздың жатқан жерін неге ұмыттыңыз, он  
үшімде қосыламын деп отырсыз?

— Қайдан білсін, жылап-сықтап жүргенде сол ойы-  
ма келмейті.

— Қанша жыл жолдас болдыңыз?

— Он тоғыз жыл.

— Бір күндік жолдасқа қырық күн сәлем деген, он  
тоғыз жыл жолдас болған жарын ұмыта ма екен? Екі  
баласы ізіндей боп соңында қалды. Әрдайым «әкеңнен  
қыруар мал қалып еді, игере алмай, көрінген жеп кет-  
ті,— деп отырсыз. Соның бір жетім қозысын өзіне жұм-  
сап, бейітіне белгі қойсаңыз, бүгінде тауып алатын едік  
қой».

Бұған жауап қайтара алмаған анасы төмен қараған  
күйі үн қатқан жоқ. Артықбектің әлгі сөзі оқтай қадал-  
са керек, анасын отырған орнынан еріксіз тұрғызып  
өкетті. Осыдан бастап, «мен білемін» дегендердің та-

лайын бейітке ертіп барғанымен одан еш нәтиже шығара алмады.

Әкесі Сәтібардың қатары Үсен қарияға жолығып:

— Ата, менің әкем туралы не білесіз? Жатқан жерін таппай қойдым. Өміріндегі тірнектеп жиган-тергенін итер жеп кетсе керек, не өзіне, не артында қалған балалары — бізге, не өкіметке бұйырмапты,— деді Артықбек.

— Оған әкең кінәлі емес, мына шешен кінәлі,— деді Үсен қария.

— Әкемнің де әркімге істеген озбырлығы бар ма деймін. Сол үшін әркім өз пиғылынан табатын көрінеді. Мәселен, Үмбетқұлды ел өз пиғылынан тапты дейді ғой.

— Сен олай деме, балам. Сәтібардың ондай инеті болмаған адам. Соғыс салған ылаң жалпы халыққа бірдей тиді. Соның қарсаңында кездескен сәтсіздіктерге тікелей кінәлі шешен деп тағы бір жолы қайталап айтам. Үмбетқұлдан аулақ жүргенде шешене шыбын да қонбайтын еді. Егер еріксіз зорлық қылса ағайын-туған ел бар емес пе? Оған да көнбей бара жатса, өкіметтің әділ заңы бар ғой. Сендерден талай малды зар жылатып тартып алғанын да естідік. Сәтібардың тұрғызған баспанасын сатып жібергенін де естідік. Міне, осы озбырлығын шешен не ағайынға, не өкіметке білдірген емес. Демек, шешеннің өзі кінәлі.

— Ата,— деді тағы да Артықбек,— әкем елден бұрын малды болып, қоғамға, немесе жеке азаматтарға зиянқестік жасаған жоқ па екен?

— Сәтібар қой баққанда мен ешкі бағушы едім. Сол кезде жас та болсаң шет жағасын сезетін шығарсың. Осы өңірдегі өз шаруасын дөңгелетіп, ерте игергендердің бірі еді. Малды болғаны сондықтан. Қолы бар болған соң ба, жетім-жесір, кембағал жанға, жоқ-жұқанаға көп қарайласатын. Саған жағынайын деп отырғаным жоқ. Ондай адамдардың өз аузынан да естіп жүрген боларсың.

— Кішкене күнімде біздің үйге аттылы адамдар топ-тобымен келіп, үзілмеуші еді ғой. Олардың кейбірі мені ерінің алдына отырғызып, қыдыртатын. Сондай кезде мен жеті атама дейін өлеңдетіп жатқа айтып беруші едім. Әкем өлген соң бәрін ұмыттым.

— Оның рас, Артықбек. Мен Сәтібармен көп жыл бойы көрші тұрдым. Өте ақкөңіл, көпшіл адам еді. Дәулетті болған соң, адам баласы пенде ғой. Колхоздың ат-

қа мінер активтері мен қариялардың бірдеме шығатын, алатын, жеп-ішетін жерге келетін әдеті бар емес пе?

— Сәткешнің мырзасы — Артықбекке сөлем бере келдік, деп өзінді желеуғып, бетке ұстай келетін. Сөйтіп, саған жеті атаңа дейін жаттататын. Бәрін үйретіп болған соң:

— Сәтеке, мырзаның жігіт болды, жеті атасын біледі, деп қойын сойғызып, ішетінін ішіп жататын. Ал әкең қайтыс болған соң олар да ізін суытты. Саған қолпаштап айтқызатын адам жоқ. Аталарың түгілі өз әкеңнің қай жерде жатқанын таппай жүргенін мынау. Пендеміз ғой деген сөз осындайда бәрімізге тиеді.

— Ата, сіз әкемді жоқ-жұқанаға қарайласатын дедіңіз. Өзім де шет жағасын естіп жүрмін. Бірақ сол кісінің ишетіле қарай не тағдырдан, не адамдардан оған деген түк те ишарат көрмедім. Керісінше, жығылғанға жұдырық дегендей, жатқан орны белгісіз. Сол үшін де оны көп ойлаймын. Әкеме деген махаббатым тым ыстық. Онымен бірге болған адамдардан, көзкөрген қатарларынан сөзі мен ісін білу үшін әрдайым сұрау салып жүремін. Бір жыныда «мына Артықбектің әкесі Сәтібарды ұмытпаймын» деп сонау Кавказдан келген әзербайжан жігіті Халит деген айтты.

— Ұлы Отан соғысының соңғы жылдары бұрын естіп көрмеген-білмеген осы Қазақстанға дәм-тұз тартып көшіп келген едік, — деп бастады сөзін. Мен онда жаспын. Әкем көп ағайындардың үлкені еді. Сөйтіп жүріп, бір күні мына Артықбектің әкесі Сәтібармен танысады. «Мен бүгін бір мейірімді қазақпен таныстым. Жағдайымды айтып едім, мына күріш пен ұнды берді» деп әкем екі бөліп бұған қапты алдымызға тастай салды. Әлі есімде ол кісі кейін бізге лақты ешкі берді. Келер жылы өзі де, лағы да егізден туды. Сөйтіп, арада екі-үш жыл өткенде бір қора ешкі болып кетті. Біз сол ешкілердің сүтімен күн көріп өстік. Біздің әулет Сәтібардың арқасында тірі қалды, — деп көпшілікке Халит айтқанда қуанышым қойныма сыймай, бойымды мейірім шуағы билеп кеткендей болды.

Кейіннен Халит қойма менгерушісі болып тұрғанда «Сәтібардың жетімдеріне бер деп айтты» деп шешем бірдеңелерді әкеліп жүретін-ді.

— Балам, — деді Үсен Артықбекке, — әкең сондай болатын. Тағдырдан, бұл өмірден түк те ишарат бұйыр-

мады дегенің бекер. Оның артында тағзым етерлік сендер барсыңдар, ғой. Балам өсіп, келінді, немерелі болмадым деп қапыда кеткені болмаса. Сендер Сәтібарды жоқтатып жүрген жоқсыңдар, бәрекелдіден басқа. Сенен басқа туғандары да есімін елге жайып жүр. Марқұм есімінің мұнап да ұзақ елге паш стилмесіне кім кепіл. Баяғыда біреу өлді десе, естіген адам «шын өлді ме, өтірік өлді ме?» депті. Мұныңыз не дегенге «артында ізіндей боп баласы қалса, өтірік өлгені, баласыз болса, шын өлгені» деген екен. Сен жеңіл ойлама. Сәтібардың бейітің іздеп, өмір-тарихын көз көргендерден сұрап-біліп, жазып алып жүргеніңнің өзі оның тірі екендігі. Тек өзіңді ойламай, өткен күн мен келер күнді ойлауыңда сыр бар. Тағдырдың бұдап артық сыйы жоқ.— Осы жерде Артықбектің ойына бұрынғы даңалардан қалған «дүние жалған» деген сөз түскенде көзінен моншақтай жастың үзіліп түскенін өзі де байқамай қалды.

— Осы Мейрамбегімнің ана хатынап бері ойыма әр нәрсе келетін болды, дегеніңде «кой, мұның не? Сен-ақ қайдағыны бастайсың да тұрасың, басылып, жалтақ болып өскенсің» деп баяғыда айтып едім ғой, соным рас болды емес пе? — деді Зәбира.

— Қайдам, отыз жастап аса бере-ақ алды-артымды көп ойлайтынды шығардым. Қорыққан мен қуанған бірдей деген сол шығар,— деп тұңғыық ойға тағы беріліп кетті Артықбек.

\* \* \*

Желтоқсан айы, қыстың қытымырлығы өзіне жарасқандай. Аспан әлемі ешкімге сыр ашқысы келмегендей қатулы күйде. Не жауыннан, не қардан хабар жоқ, түнерген қалпы. Барометрдің қызыл тілі пәлден төмен құлдилап отыз жетіден бір-ақ шыққан. Әйтседе, табиғат тәлкегінен адам баласы қаймыққан ба?! Артықбек пен Зәбираның қосылған күні айдың он үші болғындықтан күміс тойды дәл сол күнге белгілеген-ді.

Дайындық өз үйіне жасалған. Үлкен де ұзына бойына «П» әріптес қойылған стол үсті түрлі тағамнан жайнап кетті. Әр түрлі бұрама наннан басқа, ет, шұжық, ірімшік салынған ыдыстар қызылды-жасылды көкөністер — жүзім, алма, өрік сияқты жаздың жеміс-жидегі дастарханға ерекше сән беріп тұр.



Үй ішіндегі басы артық заттың бәрі күні бұрын бір белмеге жинастырылған-ды. Мұнда қалғаны үй иесінің кітапханасы ғана. Еденнен бастап төбеге жетеқабыл сөрелерді әйгілі жазушылардың шығармалары сықаса алып жатыр. Көзге бірден шалынатыны қазақ энциклопедиясының том-том тізбегі. Төрдегі қабырғада үлкен кілем, оның ортасынан «25 жыл», ал үстіңгі жағы мен төменгі етегіне икелік өмірдің күміс тойы деген жазуды оқуға болады. Бұл дайындық балаларының күндізгі ісі. Кешкі отырысқа дейін әлі уақыт бар... Артықбек тағы да ой артынан ой кешіп, өткен күндерін есіне алып жатты.

...Жасаулы тұрған дастархан шетінде жалғыз отырған Артықбек мына көрініске риза. Бұл өткелі жатқан күміс той дастарханы. Ширек ғасыр қол ұстаса тіршілік кешіп келе жатқан екі жанның өмір өткелдерінің белгілері мен берекесі.

...Бір заманда осы үйдің «несі» болған Үмбетқұлдың аузы-басы қисаймай-ақ «Сәтібардың түтіні өшті, ендігі жерде мұның бәріне мен қожамын» деген мысық тілеуін еріксіз ойына алды. «Сонда ол Сәтібардан қалған Артықбек пен Әбдіманатта келешек болмайды, болса да үй санатына, азамат қатарына іліне қоймас дегені ме? Ол қай айтқаны? Ой, сұмдық-ай! Құдырет, құдырет, құдыретке не шара» деп ішінен қайталай берді.

Үмбетқұлдың Сәтібар шаңырағына кезінде істеген қиянаты бүгінде өз алдынан аумай келіп, күйіктен күрт түсіп, тілсіз жатқаны анау. Бұл дертінің емі табылуы да екіталай деседі жұрт. «Қойшы, бұрынғы өтті — кетті, жамандыққа жамандық тілемеймін. Тағдыр оған әлі жарық күн сыйласа екен» деп іштей күйзелді Артықбек.

\* \* \*

Өз салтанаты өзіне жарасқан күміс тойды ауылдық кеңестің хатшысы Шәкен Тұрмаханбетова ашты. Жас жұбайларға айтылатын «Жар-жардың» сөздерін осындай рәсімдерге лайықтап әрлеген екен, жиналған жұрт күлкі-қалжыңын араластыра оны да шырқап жатыр.

— Артықбек аға мен Зәбира жеңгей, бүгінгі кеште сіздердің шаңырақ көтергендеріңізге жиырма бес жыл толуымен құттықтаймын,— деп бастады Шәкен.— Сіздер

осы ширек ғасыр барысында талай қиындығы мен қуанышы мол өткелдерден сүрінбей өттіңіздер. Ой-армандарыңызды бір арнаға тоғыстыра отырып, татулықтың, ынтымақтың, махаббатты кіршіксіз таза сақтаудың арқасында үлгілі отбасылар қатарына көріне білдіңіздер. Еліміздің және халқымыздың игілігі жолында қажырлы еңбек етіп, талай-талай мақтауға бөленгендеріңіз соның куәсі. Үріп ауызға салатындай сегіз ұл мен қыз өсіріп отырған бақытты ата-анасыздар.

Отан алдындағы азаматтық борышын абыройлы атқарып келген тұңғыштарыңыз Мейрамбек ауыл шаруашылығы техникумының соңғы курсына оқып жүрсе, үлкен қыздарыңыз Ғалия Алматыдағы Ленин атындағы политехникалық институттың үшінші курсына, одан кейінгі балаңыз Назарбек те осы институттың екінші курсының студенті. Оныншы класс оқушысы Әлияңыз да оқу озаты, белсенді, қалған балаларыңыз да мектеп қабырғасында жақсы қасиеттерімен көрініп келеді. Міне, осының бәрі шаршап-шалдығуды білмейтін, кездескен қиындықты жеңуде қайсарлық көрсетіп жүрген скеуіңіздің тәрбиеніңіз. Сіздердің отбасыларыңызға ауылдық кеңестің атынан үлкен бақыт, зор денсаулық тілей отырып, бүгінгі күміс той келешекте Алтын тойға ұлассын,— дей келе бүгінгі кешті ашық деп жариялады.

Шәкен өзінен кейінгі алғашқы сөзді той нелерімен жасынан бірге өсіп, мектепте бір партада отырған, осы ауылға Зәбирамен бірдей келіп болып түскен әрі үйлену тойында қыз жолдасы болған Жаңылға берді. Ол Зәбирамен бірге өткізген балалық күндерін, құрбысының Артықбекке қалай қосылғанын, бүгінгі күнге дейінгі өмір жолдарын жан-жақты баяндап, небір қызықты сәттерді еске түсірді. Одан кейінгі Артықбектің тағдырласы, бір төсекте құшақтасып жатқан Алтынбектің де сөздері жұртты қатты риза етті. Ауылдық кеңестің осы күміс той нелеріне арналған құттықтау хаттарынан кейін Артықбек пен Зәбира және «күйеу жолдасы» Алтынбек пен «қыз жолдасы» Жаңыл төрден орын алды. Осының бәрін суретші жігіт қайта-қайта түсірумен шарқ ұрып жүр. Жиналған қонақтар той дастарханына екі жарыла әрі тола жайғасқан.

Асабаның билігімен әрбір шығып сөйлеген адамның құрметіне төрдегі төртеуі қайта-қайта орындарынан тұрып, ізет көрсете бас неді. Әзіл-қалжың да кемерінен

аса тасып-төгіліп жатыр. Айтылған ән, тартылған күй құлақтан кіріп, бойды алды.

Арадағы біраз кідірістен кейін сөз ендігі жерде Артықбектің анасына берілді. Ақ қырау басқан шашы, қажытқан көріліктің белгісі болса, маңдайындағы қатпар-қатпар сызық қайғы-қасыретпен қабат жүрген қилықты өмір жолы екенін Артықбек жақсы біледі. Адамға анық қадалып қарай алмайтын жасқаншақ қой көздерінің арғы жағында көп сыр мен мұң бар. Осы бір сәт ойына не түспеді дейсіз? Жасындағы ісі анау болса, қартайғандағысы мынау, шындыққа жүгінбей, кейінгі қыздарының шылауында кетеді. Осы той — тұңғыш баласының тойы — неге шарқ ұрып, шаттанып жүрмеске?! Осы келгенінде де «мына шешесінің көрген күні құрсын» дегізгісі келгендей, қалай болса солай, ескі-құсқы киімдерін киіпті. Оның сыры белгілі болғандықтан Зәбира келіні алып қойған киімдерін кигізген.

Жарым көңілден шыққан жадау сөздер жұртты жадырата қоймағанымен апаның аты — ана. Артықбек пен Зәбира түбін ойлап, тұнжыраған ішті жақсы тілекке жөндіріп, шырайлы жүздеріне кір жуытпай бақты...

Тойдың осылайша тасып-төгілген көңіл күй үстінде басталуы Артықбекті қайдағы бір ғажайып сырларға жетелей түскендей болады. Қиял шіркін бірде биіктеп, көкке шарықтап кетсе, енді бірде мына топтың ортасына қайта соғып, өткен өмір белестерін көз алдына қайта-қайта елестете береді.

Дәл осыдан жиырма бес жыл бұрын дәл осы күнгі таң ертең тұрса қар тізеге жете ғабыл жауған екен. Артықбек анасымен бірге ауланы тазалап жүріп, бір кезде:

— Апа, мен бүгін келін түсіремін,— деген сөздің аузынан қалай шыққанын өзі де білмей қалған.

— Не дейсің? — деді анасы жақсылық хабарға қуану орнына төбесінен жай түскендей шошынып.

— Мен бүгін үйленемін.

— Қай жақтың қызы еді?

— Көрші ауданнан.

— Қой қарағым, мұның асығыстық. Қардың жауғаны мынау. Баратын жерің де алыс екен. Оған көліктің де реті келмейді. Жағдай да шамалы. Адам алған оңай емес,— деген.

Шынында жағдайдың солай екені рас еді. Бірақ Артықбекті жетелеген бір құдырет бар болатын. Ол тек

қана үміт оты еді. Ақыры тағдырлас жолдасы Алтынбек екеуі көлік іздеп жолға шықты. Осы ауылға беделді деген ағайын-туғандарынан бастады. Үйленетін Артықбек әдеп сақтап, үндемей тұрады да баяғы жағдай айтушы Алтынбек.

— Ағай, ініңіз үйленетін еді, соған көлік тауып берсеңіз.

— Қашан? — деді қабақ шытып, жақтырмаған бір туысы.

— Бүгін.

— Осындай көк мұз, қалың қарда адам үйлене ме? — деп құптап, қуану орнына сөге бастады.

— Келісім солай болып қалды,— деп жатыр Артықбек.

— Қай жақтан әкелетін едіңдер?

— Көрші ауданнан.

— Оған көлігін кім береді? Қар ашылып, әлі жол түскен жоқ. Қарға омбығып жатайын дедіңдер ме? — деп кекетіп, талай жерге апарып тастады әлгі туысы.

Көшеден көше қоймай, ауылдан ауыл қоймай, көлігі бар жерді шарлап шыққанша түс ауды. Сол күні сол екі жетім кімге керек? «Бұлар да үйлі-жайлы болады, адам қатарына қосылады» деп кім ойлаған? Ең болмаса жақын деген ағайының өзі «талабыңа нұр жаусын» деп бата беруге де жарамады-ау. Бірақ анасының өзі қарсы болған соң кімге өкпелеп, кімге мұңын шақпақшы? Тек қана ең жақыны әрі сырласы Алтынбек болып шықты. Артықбекпен бірге көлік іздеп сабылып жүр. Олар осылай шарқ ұра жүріп кездескен ашық жүк машинасына отырып, аудан орталығына да барды. Қисыны келмейтін жұмыстың киноы кетеді, демекші бір үлкен колхоз бен аудан орталығын түс ауғанша арапап, теңіреумен босқа сандалды. Табиғат та бар қаталдығын желтоқсанның он үшінше сақтағандай қарды төгіп тастады. Қаншама қансорпалары шықсада соншама адамның ішінен бір пенденің мейірімі түспей тұрды. Әйтседе жастық шақтың өжеттігі ме, бұлар да алған беттерінен қайтпады. Ақыры ешқандай көлік табылмаған соң аялдамаға барып, соңғы автобуска жұртпен бірге қысылыса отырды.

Автобус зымырап келеді. Екеуі де оның жүргізушісіне жақындай түсіп, оңаша сөйлесудің ретін іздеген әбігер үстінде.

— Біз бүгін үйленетін едік, қайтарда қызды ертіп келгенше аздап аялдай тұрасыз ба? — деуге бірінің ба-тылы әрең-әрең жетті.

Түсі жылыдан түңілме деген рас екен-ау.

— Құтты болсын, екеулерің де үйленбексіңдер ме?

— Жоқ, біреуміз, — деді ара кісі Алтынбек.

— Бүгін кеш болып қалды ғой, соңғы рейсті жолаушылар асыға күтіп отыр. Ыңғайы бола қоймас, — деді жүргізуші.

— Уәдеміз бүгін еді, ертеңге қалсақ үй-іші қызды басқа біреуге тұрмысқа бермек, — деп қыздың телеграм-масын көрсетті Алтынбек.

— Қиын екен, қиын екен, — деп жүргізуші басын шайқап томсарып отырып қалды. Енді бір сәт жұлып алғандай, — тәуекел, жолаушылармен бірге келінді алып қайтуға болмайды. Оларды қалаға жеткізу керек. Жарайды, есебін өзім табамын. Екі жасты қосып, куәсі болғанға не жетсін, — деп келісе кеткенде, екеуінің қуанышында шек болмады. Бұдан артық қайырымдылық, адамға деген мейірімділік болар ма? Ертеңнен бері бұлар не көрмеді? Қанша қиналса да бірде-бір береке тапқырдың кездеспегенін айтсаңшы.

\* \* \*

...Көрші аудан орталығындағы аялдамада автобус күтушілер баршылық екеп. Жолаушылар түгелдей түсіп болған соң:

— Автобус аздап ақаулы болып келді. Бір жерге барып, сол ақауын жөндейін. Мүмкін жөндеп бітпесек, ертең жүрерміз, — деді жүргізуші.

— Жөнденіз, жөнденіз, реті келсе бүгін-ақ жүріп кетсек дұрыс болар еді, — деп жұртшылық шуылдап жатыр.

Жүргізуші дереу көшені аралай жүріп, түпкірдегі адамдар сирек жүретін бұлтарыс жерге автобусты жа-сырып қойды.

— Көне, қыздарынды осы араға ертіп келе қойыңдар. Мен сендер үшін өтірік айтуға да бардым. Жұмыс аяғы ғой, — деді ол.

Қыздың мына тірлігінен үй-іші хабарсыз. Ертең өздерінше ұзатуға дайындық үстінде екен. Қыз уәде бойынша киімдерін чемоданға салып, өзінің қыз жолдасы

Бикешайдың үйіне қоюға тиіс. Қыз беп жігіт арасындағы хабар да осы Бикешай арқылы жалғаспақ.

Сәті түскенде түн де қоюланып, төңірек көзге түрткісіз шырттай қаранғы. Міне, тағатсыз күткен хабар да жетті.

— Келдіңдер ме? — деді Бикеш.

— Келдік.

— Неге кешіктіңдер?

— Көліктің ыңғайы болмады.

— Адам алу сендерге ойыншық па, сонда қалыңдықтың ешқандай құны болмағаны ғой...— деп Бикешай бізді біраз жерге апарып тастады.

— Жасыратыны жоқ, арнайы көліктің реті болмады. Қайта қайырымды мына орыс жігіті кездесіп, автобуспен алып қайтатын болдық.

— Қандай автобус?

— Қәдімгі ауданаралық маршруттағы автобус.

— Жолаушылар қайда?

— Оларды жүргізуші әдейі алмады, азар болса бір түн кешігіп барар деп...— Тіпті біз үшін өтірікке де барды. Біздің жағдайымызды біліп, аяп кетті-ау деймін.

— Онда жолдарың сәтті болар. Кім өтпеген көпір, кім жүрмеген жол, кім мінбеген көлік дейсің бұл. Қәні, мақсаттарың баянды болсын,— деп жолға шығарып салды Бикешай.

Көп орындықтардың қалаған жеріне отырып келе жатқан қалыңдық «атым — Зәбира» деп танысты жүргізушімен...

...Көпті жамандаған көмүсіз қалады демекші, көлікке көмектеспегені үшін ағайынды несіне жазғырсын? Ойламаған жерден орыс жігіті кездесіп, екі жастың тілегін орындады емес пе? Үйіне дейін алып келген ол қайтарында омбы қарға тығылып, әрең шықты. Сол бір орыс жігітінен көрген жақсылықты Артықбек күні бүгінге дейін ұмытпайды.

\* \* \*

Жоқтан бар болып отырған Артықбектің үйінің дайындығы белгілі. Үлкен той қайдан болсын, келер күннің кешінде беташары өтті.

Жиналған кемпір-шалдардың ішінен Қанжан апай:

— Оу, келін құтты болсын, той құтты болсын!,— деп ақ жарыла тілегін білдіріп жатты.

— Айтқаның келсін!

— Жазған, сенің шалың менімен түйдей жасты еді ғой. Бір аунап түскен шығар, баласының шаңырақ көтергеніне.

— Оған сөз бар ма!..

— Айтпақшы, құрдас-ау, сенің шалың менің түсіме кіріпті. Келін келіп түскен күні. Өнім екен деймін. Үстінде ақ көйлегі бар. Үлкен қуаныш үстінде.— Әлгі Артықбегімді көк өріс жазираға қондырдым дейді. Ой, сұмдық-ай, кәдімгі өнімдегідей. Ояна кетсем түсім екен. Қайтып жүргендегі көрген Артықбегі еді. О дүниеде де жатып ойлайды екен дедім. Ертеңгі оразамды ашпай жатып, байқұстың баласы өсіп-өнеді екен деп жорыдым. Сөйтсем, келінді сол күні әкеліпті ғой. Оны кейіннен естідім.

Бұған қуанған анам:

— Айтқаның келсін, құрдас-ау, айтқаның келсін! Шүйіншіңе қарыздармын. Әуелім, мен үйленбе дедім ғой, қарсылық білдіріп. Баяғы жағдайды ойладым.

— Оның бекер болған. Той қазынаныкі деген,— деді Қанжан апай. Міне, осылай опыр-топыр болып, әркім өзінің жас семьяға деген ақ тілеуін білдіріп жатты. Бірекі кезекті жұтып алған Жексенбай қарияның даусы ерекшеленіп:

— Ау, жеңге, келін құтты болсыңды,— айқайлап айтты.

— Айтқаның келсін!

— Мына келінің құтты келін болар, тойға арнап басқан палауың дәмді болыпты. Келін де дәмді, дәнді болар дегенді айтып еді-ау.— Сонда мыналар не айтып отыр, деп ерен қылмаған Артықбек қазір шашына қырау түсіп, егде тартқанда өмірдің өткен шақтарын еріксіз еске түсіреді. Үйлену оңай, үй болу қиын дегендей, мен үшін осылардың екеуі де оңай болмады-ау.

Әркімнің тағдыры әр қалай. Беташар рәсіміндегі тойсымақ өткеннен кейін қу тірліктің қуаңдығынан Зәбира жаңа түстім деместен «еңбектенейік» деді. Айтуға ұялып жүрген Артықбек те іштей қуанып, мақұл көрді. Сөйтіп, қосылғандарына аптаға жетпеген екеуі бір көрпе, бір жастығын алып, Құйғандағы товарлы-сүт фермесіне көшіп кетпеді ме?! Біреуі сауыншы, біреуі сиыршы

болып күн кеше берді. Замаң-ай, десенші! Қазіргі жас келіндердің ішінен екі-үш жыл сол үйдің қонағы іспеттес жұмыс істемейтіндері де кездеседі емес пе! Қаншама қиындық көрсек, соншама рахатын қатар-құрбыларымыздың көпшілігінен бұрын көрдік.

Бұл адам баласы ұмтыла берсе жетпейтін нәрсесі болмайды екен. Ойлаған мақсаттарымыздың бәріне жеттім десем өтірік болмас. Құдайдың мұнысына шүкіршілік. Мені мұндай болады деп кім ойлаған? Өз тізгінін өзің игеріп алып, артыла біреуге қол ұшын берсең, білгенге ол нбадат, білмегенге сені алдағандай екен.

Сөйтін, шаңырақ көтергенге дейінгі өмірімді есептемегенде, ширек ғасыр ішіндегі өмірімді екіге бөлгім келеді,— деп Артықбек ішінен қайтадан ойлана түсті... Тойды жүргізуші анда-санда көңілін бөліп қояды. Соншама көпшілікті еркін игеру де онай емес қой. Бұл сабазың әзірге іске жарап-ақ жатыр.

Пайымдай білгенге бұл дүниеде адамнан көмпіс ешнәрсе жоқ сияқты. Өткен күндердегі тіршілігімді ойлаған сайын осындай тұжырымға табан тірегендей бола беремін. Осы бір күміс тойдың хабары шыққаннан бері сонау әке болған өмірімнен бастап, оған әке мен бала арасындағы сүйіспеншілікті арқау етіп те көремін. Сөйткен сайын Мейрамбегім жазған ана жолғы хат ерекшелене түседі, сондағы лебіздердің мына күміс тойға ықпалы өте зор болды. Мейрамбегім сияқты әкем Сәтібарға болар-болмас жақсылығымды тигізбедім-ау шіркін... Ол кісінің тағдыры солай болса амал қанша? Сағынып жүріп әрең жеткен жарты ғасыр ғұмыры, біз туған соң бір сәлт еткендей болды да үміті орындалғанымен көретін қызығы өзімен кете барды...

\* \* \*

Осы өткен ширек ғасырдағы өмірімді екіге бөлсем дегендегі біріншісі мынау еді. Шаңырақ көтере бастауымның алғашқы бөлігі жоқшылықтың зардабын көргеннен кейін бе, тек қана баршылықты игеру үстінде, бір үйдің қамын ойлаумен өткен сияқты. Жетіжылдық мектепті бітіре салысымен еңбекке араласқаннан бері де талай уақыт өтіпті. Белгілі бір мамандығым да жоқ, ел қатарлы. Осыны ойласам, ішіме өрт толғандай ашды.



...Жаз айы. Арқан бойы көтерілген күн қызуынан бүгінгі күннің де ыстық боларын аңғару қиын емес. Егістік даланы қақ жарып үлкен тас жол жатыр. Оның бойындағы қарағаштар ғана ертеңгі уақыттың салқын табын сақтап, қыбырлаған тірі жанның барлығына пана болып тұрғандай.

Міне, солардың көлеңкесін паналап, Артықбек те үлкен жолдың бойында көлік күтіп тұр. Қағлез келген денесі, жүріс-тұрысы мінезінің жеңіл екендігін аңғартқандай. Бойы орталау, домалақтау бетінің сол жағындағы қалы бидай өңіне жарасып-ақ тұр. «Қашпақ болсаң зымыра» демекші уақыт өткен сайын тағаты таусылып, жолға алып шыққан үлкен қара чемоданды біресе ана жерге, біресе мына жерге бір көтеріп қояды.

Осы кезде жақын маңдағы ауылдан елуге таяп қалған анасының келе қалмасы бар ма. Жүзі тұтығып, бойын ашу-ыза кернеген сияқты.

— Әй, Артықбек! Әлі тұрсың ба? — деді анасы өктем сөйлеп.

— Иә, көлік болмай тұрмын.

— Көлік болмаса болмай-ақ қойсын. Менің құдайдан сұрайтыным, мына үлкен жолмен кім жүрмеді дейсің, осы ұлы жол үстінде аналық ақырғы тілегімді айтамын деп әдейі келдім. Ауру-сырқау анаң — мені, белі аурау ініңді, бір балалы келіншегіңді, екі кішкене қарындасыңды, барлығын тастап, төрт жылдық оқуға кетіп барасың. Мына жол куә, жол үстінде ақ сүтімді сенен кешпеймін, — деді. Осыны айтып жан-жағына қарап алды да, «енді бәріп тындырдым» дегендей келген жағына қарай бұрылып, жүрді де кетті.

Үнсіз қалған Артықбек не істерін білмей, шешесінің мынандай қарғысына әбден күйзелді. Тіпті, тоқтай қалған көлікті де елер емес...

Міне, Әулиеата қаласындағы зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумы директорының алдында отыр. Ол судай жаңа дипломдарға қол қойып жатыр екен. «Шіркін, біз де осылай бітіріп, дипломға не болар ма екенбіз?» деп іштей қызығуымда шек жоқ.

— Балам, қағаздарың дұрыс екен, — деді директор мұның ұсынған құжаттарымен танысқан соң. — Қолхоздан, аудандық комсомол комитетінен, аудандық партия комитетінен осы оқуға жіберілген жолдамаларың бар. Оның үстіне бес жыл мал бағыпсың. Мұның дұрыс. Бі-

рақ оқудан қол үзгеніне де біраз жыл болып, қарайып қалыпсың. Әйтседе, еңбегіңді мұғалімдер ескере жатар. Мен жақсылап табыстаймын,— деді де техникумның шалғай ауданға көшіп жатқанын ескертті.

— Ол осыдан қанша жер?

— Тоқсан шақырымдай.

Осы жерге жолпұлды әрең тауып жеткен Артықбекке ойланбасқа болмайтын еді.

— Ағай, мен үйіммен ақылдасып келейін.

— Мейлің,— деп директор қағаздарын қолына берді. Көңілсіз сыртқа шыққаны сол еді, жас шамасы өзінен үлкендеу бір жігіт кездесе кетті. Үстінде ақ кителі мен ақ шалбары бар, орта бойлы, мінезі жеңілтектеу сияқты.

— Мен сені күтіп тұрмын,— деп күлгенде кейбір тістерінің күміс екенін байқап қалды.

— Танысып қоялық, Асылбаев Айдарбек,— деді қолын ұсынып.

— Сәтібаров Артықбек.

Бейтаныс жігіт басқа ауданнан болды.

— Мен техникумға келсем, ол шалғайдағы ауданға көшіп жатыр екен. Қу далада не бар, одан да екеуміз серіктесіп осы қаладан басқа оқу іздейік,— деді Айдарбек.

— Қандай оқу?

— Кооптан бастайық.

— Кооп деген не?

— Тұтынушылар училищесі.

— Оны бітірген соң не істейміз?

— Сатушы боламыз.

— Ол қиын жұмыс емес пе?

— Оқыған соң оңай болады.

Сол жігіттің ықпалымен Артықбек ақыры тұтынушылар училищесіне түсті. Оқу жүріп жатты. Асылбеков кейіннен өзіне өзі «Промтовары» деген пәнінен журналға төрт деген баға қойғаны үшін оқудан шығарылды. Осы оқуды бітіргеннен кейін Артықбек он алты жылдай тапжылмай сауда қызметінде істеді. Яғни ширек ғасырдың көбісі саудамен өтіпті.

Әлгі өмірінің алғашқы бөлігі деуім тегін емес... Той үстіндегі шытырман ой жалғаса берді. Адамның жас кезінде ойдан жырақ, күндегі күйбең тіршілікпен жүріп, ертеңін ойламайтыны таңқаларлық құбылыс қой. Иә,

сауда жұмысында жүріп, қанша адамға сөз болдым екен. Бірі сырымды білсе, екіншілері білмей дал болған да шығар. «Жаманның дүнне тапқанға кемдігі жоқ» дегендей оны кім білсін? Әйтеуір, саудада жүріп сегіз бастықпен істестім.

Шіркін, әркім аңғара білсе, жүрген ортаң, істеген жұмысың, естіген сөзің, оқыған кітабың, қысқасы, өткізген өміріңнің бәрі саған сабақ емес пе? Бірақ осынау бәрі, яғни жоққа жұқармайтын, дәулетке тасымайтын, ақылды көпсінбейтін, басқаны да өзіне санайтын, елдің елдігін түсіне білетін сезім керек. Әрине, соның жақсысына сүйсіну, жаманына жирену қажет. Әлгі айтылған сегіз бастықтың төртеуі егде кісілер еді ғой. Кейде олардың да көдірін біле бермедік. Жақсы мен жаманды, аштық пен тоқтықты, бейбітшілік пен соғысты, адамдық пен надандықты, мейірімділік пен мейірімсіздікті ажырата білмейтін жандар да бар еді.

Сауда жұмысы — қиын жұмыс қой. Алғашқылары бұл тірліктің сан қырлы сырын айта келіп «халықты да өзіңе бала, халық — қазына, халық — дария болса сен сондағы тулаған шортан балық емессің бе?» — дейтін. Сонымен бірге халықтың қазына екенін мойындатып, аяғыңды қия бассаң тоқтау айтып, адамгершілікке қолша бұрып та отыратын.

Ал, кейінгі төртеуі сондай болды ма? Жоқ. Жастар десем, өзіме де тиеді. Қайта сені жанып тұрған отқа итере салып, өздері түк білмегендей, теріс карап тұратынын қайтерсің? Данышпандар айтқан дәуірден дәуір озады, ғасырдан ғасыр озады, адамнан адам озады дегені осы емес пе? Рас, кейінгі адамдар жаңалықты көп ашып, білімді болып жатыр. Керісінше, кейбірінің білімі өскен сайын қулығы көбейіп, адамгершіліктен тайғақтап барады. Осы заман сондайдың заманы ма? Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман емес пе?

Осы орайда тағы бір бастық ойға оралып тұрды. Бірде мұны кеңсесіне шақырып алған әлгі:

— Артықбек, сені бір темір наградаға ұсынайық деп едік, — деді. Сатушы бастықтың сөзіне ләм-мим деп үн қатқан жоқ. Ішінен «мені несіне шақырып алып, темір наградасын айтып отыр? Әлде ойында бірдеме бар ма? Берсе темір награданы менің елге елеулі болған еңбегіме береді. Ой, сұмдық-ай» деген ойларды шамалап, кеңседен үн-түнсіз шығып кеткен еді. Кейіннен осы темір

паграданы жылпос, алаяқ сатушының омырауына тағылғаны әлі есінде. Міне, осындай деп кейінгі толқындардың бәрін айтуға бола ма? Жоқ, болмайды. Жекелеген кейбір ортада болмаса. Сөйтіп, Артықбек сауда жұмысынан көп абырой алса да, кейін есейе келе өз-өзіне, басқан ізіне тергеу жүргізіп, есеп бере бастады. Тек қана тәртіптің бар жерінде ғана еңбек етуге болады деген тоқтамға келді.

Кейбіреулер сатушының бәрі бір сатушы деп қолын бір-ақ сілтейді. Әрине, бұл екіталай нәрсе. Сонда біреу үшін біреу оның ыстық-суығына күйіп-пісіп жатады. Осыны кейіннен көп-көп ойланып, толғанатын болды. Саудамен өткен өміріне өкінетіні де сондықтан. Ойдан жырақ кетіп, жақын болмаса алысты бағдарламай, жылтыраққа көз сатып, кигеніне, ішкеніне маз, біреуден біреуге еліктегіш, баршылықты меңгерген сайын көз тоймастың кері келіп, құнығып кеткенім бе деп ойлайды.

Біреудің сезімі ерте, біреудің сезімі кеш оянады деген рас. Мұның көбісі өмірдің ащы-тұщысын басынан кешіре отырып, соның ішінен сезімдісі ғана сезініп, сезінбейтіні күнделікті пайдасын қуалаумен өтіп жатады екен.

Артықбек осындай ойдан кейін бұрын жастықтың көсібіне айналдырып келген ішімдікті, құмар ойын — картаны мүлдем тоқтатты. Ол бұл кезде отызда болатын. Мұның өзіндік себебі де бар. Сауда жұмысында жүріп, тұрмысын жөндеді. Алғаш жүйрік ат, жорға мінді. Кейіннен «Урал» мотоциклын, арада көп уақыт өткенде «Жигули» жеңіл машинасына, «ГАЗ-69» машинасына ие болды. Ол үшін тау — төбедей, төбе — жермен жексең жазық болып көрінді. Ақылмен санаспай, баршылықпен санасатынды шығарды. «Кешір тағдыр, кешір. Қанағат деген қайда? Қанағат тек көзге тонырақ себілгенде ме?» дегенді көп ойлайтын болды Артықбек. Ақыры ішімдікпен картаны қойғаннан кейін сауда қызметімен де мүлдем қоштасты.

\* \* \*

...Тойды жүргізуші үлкендерден бастап сөзді төмендете беріп келеді. Қазақтың асығыс мейманына деген екі шай, бір еті ғана болған жоқ. Алғашқы шайдың өзінде ішімдіктері сіңімді болуы үшін буға пісірілген қуырдақ, қуырылған картоп сияқты екі түрлі ыстық тамақ

бірінен соң бірі тартылды. Тойға қызмет істеп жүрген абысын, келін-кепшіктермен бірге осы үйдің балалары. Дастархан басындағы ықтияттылық Мейрамбектің мойнында. Ағамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай дастарханның тамағынан табағы көп болып кетті ме, қайдам дастарханға сыймай кетті. Кімді болса да осы отырыс срекшелігімен қызықтырды. Өткенді қаншама ойламайын десе де өмір кезеңінің екінші бөлігі де Артықбекті баурап әкетіп бара жатты.

...Сауданы тоқтатқаннан кейін Артықбектің өзі мойнына алған күнделікті тіршілігінен басқа ештеңеге қолы бармайтын болды. Жора-жолдасқа да қосылу қалды, беталды қыдыру, артық сөз айту, артық қалжың, арзан күлкі деген сияқтылар пышақ кескендей тылды. Көшеде, не басқа жерде болсада көбіне жалғыз өзі бірдеме ойлайтындай, не біреуге өкпелегендей тұнжырайды да жүреді. Көбіне өз бөлмесінде отырып алып ақындар мен жазушылардың кітаптарын көп ақтарып, көп оқитын өнер тапты. Солардан түйгендерін саралайды. Бір жаққа шыға қалса, сатып алатыны кітап. Оқудағы немесе ауылдағы балалары таптырмайтын кітаптарды әкеле қалса, әлгі әлген Сәтібар әкесі тірілгендей қуанады. Сауда, сауда деп жүріп бұған дейін бірде бір кітап оқып, бірде бір кітап жинамаған екен. Қазақ атамыз айтқандай, сауданың түбі — борыш, шаруаның түбі — кеніш дегені рас екен-ау деп өкінеді. Үй тірлігі бітсін-бітпесін онымен ісі жоқ. Бар болсын, жоқ болсын үй шаруасын істеп жатқан баяғы жұбайы Зәбира мен балалары. Бірде зайыбы:

— Сенің мұның не өмір? Тіршіліктен күдер үзгендей қолың ешнәрсеге бармайтын болды? — деп әйелдігін жасағанда, Артықбек:

— Бұдан былай мұндай сөз айтып әуре болма. Қоғам жұмысын істеуге міндеттімін, ал үй шаруасын істеуім шарт емес, — деп дүрсе қоя берген-ді.

Кітапта бір ақылды адам: «Адам бақытты болу үшін онша көп дүшпенің керегі жоқ» депті. Сол айтқандай, жоқшылықты да, баршылықты да көрдік, бірақ соған шүкіршілік еттік пе? Жо...о...к! Қайта бар болған сайын жоқ күнімізден бетер үңірендеп, қанағатсыз, қайырымсыз болып барамыз, осыны білдің бе?

— Жалғыз біз бе? «Түстік өмірің болса, кештік мал жина» деген. Мен кім үшін еңбектенемін дейтіндей емес-

сің. Қөз алдында мына алданыштарың тұр ғой,— деді Зәбира.

— Әрине, мұның дұрыс. Бірақ әркім өмірді әр қалай түсінеді. Мен кейінгі кезде жүрген ортамның көбісін салыстырып, ауыр ойдан босамайтын болдым. Осы өңірде көз көрген, не құлақ естігендердің ішінен «мен дәулеттімін, енді жетер» деген бір қанағатты адамның шықпағанына қатты таң қаламын. Керісінше, дәулетті болған сайын, болғанның үстіне бола түссем деп ашкөзденіп, адамдар арасы ашылып барады. Өзің де білесің, Сейсенбай деген жылқышы өзінің бір туысынан емделу үшін жол пұлға қарыз ақша сұраған. Сонда туысы қасына отырғызып: «жақында бір сныр сойып едім, соның жарты пұлы бар. Соны саған беремін. Бірақ мен бір сөз айтайын, соны көңіліңе алып қалма» депті.

— «Сен отыз жылдай жылқышы болдың. Елдің айтуынша құмда отырған малшылардың ішіндегі ең бардамы сен дейді. Жалғыз қызың қызмет істеп, өзімен-өзі жүр. Саған салмағын салар кемпірің де пененясын алып отыр. Неше жылғы тірнектеп жинағаныңды өзіңнің ауырып жүрген жаныңа болар-болмасын жұмсасаң не қылады? Сол қара жанына біткен игілігің емес пе? Өлсең де артыңда қалады ғой. Сырттан айтсам өсек болады. Өзім болған соң жаным ашып айтып отырмын» деген.

Берген ақшасын үндемей алып кеткен Сейсенбай екі айдан соң дүнне салды. Ағайындары мен туыстары қоғам малы мен жекеше малын ажыратқанда отыз екі жылқы, он үш сныр, жеті түйе, жүзге жуық қой қалғанын өзің де естідің. Міне, сөйтіп, Сейсенбайдың көп жылғы тірнектеген табысын кемпірі бірін таныса, бірін танымай, кейбір жабайы болып кеткен жылқылары ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпеді ме?..

Айта берсе, мұндай мысалдар толып жатыр. Әуелім, басқаны былай қойғанда, әкем Сәгібардың өзі сабақ емес пе? Еңбегін ит пен құс жеген. Сенің ойыңша, артыңда ержеткен балаларың бар дейсің ғой. Ақылды балаларға мұраның керегі жоқ. Өздері табады, ал ақымақтарға қалдырудың қажеті жоқ, шашады. Сол үшін балалардың өзі жоқшылық пен баршылықтың көдірін біліп өссін. Өзінің еңбегіне ғана сенсін,— деп Зәбираны мойындатты.

Бірақ үй тірлігі баяғы арнасынан тоқтасын ба, балалары бірінен соң бірі іске араласып, оны игеріп те жатыр.

— Мен кейінгі кезде сені түсінбейтін болдым. Қолда барды бірте-бірте тауысып барасын. Жаяу жүргенің мынау, мәшинені құртатын жөнің жоқ еді,— деп Зәбира қайта қабақ шытты.

— Менің сөзімнен саған ем қонатын уағы болды ғой. Неге көңілімді жаралай бересің,— деп Артықбек те іштегі қыжылын ақтара салды.— Мүйізіміз шықса, мәшиненің неше түрін елден бұрын міндік емес пе?! Он жыл ішінде сол мәшинеден не рахат көрдік? Өзің құдайшылығыңды айтшы, бір жақта болар-болмас жұмыс тұрса, көшке лескен иттей босқа айдап барып, босқа келемін. Кейде күн демей, түн демей жүреміз, қанша уақыт босқа кетті десеңші. Тағы да қаншама адамның өкпесін қисынсыз арқалап алғанымды өзің білесің. Балалардың да көңілі алаң болады екен. Кедей байға жетемін, бай құдайға жетемінің кері келіп, уағында білместікпен алып қалған шығармын. Сезінген адамға артық дәулет басқа бейнет екенін кейін түсіндім,— деген.

...Осының бәрі той үстінде үзік-үзік өмір кескініндей ойына толқын-толқын болып келіп жатты. Оның өз өмірінің екінші бөлігі дегені адамгершілік жайында көп барлап, көңілге түйгендері, өз топшылаулары еді. Бұрын жіберген қателіктерін еріксіз мойындап, өзіне-өзі үкім де шығарғандай. Бұл өмір саналыға ауыр, санасызға жеңіл екен. Осы кезде «ендігі сөз той несінің балаларына беріледі» деген асабаның үні ойын бөліп жіберді.

\* \* \*

— Бізді алақандарына аялап өсірген тәтем мен жешемнің шаңырақ көтергеніне ширек ғасыр толуымен құттықтаймын,— деп үлкені Мейрамбек сөз бастады.— Жүзіңіздегі тағдырдың салған іздері мен қолдарыңыздағы күсті де сол бір бастан өткерген қиындықтардың белгілері деп білемін. Адал да қажырлы еңбектеріңіздің арқасында құрметке бөленіп, ел қатарлы келесіз. Біз, балаларыңыз, барлық мүмкіндікті туғызып, қатарымыздан кем қылмай тәрбиелеп өсіргендеріңізге шын көңілден ризамыз. Біз ата-аналық парыздарыңызды аянбай жұмсағандарыңызды сезіне отырып, оны адал еңбегімізбен ақтауға тырысамыз. Зор денсаулық, бақыт тілей

отырып, ойлаған армандарыңызға жете беріңіздер демекшіміз.

— Құрметті тәте және жөнеше! Сіздерге осының алдында сөйлеген адамдар қаншама жылы лебіздер мен игі тілектер білдірген болса, мен де соған қосылып, сол айтылғандардың барлығы өмірде жүзеге асып демекпін. Енді балаларыңыздың атынан аздаған сыйлығымызды ұсынуға рұқсат етіңіздер,— деді бұдан кейін сөйлеген қыздың үлкені Ғалия.

Ол көпшіліктің алдында өзінің сіңлісі яғни осы үйдің алтыншы баласы — Дәнияні жіберіп, әкесі мен анасының қолдарына қымбат тұратын алтын сақиналар кигізді, шешесіне сырға тақты. Сондай-ақ жазушы Мұқтар Әуезовтің жинағының он бір, он екінші томдары мен Оралхан Бөкеевтің «Біздің жақта қыс ұзақ» кітабын табыс етті. Ғалия, Назарбек, Пиязбек, Мұратбек төртеуі бірігіп, гитара, домбыра тартып, ата-аналарына арнап «Әкеме» және «Анама» әндерін шырқады.

Тойда отырғандардың біразы балалардың мұнысына дән риза болып, ду-ду қол соқса, «балаларының әлі жұмыс істегені жоқ, үшеуі бірдей студент, сөйте жүріп 800 сомға алтын бұйымдарды кәйтіп алады? Е...е, қойшы. Әкесі күні бұрын пұлын беріп жіберген шығар» деген сыбыстар да сыпсындайды. «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» демекші, Артықбек пен Зәбира алғаш үйленгенде тақпаған алтын сақинаны жиырма бес жылдан кейін балаларының сыйлығы ретінде таққандарына іштей қуанып, іштей шүкіршілік етті. Тіпті осындай сыйлыққа не болатындарын той басталғанша өздері де білмейтін.

Мейрамбек студенттік отрядпен Торғай облысына барып жұмыс істейінші деп бірде әкесі мен анасынан сұрағанда екеуі де ренжіген-ді. Ғалия араға түсіп: «жіберіңіздер, демалысында қатарларымен барып, жұмыс істесін» деген болатын. Ой, сабаздар-ай, сөйтсе, өздерінің ішкі есептері бар екен ғой. Мұны жеті-сегіз ай бұрын ойластырған. Бұл мақсаттарын балалардың ең кішкентайына дейін білетін болып шықты. Қалай іштеріне сыйып, сақтағаны таң қалдырады.

Балалары алтын сақина, алтын сырға сыйламаса кім өкпелеп, кім кіно қояды? Әңгіме бұлардың сыйлауында ғана емес, сезінуінде жатқан сияқты. «Осындай қызықты балалардың атасы — әкем шіркін де көрмеді-ау. Одан үш-төрт жас үлкен шаалдар да әлі тірі жүр.



Мен оған баласы екенімді не тірісінде, не өлгеннен кейін де көрсете алмадым. Жалған-ай, бұл дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген» деген ой Артықбекті мазалай берді. Осы кезде асаба: «Сөз үй несі — Артықбек ағайға беріледі» деп дүйім жұртты ду қол шапалақтауға шақырып жатты.

— Бүгінгі кештің куәсі болып отырған құрметті қопақтар! Дәл қазір қос қуаныштың үстіндеміз. Оның үлкені Зәбира екеуміздің шаңырақ көтергенімізге ширек ғасыр болса, екіншіден, қалта түп — кеижеміз — Әсияның туған күні.— Ол қызын шақырып алып, оған қолдан үлкейтіліп салынған түрлі-түсті өзінің суретін сыйлады. Мойнында қызыл галстук, бір қолында қағаз, екінші қолында қалам ұстаған күйде алысқа қарап тұр. Төменгі ашық жерге туған күнімен құттықтай келе «Әкеңнің ғана баласы болмай, адамның баласы бол!» деген өснетті сөз жазыпты ата-анасы.

Бұдан соң Артықбек: «Мен елім мен тағдырыма ризамын. Тағдыр сыйлаған төрт ұл, төрт қызым бар. Міне, бүгін сіздермен бірге қызығын шуақтап отырмын. Олардың әр қайсысының жарығын жұлдыздың жарығына теңеймін. Ол жарығы бізге ғана емес, жан-жағындағылардың барлығына түссе екен деп тілеймін.

Осылардың алдында өзіме-өзім есеп беріп, өткен күндеріме көп қарайлайтын болдым. Бұрын тек алға қарай адымдайтын болсам, қазір үш қадамнан соң бір қадам кейін шегінемін де соңымда қалдырған ізімді саралаймын.

Мен сауда жұмысында жүргенде бір бастығым болды. Ол жетім өсіп, нағашы атасының қолынан Ұлы Отан соғысына аттанады. Жеңіспен туған аулына оралған соң:

— Мына киім кімнің киімі, неге лақтырып тастамадыңыз? — деп көннен тігілген жұлым-жұлым шоқайды атасына көрсетеді.

— Бәсе, кімдікі екен?

— Білмеймін.

— Неге білмей қалдың? Әскерге аттанардағы аяқ киімің еді ғой. Осыны әдейі сақтадым. Өткен күп келер күннің баспалдағы емес пе? Уағында осыны киіп, ер жеттің. Сондықтан баршылыққа жеткенде көңілің тасымай, оған дандайсымай, бір қалыпты жүріп, кембағалдарға да көз қиығын сала жүрсін дегенім,— депті. Сол сияқты күміс тойды менің ғана тойым деп айта ал-

маймын. Бұл бейбіт күн тойы. Бұл соғысқа қатынасқан-дардың тойы. Бұл той соғыста қаза болған жнырма миллион әкелер мен ағалар тойы, апалар тойы. Бұл той ақырғы демі таусылғанға дейін қой соңында жүріп, ақ таяғына сүйеніп тұрып көз жұмған әкем Сәтібардың тойы екендігін ұмытпаңыздар!

Бір үзім нанның кәдірін біліп өскен біз, сонау еліміздің басына түскен қиын күндерді ұмытпай үңіле-үңіле өткенді ойға алып отыруға тиістіміз. Тойсаң — тоба қыл, демекші, осы бейбіт күндерді сыйлағандарға кейінгі ұрпақ — біздердің қарыздар екенімізді естен шығармауымыз керек.

— Болды ғой енді! Ұзақ сөйлеп елдің уақытын алдың,— деп сөзін анасы бөліп жібергенде көпшілік «айта берсін, айта берсін» деп шу ете түскен.

— Кейінгі кезде, өздеріңіз де естіп, біліп жүрген шығарсыздар, бұрынғы қаламымды қолыма қайта алдым. Содан бір-екі шумақ өлең оқып берейін:

Тірлік қуып несіне  
Іздедім артық несібе.  
Білімі жоқ, талапсыз  
Қалдық міне, көшіне.

Шіркін өмір, өмір-ай,  
Білместерге жеңіл-ай,  
Ұқылсыз өткен уақыт  
Өте шығар зымырай —

деп босқа өткен күндерімді армандайтын болдым.

Жақында осы тойдың жағдайымен Алматы қаласына барып келе жатқанда бір купеде бір қазақ әйелімен сапарлас бола қалдым. Ол аулына қайтып барады екен.

— Бүйрегім ауырып, ауруханада жеті ай жаттым,— деді ол танысқаннан кейін.— Палатада менімен бірге орыс әйелі жатты. Оның сүйегі жарылып, менен бұрын жатыр екен. Күндердің бірінде сырлас болған әлгі әйел:

— Сіз менен кейін келдіңіз, әрі мен орыспын, дәрігер де өз ұлтым. Сонда да болса дәрігер сізге неге ерекше ықыласпен қарайды, алдыңызда неге құрақ ұшады? — деді.

— Мен қайдан білейін,— дедім.

Біраз күннен кейін дәрігермен бас қосып, үшеуіміз бір дастарханнан шай іше қалдық. Сол кезде ол әлгіндей екпесін дәрігердің өзіне айтып салды.

— Мен ұлтына қарамастан көп бала туған аналарды өте қатты құрметтеймін,— деді дәрігер.— Бұл кісіге ерекше қарайтын себебім тоғыз бала туып, солардың ыстық-суығына көңіл, тәрбиелеген екен. Ал сен болсаң бір баладан артық туғың келмеген адамсың. Баланың әуресінен қашасың. Сәбиге деген қамқорлығың аз болған соң, жалпы адамзатқа деген мейірімің де шамалы. Адамгершілігің де шектеулі. Міне, осы себептен де өзіне онша зауқым түспей, мына көп балалы анаға бүйрегім бұрып тұрады.

Мұндай жауапқа әлгі жанымдағы серігім қанағат алғандай ары қарай ештеңе дей алмады.

Сол айтқандай, артық сөзді басынан асырғысы келмейтін, түрі түсінбегенге суық сияқты сезілгенімен сезімдіге сондай жылы әрі жайдары бола қалатын, ашуы аузында бар, артында жоқ, біреу біліп, біреу біле бермейтін ақ көңіл, сұлулық сыйқырын сыртқа сездірмей өзінде ғана сақтай алатын алтын босағаның діңгегі, сегіз баланың анасы — Зәбираның денсаулығы зор болып, балаларының қызығын көре беруі үшін! — деп Артықбек кезекті тосты көпшілікке алдырды...

## ӘҢГІМЕЛЕР

### ЖАНАЛҚЫМ

— Мына жер — түрен тісі тимеген жер. Сондықтан соқаны бойлата сал. Аяма! Құдай қаласа, биыл қауын-қарбыздың астында қаламыз,— деді Тілеу Бекқұлов шімірікпестен.

— Ойбай-ау, айда деп тұрғаныңыз қалың қорым емес пе? Өлінің сүйегін сықырлатып, тірінің жүрегін мұздатып қайтып айдамақпын,— деді күйеу баласы ешнәрсеге жүрегі дауаламай.

— Әй, сен не деп тұрсын, мен не деп тұрмын! Қорымда тұрған ешнәрсе жоқ. Өлдің — өштін, бітті! Айда деген соң, айда! Ал су шығару жағын маған жібер. Мына тұрған цемент астаулы тоғанның алдын бөгеп, бүйірін тессек, су шықпай қайда барады. Төбесінен құйымай ма?!

Қайынатасы айтты, бітті. Біреу обал-сауабын көтеремін деп тұрса, айдамай не? Сәбит «ДТ» тракторымен жерді тітіркендіріп, мүрделерді етектеп, айналдыра айдай бастады. Бара-бара ортасы да, мүрделер де жақындай түсті. Айдалмаған жер тақиядай тарылып барады. Артта тумысында түрен тісі тимеген жердің сүбесі еңсеріліп қалып барады. Паһ-паһ, шіркін, көктемгі бусанған жердің неі қаңдай!

Бір кезде түрениң тісі мүрделерге де тиді-ау. Қалқып келе жатқан алып трактордың алды еңкейіп, іле қайта қайқайды. Шамасы мүрде ақымы онырымса керек. Сәбит педальді ышқына басып-басып жіберген. Трактордың кернейінен қара түтін будақтағанда арқасы қоса шымырлап, тұла бойы түршігіп кетті.

Одан арғысын білмейді, мең-зең күйде трактордан қарғып түсті. Бар болғаны «біссімідә, біссімідә» дей берді.

Әлден уақытта өзіне-өзі келген. Сокасын көтеріп, кілт бұрылды да ауылға зытты. Дәл біреу өкшелеп қуып келе жатқандай артына жалтақ-жалтақ қарап қояды. Неге екені белгісіз, өн бойы қалшылдап, санасын үрей буды.

Сәбит сол барғаннан дым сызбай үйінде үш күн жатты. Ауруының беті бері қарамаған соң Мейірмамед деген эзербайжан тәуібіне барып, болған жайды бүкпесіз жайып салып, одап бойтұмар алып, көнілін бір демдеген. Көнілін демдегені бар болсын, трактор айдауға жарамай қалды. Содан қорықшылыққа ауысты.

Алайда қайынатасы дегеніне жетіп тынды. Ол қалған жерді аяқ-қолы жеңілдеу бір жігітке «Беларусь» тракторымен айдатып, ақыры қорым қауын-қарбыздың астында қалды.

\* \* \*

Қауын-қарбыз алғашқы пісіп жатқан уақыт. Не десек те Жер-Ана мейірімді ғой. Өзі тың, суы мол жерге түскен тұқымның өсімі көңіл тояттатып, көз қуантты. Бітік өнімнің алдын ақша ғып, өзіне де мол ғып түсіріп алған Тілеу қаннен-қаперсіз үйінде жатқан.

...Өңкей қырымға еті жоқ, құр сүйегі саудыраған қаңқалар мұны қуып кеп берсін... Бұл жан-дәрмен қашып келеді. Әуелде қашып құтылуға дәмесі зор еді, бара-бара жаны алқымға тығылды. Әлгі қаңқалар өкшелеп қане қалсайшы...

— Ұста! Ұста! Тілеу деген осы!,— дейді бәрі жамырап. Апыр-ай, десеңші, қаңқалар да сөйлейді екен. Өздері сондай жүйрік болар ма?! Жан-жақтан қаумалап, тықсырып келеді.

Ақыры шынғыртып тұрып ұстап алды. Содан сүйреп Мүңкірнәңкірге алып келгені... Бір жағында мәуелі пейіш, бір жағында лапылдап жатқан тозақ оты. Күнәһар болған немелер тозақ отында шыжылдап жанып жатыр. Қолқаны қапқан көңірсік ніс...

Еңселі тақта Мүңкірнәңкір отыр: бір жағында періште, әлде неге мұнаяды. Бір жағында Тұртшайтан,

әлгі антұрған саын шапақтап, мұны мазақтап, сақылдап күледі-ай кеп...

Содан... Содан Мүңкірнәңкір сөз бастады:

— Сен жасыңнан жетім өстің, күн көріске зар болдың. Біз саған жанымыз ашып, қуат бердік, дем бердік. Соның арқасында біреуден кейін, біреуден ілгері дегендей өмір сүрдің. Оны мүсе тұтпай, сіді келіп өлі әруақтардың үстіне су қапталып қауын-қарбыз екпегің не?

Тілеу бір нәрсе айтайын деп еді, тілі байланды.

— Мойындап отыр,— деді Мүңкірнәңкір маңғазданып,— екі көзін ойып, отқа лақтырыңдар!

Әлгі қаңқалар тап бергенде: «Ойбай!» деп Тілеу орнынан ыршып кетті.

Ояна кетсе түсі екен. Қарап жатып қара терге малшыныпты.

— Не болды? — деді әйелі ерінің шар ете түскен даусынан шошып.

— Ештеңе...— деді Тілеу әйеліне. Содан мәңгіріп төсегінде көп отырды.

Бұл дүниенің қысасы о дүниеде де қалмайды деген осы-ау...

### ӘПСАТ «ҚАРАҚШЫ»

Атқа құмар адам жер бетінде аз емес шығар. Оның ішінде малшы қауым жүйрік ат десе, қолындағы ішейін деп отырған асын жерге қоя салып, елең ете қалары сөзсіз. Сол сияқты мен де Жайсаңнан екі күндік жол жүріп келіп, Әлшік деген жүйрік атты Құйғаннан алып қайтып барамын.

Жайсаң жоталарының қойнауына молынан ендім. Қатпар-қатпар жоталар бірінен соң бірі биіктей түсіп, бойынды әлде қалай сезімдер билей түседі. Бұрын ұзақ жолға шықпағандықтан ба, жоқ жалғыз жүргендіктен бе, елегізгендеймін. Сол бір сәтте аттылы адамның қарама-қарсы қарайып келе жатқанын көргенімде өлген әкем тіріліп келгендей қатты қуандым.

Міне, екеуміз кездестік. Ертелі бері табиғаттың өзіне тән жарасымдылық тауып тұрған тау қойнауы маған үрей құсап көрінсе, мына кездескен жолаушы одан да бетер сұсты екен. Сәлемдесіп, қол алысқанда қара шұбар жыланды ұстай алғандай денем сескеніп қалды. Алақанының өзі түйенің көн табанына ұқсап, күс-күс

болып кеткен. Қолының үсті де оңып тұрған жоқ. Алапестеніп шорға айналған әрі қарақошқыл. Әр саусағы, денесі ірі деген екі адамның саусағын біріктірсең де тең келмейтін сияқты. Бұқа мойны кең жайлаудай болып көрінген нық пен кеудеден өз жарасымын тауып тұр. Сұлу мұрты мен шокша сақалы қара сұр көркін ажарландыра түскендей. Көздері ойнақы, мығым төртбақ денесі өң тарамыстан өрілген сияқты.

Үстіндегісі қызыл шибарқыттан тігілген жұқа астарлы пешпет. Оның сыртынан қаби тіккен қара шибарқыт шапан киіпті. Тақымында қолға ұстайтын кішкене таяқша. Жасы егде тартқан. Жетпістен мол асқан болар деп шамаладым. Бөктергісінде бір бума арқан. Ат үстіндегі отырысы адамнан гөрі жар тасқа ұқсайды. Сәлемдесіп болған соң жөн сұрастық.

— Қайдан жүрген баласың?

— Бұрынғы Сталин, қазіргі «Мойынқұм» колхозынанмын,— дедім. Сөйтіп әңгімелесіп тұрғанда:

— Сіздің астыңыздағы атты танып тұрмын,— деген сөздің аузымнан қалай шыққанын байқамай қалдым.

— Әй, бала, шаңқай түсте ұрыны ұстадың ғой,— деді.

— Шыным, ата, мынау біздің ауылдың аты.

— Сенің танығаның рас боса кімнің аты екендігін айт,— деді.

— Елубай дейтін баланың әкпесі Әлсат қарақшы дегеннің баласына тұрмысқа шыққан,— дей бергенім де сол еді, тау қозғалсада қозғалмастай көрінген жаңағы жолаушының шап беріп аттың шылауынан қалай ұстай алғанын байқамай да қалдым.

— Қызталақ, жаңа астыңдағы атты танып тұрмын деп мені ұры тұттың. Енді міне, көзімді бақырайтып қойып қарақшы деп тұрсын. Қайдан шыққан бәлесің,— деді. Қорқып, саса бастадым. Ең болмаса ат бойы да алыстау тұрмаппын әлгіден. Қашсам құтылар ма едім. Не көрнекті дөң жерде кездеспедік. Жайсан жолының ең терең сайы — «Дөңгелек саз» деп аталатын жерде тұрмыз. Мен қолға түскен пендемін. Ол тұз тағысындай еркін тұр.

— Ажалды қарға бүркітпен ойнайды демекші, кәні жөніңді айт,— деп зеки бастады.

Қарапайым малшы екенімді, ойдағы ауылға барып ат алып қайтқанымды айтып, «ататайлап» жалынып,

кешірім сұрап жатырмын. Қай елден екенімді, ныспымның кім екендігін сұрады.

— Есімім Сауытбек,— деуім сол екен:

— Сауытбек дейсің бе, ей, Сауытбек болмай құрып кеткір,— деп одан бетер зеки түсті.

— Әке-шешен сол кісінің есімін ырым етіп әдейі қойған екен-ау, ә,— деп артыңша ойлана қалды. Сәлден кейін:

— Сауытбек ақын менің ағайыным еді. Сол кісінің атына атыңды теліп қойған екен. «Шенгел қорғалаған торғайдың да жаны қалады» демекші, зйтпесе, сенің қорлығың аз болмай тұр. Анау өзекке аяқ-қолыңды байлап тастап, атыңды алып кететін едім. Сауытбек ағаның әруағын сыйлайын әрі өзің жас бала екенсің,— деп атың тізгінін жібере салды.

Содан кейін ғана ойдан қорқыныш кетіп, өнім кіріп, өмірге қайта оралғандай болдым.

— Бұл атты Елубайға мінгізген мен едім,— деді ол сәлден кейін шешіле сөйлеп.— Қазір біраз міне тұрайын деп сұрап алып келемін. Кісі малын да адам сұраусыз міне ме? Мені біреулер сыртымнан «Әпсет қарақшы» дейтінін естуші едім. Бірақ осы уақытқа дейін бетіме баттытып ешкім айтқан емес. Тек қана сен айтып тұрсың. Нағашым Сыпатай батыр болған соң ба, соған аздап тартыңқырап, кезінде байларға қырғидай тигенім рас.

Аша елінде Сыпатай батырдан үш жиен бар едік қой. Секер батыр мен Бүйенбай бір анадан да, мен бір анадан. Нағыз Сыпатай батырға тартып туған жиені Секер батыр болды да, ал Бүйенбай екеуміз қарақшы деген атты жамылып қалдық. Сөйтіп, бұрынғы байларда арұят деген қалмады. Өзінен төмен дегендерге көпе-көрпеу тырнағын батырып, қиянат жасады. Солардың жоғын жоқтадым. Қанша жау болсын, қандай қиын кезеңдер болсын біреулер құсап нәпір ерткен емеспін. Тек қана атымның мықтылығына арқа сүйедім. Сөйтіп, жалғыз жүріп айқастым. Солардың көре алмай қарақшы деп кеткені ғой. Әлі де болса айтқан ақылым, өзің жас бала екенсің, әрі есіміңнен айналайын Сауытбек аға үшін кешірдім. Келешекте байқап сөйлес,— деп ағынан жарылды әлгі адам.

Қорыққаным соншалық, әлі де болса алда өмірімнің бар екенін сонда ғана сезгендей болдым. Шынымды айт-



сам, осыдан кейін «андамай сөйлеген ауырмай өледі» деген халық мақалын ойымнан шығармайтын болдым...

## АТТЕСТАЦИЯ

— Аттестация болады,— деп шақыртты мені жұмыс істеп жүрген мекемем. Аттестация комиссиясына қызметкерлеріміз бірінен соң бірі кіріп шығып жатыр. Бір кезде кезек маған да жетті. Екі көзім комиссия құрамындағы адамдарда. Ортадағы аққұба, ақшашты егделуі, шамасы төрағасы болса керек. Мен көрмеген кісі, әлгінде облыстан бір адам келіпті дегені осы болуы мүмкін. Қалғандары аудан орталығында әртүрлі салада қызмет істейтін, әрі мені танытын кісілер болып шықты. Бас-аяғы бес-алты адам.

— Алыстағы малшы қауым орталығы — Бесқатындағы дүкеннің сатушысы,— деп мені таныстырды кадр бөлімінің бастығы өмірбаян қағазымды төрағасының алдына қойып жатып.

Басымнан бастап төмен қарай ұқыпты қарап шыққан төраға:

— Бесқатында көптен бері істеймісің? — деді.

— Иә, оншақты жылдай болды.

— Оның дұрыс екен, Бесқатын деген жердің аты ма?

— Иә.

— Онда сол жерге Бесқатын деген атты қалай беріпті. Соны маған айтып берші,— деді.

Алғаш бұған не дерімді білмедім. Біраз аңырып қалдым. Аттестация комиссиясының құрамындағыларды тағы бір шолып қарасам, жас арасы ала-құлалығы болмаса, бәрі де бір күнде инкубатордан шыққан қызыл шақа балапандай екен.

— Білмеймін,— дедім әдейі.

— Оншақты жыл сол жерде тұрып, Бесқатын деген атты қалай бергенін қызықтай білмеген сен, малшылар мүддесімен де санаса білмейді екенсің,— деді.

— Онда білемін,— деген сөздің аузымнан қалай шыққанын өзім де байқамай қалдым.

— Білсең неге айтпай тұрсың, кәне айт! — деп әлгі ақшашты зілденіп, қабақ шытты.

— Ол жерде бір кездері бес ағайынды кісі тұрыпты дейді. Бесуінің де сақал-мұрты жоқ, көсе кісілер екен.

қаймықса басын төмен салып, көп жүзгендердің түбіне қарай қашып барып бой жасыруы керек қой.

Арада сәл уақыт өткен соң жаңағы кесірткені тауып алар ма екен деп біраз жүрдім. Қайтып кездеспеді. Жол-жөнекей «жаңағы жыланды неге өлтірмедім, ол өзі ізденген жау ғой, кесіртке одан құтылғанымен жолында тағы бір жәндік кездесе оны да аямайды ғой. Дегенмен жыланды бар жап несінің жек көретіні осындайдан екен ғой» деп ойладым.

...Кім-кімнің де әлсізге қабырғасы қайысып, әлсізге болысады. Бірақ өзі ізденген жау қай кезде де тірі жанның бәріне сүйкімсіз болары сөзсіз.

Ауылдан біраз жерде үш-төрт мая шөп жинаған ескі қорда бар еді. Мал түспесін деп төңірегі қоршалған болатын. Алғаш қоршау үстінде жүрген бала мысықты байқап қалған едім. Үйге қайтарда әлгі жерден тағы өтіп бара жатқанымда әлгі мысықты қайта жолықтырып, оның қасынан ағарып жатқан бір нәрсеге көзім түсті. Бала мысық соны аңдып отырған сияқты. Не де болса оны да көре кетейін деген оймен бұрылдым. Қасына барсам арыстай болып бір үлкен қоян жатыр. Ол қимылдаса мысық бас салады. Әлі өлмеген шалажансар жатыр. Қоянның мойны қап-қан, бала мысықтың тістері өтіпті. Дембе-дем қалтамдағы бәкімді алып, қоянды бауыздадым. Қоян мен мысық екеуін екі қолыма алып, шамалап көрсем қоян мысықтан әлде қайда ірі әрі төртбес ссе ауыр көрінді. Бала мысықтың қоянды қалай алғанына қайран қалдым. Ақырып сездірмей, баспалап барып үстіне міне түссе керек.

Өз топшылауымша қоян әуелгі кезде бой бермей, үстіндегі жабысқан бәлені арқалаған күйде талай жерге қашқан. Кішкентай мысық желкесінен тістелей берген. Беталды қаша берген қоянның әбден демі бітіп әрі көп қап кетіп құлаған. Әйтпесе, қоянды талай көріп жүрміз, артқы аяғының тепкісіне шыдау қнын. Анау-мынау бейқам қолды қағып жіберіп, талайының құтылып кеткені бар.

Қоянды үйге қарай алып жүргенде мысық «мұны қайда апарасың, бұл менің олжам емес пе?» дегендей қоянды піскелтеп, соңымнан қалмай үйге дейін келді.

Мына әбжел әрекетіне қарағанда мысықтың түпкі атасы жолбарыс деген сөз тегін болмаса керек...

Бір мекемеде тапжылмай отыз жылға жуық қызмет істеп, көптің құрметіне бөленген Керімқұлдың басына бұлт төніп тұр. Есеп-қисапқа жүйрік, өз ісіне дындай адам атанған сатушының мойнына ойда жоқ жерден жиырма бес мың сом мінген. «Қай жағынан ағаттық жібердім, мұншама сомның кем шығуы мүмкін емес, ол дүниенің мүлкі емес пе?..» деп ойланып-толғанып жататын уақыт жоқ. Халыққа кәдірі болғаны соншама ақшаны бар адамдардан қарызға алып, екі күннің ішінде мекемеге білдірмей төлеп жіберген.

Міне, енді сол қарызынан құтылу үшін ауыл-аймақты басына-аяғына дейін аралап, ағайын-жекжат аулап жүр. Әрине, ел іші болған соң бәрі бір жерден шыға бермейді. Көре алмағандары жер-жебіріне жеткізе табалап, мнығынан күлсе, бұрыннан алыс-берісі бар сыйластары аяушылық білдіріп, мүсіркейді. Дегенмен «ағайынның жақындығын басына іс түскенде білесің» демей ме. Осы жағдайдың болғанына төрт айдай өтседе содан бері бірде-бір ағайыны табалдырығын аттап, халін қалай деген емес. Үйіндегі мал-мүлкін түгел сатып, естігінің алдында тек қана аламойнақ иті қалды.

Керімқұл екі совхоздың малды ауылдары мен орталықтарын да түгел аралап, көмек сұрады. Бергені беріп, бермегені жағдайын айтып шығарып салады. Бірақ әлі құтылып бітер түрі жоқ. Осы жағдай ағайындарының бірі болған соң Бектібектің жанына да қатты батып жүрсе керек. Ол өзі ағайындардың ең кішісі болған соң, үлкендер бір шешімін айтар деп осыншама күтті. Әлі ешбірінен хабар жоқ. Шыдамы кетіп, ақыры алыстағы аулынан ала келген малын бір үйге сойғызыл, дастархан жасатты да барлық ағайынды шақыртты...

— Керімқұл ағамыздың жағдайын естіп жатқан шығарсыздар. Жазым ісі болған соң, жасым кіші болса да шыдай алмай шақырғанымға айып етпеңіздер,— деп сөзді өзі бастады.— Біз сияқты жақын ағайын түгілі сырттағы көпшілік те инетіп білдіріп жатқан көрінеді. Олар сөйтіп жатқанда біздің қарап отырғанымыз болмас.

Осы сөзден кейін әрқайсысы өзінің ойындағысын айтып, Керімқұлға «қанша қарызсың, қалғанын үй басына шашып алайық» десіп бір ыңғайға келе жатыр еді, Бекеш суырылып шықты да, Керімқұлға қарап:

— Сен осыншама ақшаны қайда құрттың? Неге өзің-өзің сақ болмайсың? — деп алқымға алып, тергеу жүргізе бастамасы бар емес пе. Содан кейін:

— Ей, көпшілік, мына Керімқұл осыдан бұрын асқақтап жүріп, бір ағайынын адам демеуші еді ғой. Әуелі мына бүгін малын сойып, дастарханына шақырып отырған Бектібекке не көрсетпеді? Ол осымен көрші болып, бірге қызмет істегенде жағасынан алып, мазалай берген соң қазіргі осы отырған жеріне көшіп кетпеді ме? — деп Бектібекке мүсіркей қарады.— Сенің жаңадан жетіліп келе жатқаныңды көре алмады сонда. Бүгінде жаның ашып, шапқылап қалыпсың. Қаншама сөзің сөйлеп, шотын қақсаң да оның саған қарағанда маған екі буын жақын екенін білесің? Мен тырп етпей отырғанда сенің қамқор бола қалуыңа жөн болсын,— деп кекете бастады.

— Оныңыз рас, осы отырған бәрімізден Керімқұл сізге жақын. Егер ол көре алмай жағамнан алса, жетім қалып қабырғасы қатаймаған баламыз еді, деп сіздердің «көмектескендеріңіз» де белгілі. Сондықтан Керімқұлдың маған істегенін дәл осындай сөтте бетіме баспай-ақ қойыңыз. Бұрын түсінбесе, енді санасына жетер, дау артынан дау, сөз артынан сөз қуа береміз бе? Білгені сол болса, қәйтеміз,— деді. Осыдан кейін бір қария тұрып:

— Бектібектікі дұрыс, «жақсылыққа жақсылық әркім істейді, жамандыққа жақсылық білген істейді» деген,— деді. Міне, осы жерде Бекеш Керімқұлға қарап қайта сөз бастады.

— Сен егер шын күйген болсаң, әуелім үй-ішіндегі бар дүние-мүлкінді сатып, далаға шық. Содан соң ағайындығымызды білдіреміз. Егер осыны істемесең, онда күйгенің өтірік. Құлық жасап, дүние үстіне дүние жинап алайын деп отырсың,— деді.

Бірақ бұл Керімқұлдың осы жазымға ұшырағанын анық сезсе де Бекештің әдейі мұқату үшін айтқаны еді.

...Керімқұл мен Бекештің әкелері бірге туған, екеуі немере. «Менен жақын емессін» деп отырғаны да осы. Екеуі құрдас, араларында айға толмайтын күндер бар. Білімдері де шамалас. Ұлы Отан соғысына бірге аттанып, жеңіс күнін мейрамдап қайтқан. Келісімен екеуі де үйленді. Қазір біреуінің он, екіншісінің алты баласы

бар. Тек қана қызметтерінің бір-біріне байланысы жоқ, екі салада жұмыс істейді.

Керімқұлға келсек, аласа бойлы, көк көз, қызыл сары, тығыншықтай кісі. Түсі адамға жылы көрінетін, ақ-көңіл, елпілдеген, жеңіл мінезді. Өтірігі жоқ, жасы алпысқа жақындасада бала құсап мақтанып отырады. Біреуге қанша бет көрместей іс істесін, мейлі біреу өзіне істесін, жуып-шаяры бар, тез ұмытып кететін адам. Жалпы үлкен-кіші демей адамзатқа қайырымды. Біреуге жақсылық істесе, айқайлап мақтанып жүреді. Кісілігі аудан көлеміне танымал.

Ал бұл екеуінің мінездеріне келетін болсақ, аспан мен жердей деуге болады. Бекештің бойы ортадан биіктеу, жылтыр қара, алакөз. Түр-тұрпаты адамға суық. Әншейіндегі қалыпты ренінің өзі бедірейіп қалған сияқты. Өзінен басқаға сене қоймайтын, тым керікеткендеу. Сөзінің шындығынан өтірігі көп. Әр істің көзін табады. Бірақ сенімсіздігі жеңіп кетеді. Қоғам жұмысына іскер. Үйінде, немесе өзінен төмен санайтын жерде өтірікті бөсіп отырады. Мүмкіндік болса адам баласына бас игісі келмейді.

Керімқұл соғыстан оралысымен өз тізгінін игеріп алып кетті. Көп жылдар бойы сауда жұмысында істеп, кезінде бастығы да болды. Ол Бекешке шайпау мінезіне қарай қызметінен ауыс-күйіс кездерінде қол ұшын беріп те жүрді. Кейін жора-жолдастырына айтып жатып, оны қой фермасының менгерушісі етіп қойды. Міне, Керімқұл кейде осындай көмектерін жар салып, мақтанып жүретін. Оған Бекеш алғашқы жылдары көңіл аудармай, самарқау қараса, кейін өзіне-өзі келген соң намыстанатынды шығарды. Керімқұлдың бетіне келмейтін еді, енді тырнап алудан тайынатын емес. Шындығында да Керімқұлдың арқасында жонданғанын ауыл түгел білсе де ол жасыруға тырысатын. Ал Керімқұл болса мақтанғанын тіпті қоймай жүретін.

Міне, осындай жағдайдан кейін, бұрынғы татулықтары айрандай іріп, іштері қоңырлай түсті. Бір отырыстың үстінде екеуінің қатты ұстасып қалғаны бар. Айқай-шу үстінде байлықтарын да салыстырып, бір-бірін табалау, өсектеу, қызғану сияқты мылтықсыз атысқа түсті. Бір-бірінің іштінеген баласына да барған жоқ. Екі үйдің наразылықтары таусылмай, қатынастарының үзілгеніне де он бес жылдай болған. Міне, қазіргі Ке-

Аманжолдың қисынсыз із тастай сөйлегені буынсыз жерге пышақ салғандай болды. Бұған алғашында ойла-нып қалған көрші әйел лезде өткен оқиғаны көз алдына елестеті.

— Сойылған дөнежінді құнажын дейсің, немесе, құнажынды дөнежін дейсің. Осы сөзіннің өзінде сыр бар-ау, Аманжол. Мейлі мал мамандары ажыратар.

Ақыры «сенің малыңды біреу жала ғып жатыр» деген Аманжолдың хабарынан соң Мәта да келе қалмасы бар емес пе. Көрші әйелдің қорасындағы сиырды көріп шықты да:

— Мынау құнажын екен, ені менің еніме ұқсас болғанымен түрі ақшыл, құйрығы келтелеу, мүйізі алшақ екен. Ал менікі дөнежін, түрі сары,— деп Аманжолдың төрткөз итінің сары жерін қолымен нұсқап тұрып көрсетті.— Құйрығы шашақты келген, ұзын мүйізі тікше, денесі жатаған, төртбақ, жуан. Келешектен менің де үмітім бар. Сол үшін біреудің малына жармасып нем бар. Бұл менің сиырым емес,— деп тоқ етерін бір-ақ айтты.

Мал ұрлап, көршісі ұсталғанда «жығылғанға жұдырық» демекші, жоғалмаған малын жоғалды деп содан ат мінген Әби, мына соғымды да тегін жегенін сездіріп, ақыры даудың аяғына қарамастан үйіне тайып тұрды.

Керісінше болмаса, адал енбекке күліп жүретін Аманжолдың да қулығының қисыны кетіп, қипақтап, әр сөздің басын бір шалды.

Өрісінен ауа жайылған малды сіңіріп дәндеп қалған Жымысбек:

— Бұл сиырды да сіңбе деп қалдық,— деп атына мінгенде жиналған жұрт аң-таң болып бір-біріне қарады.

Үш адам болып жеткен Мәта алып келген көлігін салдырлатып бос қайтқан соң соғымнан осы бір ширек ет сатып алған Әбілхат көтеріңкі көңілмен:

— Женеше, сиырың құтты болсын,— деді.

— Өз малым ғой, қайтқан малда береке бар демекші, Аманжол жала ғып, Мәтаға алып бермекші болып еді. Ол менің малым емес деп шындығын айтты. Түртүсін айтқанда сездім. Әбидің сойғаны соның сиыры болды,— деді көрші әйел.

— Мәта адал азамат екен, сонынан «Жигулимен» қуып барып, алып келейік те болған жайды ашық айттайық,— деді Әбілахат.

— Мейлің,— деді бұған көрші әйел.

— Ұры қасымызда екен, сенің снырыңды мен өз қолыммен сойдым. Бәсе, біз сойып жатқанда Әби паялының лампамен дереу басты үйітуге кірісіп кеткен еді. Неге соншалықты асықты десек, бір шікілігі бар екен ғой,— деді Әбілахат. Мәтаны қайтып әкелген соң, бұған Мәтаның көзі әбден жеткен соң Әбілахаттан терісін сұрады.

— Туысым болған соң екі жылқышыға аманат қып табыстап едім. Олар ұялмай ұрласа, мен ұрлықтың бетін ашуға ұялып отырмын. Сыртынан талай өсегі бар еді, енді көзім жетті,— деді Мәта. Налыған адам сөзінің нала шығатын әдеті. Ол отырып-отырып барып ақыры:

— Әбиді қойшы, сондайдың адамы ғой. Оның арғы аталарын нағыз азғын, суайт, қарау адамдар еді деп ұлы Шоқан тегін айтпаса керек. Ол сондай екенін әр жерде-ақ көрсетіп жүр. Ал Аманжол мен Жымысбекке не жоқ?! Аманатқа тиіскені арына таңба салғаны ғой. Мейлі, олардың келешегі де жемісті бола бермес,— дегенді айтып Мәта үйіне қайтты.

\* \* \*

Ұры ұрлықты жасырын жасайды, сонда да ел көреді деуші еді. Мыналар дәнiккендiктен болар, ұрлықты көрiнеу жасады. Тiптi оны көрген адамның малын соның орнына қойғысы келгенiне естiген ел қайран қалып едi...

### ТЕРГЕЛМЕГЕН СЫРҒА

— Бүгін май айының ортасынан ауды. Жаңа туған төлдің аяққы есебін беріп құтылдық. Шаршап-шалдығып болдық қой, дүние күйіп кетсе де бір жас сорпа ішейік,— деді аға шопан. Оған әйелі:

— Қоя тұршы, мына араның буыны шыққан ба, ісіп кетіпті,— деп түнде туған қойды тексеріп жүріп, сүрініп жығылғанда қайырылып қалған қолын көрсетті.

— Келін бала бар ғой, солар көмектесер.

— Мейлі, соятын қойыңды алып қал, сақпандарды жайғастырған соң соярсын,— деді әйелі.

Сөйтiп, ерлi-зайыпты екеуi қалған сақпанды өрiсте жүрген келiн баласына «қайырмалай тұр» деп айдап барды. Осы мезгiлде аудандық ОБХСС инспекторы Қас-

қырбаев «Нивасымен» келе қалмады ма. Тышқан аулаған мысықтай үйге жақындамастан мәшинесін белдің астына қойды да шопанның үйіне жаяу келді. Ешкім жоқ, тек қана есік алдында бір семіз қой байлаулы тұр. «Көктемнің көк өзек уағында мұндай да семіз мал болады екен-ау» деп ойлады да қайта кетті. «Не де болса осы қойды соятын шығар» деген ниетпен мәшинесіне келіп күтін отырды.

Қаннен қаперсіз ерлі-зайыпты шопан сақпаңдарын жайғастырған соң үйіне келіп, әлгі қойын соя бастады. Ішін жарғаны сол-ақ екен ОБХСС мәшинесімен жетіп келді. Амандасып «мына қойдың сырғасы қалай?» деді де, мәшинесіндегі папкасын алды. Қойдың сырғасы бар құлағын кесіп алып папкасына салды. Сосын ішінен қозы шыға ма деп оны қарады. Қозы жоқ. Папкасынан ақ қағаз алды да толтыра бастады.

— Аты-жөнің кім?

— Мырзабаев Молдақайым.— Сұрақты үсті-үстіне қойып, бір бет толды-ау деймін.

Қойды сойып болғаннан кейін:

— Көне, таза етіп мүшелемей қапқа сал,— деп бұйырды инспектор шопанға.

— Салмаймын,— деп қызараңдаған Молдақайымға:

— Сорлы екенсің, қажет болса, өзінді де әкетемін,— деп дүрсе қоя берді.

— Мені неғыласың?

— Қамаймын түрмеге.

— Не үшін?

— Совхоздың қойын сойғаның үшін.

— Бұл совхоздыкі емес, өз қойым.

— Жөкеше қойда сырға бола ма?

— Бәйгеге жылына отыз-қырық қозы аламын, бәрінде сырға бар.

— Оны мен білмеймін, кәні бол,— деп зекіді инспектор.

— Мен күллі малды тастап бармаймын. Паңзақұл барады,— деп шопан әйелін көрсетті.

— Жоқ, өзін барасың.

— Егер қылмысты болсам, орныма адам әкел, отырмды өткізіп, өзім-ақ барайын.

Аға шопанды қанна зорласада түк шықпасын анық сезген Қасқырбаев шопанның әйелі мен қойдың етіп алып, совхоз орталығына бір-ақ тартты.



Кеңсе алдына тоқтады да есігін ашып еді, ел барын көрген соң дереу жапты. Арт жақта отырған Панзақүлдің:

— Совхоз басшылары бар ма екен? — деген сұрағына:

— Жоқ! — дей салды.

Инспектор біреуден дереу совхоз қоймасының меңгерушісін шақыртты. Осы кезде кеңседен совхоздың басшылары мен мамандары шығып жатты. Мынадан кейін Қасқырбаевтың жасырғанын сезген шопан әйелі әліптің артын бағып үндемеді.

Қойма меңгерушісі Әймақанға:

— Мына қойдың етін қабылдаңыз, — деп бұйырды инспектор. Оңшөйінде малшылардан кем қабылдап, кейбіреулерге артық жазып жіберетін Әймақан таразыны тура тартты да квитанция жаза бастады.

— Сізге бұл ет берілмейді, зуре болмаңыз, — деді Панзақүл.

— Қой, келің, ерегісіп қайтесің, — деп жағымпазданған Әймақанға:

— Сіз не деп тұрсыз, Қасқырбаевқа жаныңыз ашыса өз қойыңызды сойып беріңіз, — деп ол екеуінің түпкі мақсаты бір екенін сезе қойып, күшіне кірді.

Әймақан аузына құм құйылғандай үндемей қалды. Панзақүл Қасқырбаевқа:

— Болығыз, директор мен бухгалтерден білгіңіз келмесе, аудан орталығына барып тексеріңіз. Бәрі бір шындыққа жетпейінше мен бұл етті ешкімге де бермеймін, — деп Панзақүл өктем кетті.

Инспектор бұлай боларын күткен жоқ еді. Талайларды қызыл жағасымен қорқытып келсе, ендігі жерде өзі сасайын деді.

— Ал, енді Панзақүл міне, — деп папкадағы сырғалы құлақты берді де:

— Қойдың етін ал да үйіне қайт, — деді.

Сырғаны лақтырып тастаған Панзақүл:

— Мына бір ісін тұрған қолыммен етті қайтіп көтеріп кайтамын. Өзің әкелдің, өзің апарасың. Егер бұдан бас тартсаң, етті арқалап ауданға барамын, — деді ашуланып.

Басқан ізінің тайғақ екенін сезе қойған Қасқырбаев ауданды айтқанда арам ойының жүзеге аспағанына күйініп, аш өзегі өртеніп кетті. Оның үстіне бүкіл елдің

алдында Панзақұлдің байбалам салғаны күйдіріп барды. Өзі апаруға арланды да үш дөңгелекті могошкямен кетіп бара жатқан Пазылды тоқтатып:

— Мына Панзақұлді үйіне апарып салғың,— деп қалай бұйрық бергенін білмей қалды.

Әрине, Пазылдың қарсылық білдіргісі келді-ақ. Бірақ келешектегі инспекторға түсетін күнінен қаймықты...

## ЕКІ ШЕЛЕК СУ

Қамытбек жасынан әкеден жетім қалып, өмір тауқыметін көп көріп өсті. Оның үстіне шиеттей баламен қалған анасы да ауыр дертке шалдығып, үйдегі бас көтерер өзі болды. Қайткенде де бір үйлі жанды асырау керек. Қамытбек жаңадан үйленген келіншегімен ақылдасты да шопан болуды ұйғарды. Оның үстіне колхоз сақпаншылыққа адам жетіспей жатқандықтан олардың қатарын толықтыру үшін сақпанға қатынасқан бала демей, үлкен демей, әр адамға 50 килограмм ұн, 50 сом ақшалай жәрдем бермекші. Осыған орай ауру шешесі, тетелес інісі, өзі, келіншегімен төртеуі бірдей сақпанға жазылды. Үш кішкентай қарындасы мен інісі қой төлету аяқталғанша бір ағайындарының үйінде оқи тұрмақ. Ал өздері науқан бітісімен қайта көшіп келеді де келіншегі екеуі түпкілікті шопан таяғын қолға ұстамақшы.

Колхоз бастығына өтінішін жазып, дайындалып жатқан кез еді. Екі центнер ұн қолдарына тиді. Екі жүз сом ақшаның ордері де жазылып, қол қойылған. Тек кассирді банктен ақша әкеледі деп күтуде. Міне, бүгін күткендеріне үшінші күн, кассир әлі жоқ. Ол Шәріп деген ағайынымен көрші тұратын-ды. Бұл ағайын да Отан соғысынан оралысымен баршылықты игеріп, дәулеттілер қатарынан саналатын. Әрдайым қысылған жағдайда ордерін осы ағайынына беріп, одан ақшасын күні бұрын қолма-қол ала беретін. Ал ол болса ордерді кассирге өткізіп, өзара есеп айырысады. Ойына осы түсті де салып-ұрып ағайынының үйіне келді. Амандасқан соң:

— Тәте, мына ақша үшін үш күн әуре болдым. Ертең семьямызбен сақпанға көшетін едік. Мүмкіндік болса мына ордермен сіз алып, үйіңізде ақша болса берсеңіз,— деп қағазын көрсетті.

— Үйде бұйырмасын ақша жоқ. Мына екі кісі де ертенмен ақша сұрай келіпті,— деп Тойдалы қария мен Шоңшабайды көрсетті. Олардың да осындай шаруамен келгенін байқамаған Қамытбек ішінен ұялып қалды. «Жоқ болса жоқ шығар, оны кім біледі. Мына кісілерге де бере алмай отыр екен. Мен болсам, олардан кейін келдім. Өкпе жоқ» деген ойға келді.

Көңіл осылайша алажаңқы болып отырғанда Шәріптің әйелі қолына екі шелек ұстап, құдыққа кетіп бара жатыр екен.

— Ей, Қамытбек, анау жеңгеннің шелектерін алып, су әкеп бере қойсаңшы,— деді ағасы.

— Мені жұмсасаныз арзитын бір жұмысқа жұмсамайсыз ба, жеңгем жақын жердегі суды өзі-ақ әкелейін деп бара жатыр ғой,— деді Қамытбек. Сол-сол-ақ екен, «қойға шықпай жатып көтеріліп қалған екенсің, әлі-ақ алдыма талай келерсің табынып» деп ағасы ұрса жөнелді. Тойдалы қария да отқа май құйғандай оның сөзін сөйлеп, «үлкеннің тілін алмайтын бәтшағар екенсің, тегінде адам болмассың» деп қосамжарлап қоя берді.

Шоңшабай Шәріптен жасы біршама үлкен болса да жүгіріп барып, оның әйелінің қолындағы екі шелегін алды да суға кетті. Осы мезетте Шәріп әйеліне: «сандықтағы ақшаны әкелші. Тойдалы мен Шоңшабайға берейін» деп лезде жоқты тауып алдырды. Қамытбек көзіне жастың қалай толып шыға келгенін байқамай қалды. Ашумен үйден жүгіре шықты да үш шақырым қашықтықта тұратын аулына қарай тартты. «Шіркін, мен болсам туысым деп бардым. Ал ана екеуіне не жоқ, әйтеуір таныс адамдары. Екі шелек су үшін мені жығып беріп, ақша алды. Әншейінде айтқанына тақ тұратын басым, бүгін маған не болды? Әлгі сөзді қалай айттым. Әлде жоқ деп зекіп айтқанын көңіліме алып қалдым ба? Мен байғұста қандай көңіл бар еді? Неге жүре бермедім...» деп ой үстінде өзіне-өзі ұрысқандай өкініп келеді. «Ақша құрысын, бәрінен де мені жығып бергені өтті-ау! Көп ит бір жақ, көк ит бір жақ, дегендей сонда осы екі шелек су үшін адамгершіліктен ауытқығаны ма? Маған өзімшілдіктің қандай қажеті бар еді. Неге жүгіре бермедім?» деп көз жасын төгіп-төгіп алды. Осындай ойда келе жатқанда қас қылғандай күннің көзі де ашылмай, аспаннан төнген қара бұлт еңсесін баса түсті. Осы мезетте «Е, Қамытбек, сен мұншама неге қамықтың?» де-

ген пенде болса көзінен жас тиылар ма еді». Бірақ мұның жайын сұрайтын кімі бар дейсің?

Осылай жападан-жалғыз жасып келе жатқанда алдынан бір ашық мәшине қарсы кездесе кетті. Үстінде күтіп жүрген әлгі кассирі бар екен. Бірақ мәшине жақындап келді де тоқтамай зу етіп өте шықты. Жазған құлда шаршау бар ма? Ол ауылдан едәуір ұзап кетсе де қайта кері бұрылды. Барса, кассир кеңсеге келменті. Бас бухгалтер ғана отыр екен.

— Аға, кассир мұнда соққан жоқ па? — деп сұрап еді.

— Ол келсе, үйінде болар, барып шақырып кел,— деп оған өзін жұмсады...

— Мына Қамытбек қазір қолқалап қой шаруашылығына жіберіп отырған адамымыз. Банкіден ақша әкелмесең, біреуден қарыз алсаң да әжет аш,— деп кассир есіктен кіргеннен-ақ бас бухгалтер бұйрық етті.

— Ақша ала алмадым. Мейлі Шәріптен болса да қарызға алып бере тұрайын,— деп кассир Қамытбекті соңынан ерте жөнелді.

Ол Шәріптің үйіне барған соң біреулер келіп қалмасын дегендей есікті тарс жапты да ішінен іліп, Шәріптен емес, өз қалтасынан он сомдықтан жиыrmасын санап, қолына ұстатты. Қамытбек ақшаны алып қайта санап шығып еді, өз көзіне өзі сенбеді. Жаңылыстым ба деп тағы бір санап көрсе де бір қағазы артық шықты. Шынымен-ақ жаңылысқан екен. Қамытбек он сомдықты оған қайтып бергенде кассир алғысын жаудырып, риза болып қалды.

— Алғысты керісінше мен сізге айтуым керек,— деді Қамытбек.— Жаңа ғана осы жерде бірқатар кісі мені жүндей түтіп, табалағандай болған еді. Сіз қайта менің еңсемді көтердіңіз,— деді. Бұл кезде бұлардың жанында тұрған ағайыны Шәріптің өзі бірде қызарып, бірде бозарып, қатты жайсызданып кеткендей еді.

Адамның көңілі дегенді қойсаңызшы, жаңа ғана Қамытбекті жегідей жеген көп ой демнің арасында сейілуге айналғандай болды. Ол ақша алғанына емес, тұла бойынан жүдеу ойдың айығуға бет алғанына көдімгідей көтеріліп-ақ қалды...

Жексенбі қария бізбен ұзақ жылдар көрші тұрды. Мен бала болсам да ол кісінің киім киісіне, жүріс-тұрысына қатты қызығып, еліктеуші едім. Киім болғанда оны түрлеп киіп жатқан ол емес. Бір шибарқыт пешпеті мен шалбарын үстінен тастамайтын. Онысын ақ көйлекпен кигенде әншейінде аққұбаша адамның жүзі одан бетер ажарланып, ақ қырау басқан шашы, қасы мен мұрты жарасып-ақ тұратын. Басқа шалдардай емес, қашан көрсең де үсті-басы кіршіксіз таза, тойға жиналғандай боп жүретін.

Бір күні үйінде отырып, төрде кілемнің үстіне іліп қойған әлгі пешпетіне көзім түскені сол еді, аппақ түйме менің назарымды бірден аударды. Оны төс қалтасының тұсындағы астарына тіккен екен.

— Әкемнің әкесінің інісі Дүйсебай атам ерекше кісі еді,— деп бастады ол сөзін, менің қойған сауылыма қарай.— Біз олардан шалғай ауылда отырсақ та анда-санда барып, қойнына жатқанды ұнататынбыз. Мен қанша еркелесем де бәріне көніп, өз баласынан кейін көрмейтін. Ақ көңіл, аңқылдаған қарапайым кісі. «Адам түгіл зиянкеш жыланға да өзің тимесең тимейді, ол да тірі жан, тиіспендер» деп отыратынын талай еститінмін.

Өмірінде қайбат сөз, біреумен ұрсу деген болған емес. Баз біреудің сондайын естісе «оның денсаулығының жоқтығы...» деп мүсіркеуші еді. Қашан келсем де төңірегіне бір топ баланы жиып келіп әңгіме, ертегілерді айтып отыратын. Өте балажан кісі еді.

Ол кісінің қойнына соңғы жатқаным әлі есімде. Үйдің ішіндегілер «атама барамын» деп мазалай берген соң мені апарып салған. Сонда білгендей алдымнан шығып қуаңғаны-ай.

— Сағындым ғой, шыбыным. Неге келмей қалдыңдар? — деп құшағына ала маңдайымнан сүйгенде ыстық тамшы тамғандай болды.

— Ата, құрбан айтқа қарсы келейін деп кешіктім,— деген сөзді өз көзіме де жас толып, даусым дірілдеп әрең айттым ғой деймін.

— Оқасы жоқ, шыбыным. Мұның да дұрыс екен,— деп епелектей жөнелді.

Жайбарақат отырған үйіне «мейман келді, неге қам

жасамайсыңдар. Мейманның үлкен-кішісі болмайды» деп дереу біреуді жіберді де сойысқа мал алдырды.

Менің сонда алтыдағы кезім. Атамның мейман деп сыйлауынан ба кішкентай жүрегім атша тулап, елжіреп кетті. Атама тағы қызығатын жерім ол кісіге не айтсам соған көнеді. Алдасам да бала сияқты сене беретін. Әңгіме, ертегі дегенді маған үлкен кісідей-ақ жалықпай айтып беруші еді. Мен осы үйге келгенде ойнайтын өзім қатарлы бала жоқ. Тек қана жар дегенде құдайдан жалынып сұрап алған жалғыз ұлы Тұңғышәлі есейіп, жігіт болып кеткен. Сондағы сағынып баратыным Дүйсебай атамның өзі ғана.

Сол күні ертең құрбан айт деп ат ұстап, дайындық жасап жатқан кез. Жас-кәрі демей екі өкпесін қолына алып, асыға күткен ел. Менің бар мақсатым атамның қасында болу. Онымен лесіп, үйде-үйге айттау. Мен үшін бар қызық, бар бақыт сол кісінің өзінде ғана сияқты.

\* \* \*

...Сөйтіп, сол күні кешінде атамның қойнына жаттым. Ойымда түк жоқ. Еркеліктен ерекше әсер алған сияқтымын. Ертеңіне елдің бәрі абыр-сабыр болып, айттауға дайындалып жатқанда ұйқысынан ерте тұрған атам мені де «тұр-тұрлап» оятты. Өз үйінің дастарханы басында отырып, «әлгі жалғызды шақыр» деді. Ол кісінің жалғыз деуінің өзіндік сыры да бар еді. Өмірінің жарым-жартысына дейін перзент көрмей жүре беріпті. Ол жайында ойына да алмаған екен. Туыстарының баласын өз баласындай сезінген соң кейбір аузы жеңілдер: «балаң бар ма?» десе «бір үйге бір бала жетпей ме екен?» деп қояды екен.

Міне, сөйтіп жүргенде бір сәби дүниеге келіпті. Өміріндегі тұңғыш көрген шикі өкпесі болған соң атын Тұңғышәлі қойыпты. Жалғызды шақыр деп отырғаны да сол болса керек.

Сөйтіп, дастархан басына Тұңғышәлі де келіп отырды. Содан соң нұры таймастан бұрынғы қалпынша Дүйсебай атам сөз бастады:

— Ал енді азды-көпті осы өмірді ел қатарлы сүрдім. Бұл өмірде мәңгілік ешкім жоқ. Бір-бірімізден кеткен ағаттық болса кешіргейсіңдер,— деп сөзінің басын салмақтай бастады.

— Ойбай, әке, не айтайын деп отырсыз? — деп Тұңғышәлі сөзге араласа беріп еді.

— Сен қоя тұр, — деп тастады.

— Бүгін мен түс ауа өмірден мәңгілікке көшемін. Сен қапыда қалмай, қамынды жасай бер, — деп Тұңғышәліге анықтап тұрып айтты.

— Ал енді сендер, — деп жанында отырған кемпірі мен келін-кепшік, немерелеріне бұрылып, — көздеріңе жас алмаңдар. Осы сырды бүкпейін деп әдейі айтып отырмын. Бірте-бірте бәріміздің баратын мәңгілік мекеніміз сол жақ қой.

— Сізге не болған, не болса соны айтып. Денсаулығыңыз жақсы, ауру-сырқаудан амансыз..., — деп ол кісінің сөзіне мән бермеді Тұңғышәлі.

— Мейлің қарағым, бұл сөзімді құлаққа ілмесең, уағы жеткенде көзің көрер. Осы тіршілікте біреумен «сен» деп көрген жан емес едім. Тағдырдың осыны сездіріп отырғанына да қуаныштымын. Өмірден ерте кеттім демеймін. Менің сендерге айтарым, бір үйде қаншау-сыңдар, білсеңдер бір-біріне меймансыңдар. Кім болса да ол болсын бұл дүниеде адам баласымен сыйласып өт. Зиянға қалмассың. Барлық қоршап тұрған тіршілікті адамдығымен жеңе біл, — деді.

\* \* \*

Әке сөзін ескермеген Тұңғышәлі ауыл-ауылды айтап кетті. Әкесінің әлгі айтқандарын жамандыққа жорығысы келмеді ме, әйтеуір ол кісі дүние салғанда қасында болмады. Сол күні түс ауа Дүйсебай атам намаз оқып отырып, құбылаға басын қойған бойда қайтып көтермеді.

Шіркін, зерек адамдар өзінің келешегін болжай отырып, тағдырын дастарханға ұқсас алдына жайып қоятынын қайтерсің?! Міне, жаңа ғана көз алдымызда қарайып отырған Дүйсебай атаның кәдірі енді ғана жеткен сияқты. Танертеңгілікте мына кісі не айтып отыр, алжыған ба дескендер, енді «жарықтық әулие екен, қоштаса алмай қалдық» деп өкініп жатыр.

Ауыл-ауылдан келушілердің «өлетінін қалай білді, кемейгер екен» дейтінін қайтерсің. Дүйсебай атаның тірі кезінде: «о да бала, бала ғұсап не болса соны айтады», немесе балаларды жинап алып» тырнақ етке мей-

ман, ет тырнаққа мейман. Жерді бассаң байқап бас, жәндік болса өлтіресің. Оның жапы да сенің жапың сияқты» деп отыратын. Міне, осындай сөздеріне әпенде деп әжуәлап күлетіндерге енді демнің арасында кәдірлі бола қалыпты. Ол кісі көз жұмғаннан кейін алыс-алыстаң жерлеуге қатысамыз деп құрметтеушілердің келуі көп.

Міне, енді Дүйсебай ағайды ақ жауып, арулап қоюға дайындық жасап жатыр. Ақрет киіміне орап қойған жерінен тәберік деп қолы жеткені бір жапырақтан шың киімдерінен жырттып алуға шықты.

— Оу, халайық, бұлардың қалай? Денесі көрініп қалатын болды. Алатын ырымдарыңды үйден-ақ аласыңдар,— деген өлік иелерінің сөзіне құлақ асар емес.

— Пейішке кетіп бара жатқан Дүйсебайдың денесі тиген ақ матадан балаларымызға тәберік аламыз, үйіндегі матаның керегі жоқ,— деп шу ете түсті халық. Содан соң Дүйсебай атамды үш мәрте ақ матаға орап, соны бір жапырақтап, жырттып беруге тура келді. Жиналғандардың бәрі мәз-мәйрам, ризалық үстінде. Жиналған көпшілік атамды жерлеген соң әрқайсысы өз баласының кез-келген киіміне ақ шүберекті түймеге ұқсатып таққаны әлі есімде. Олардың мұнысы маған жұмбақ сияқты көрінетін. Мына сен көрген ақ түйменің сыры осындай деп Жексенбі қария сөзін аяқтады...

## ЖОЛДА

Күн шықпай жолға аттанған біздер ымырт жабыла Хантауындағы бір бейтаныс үйге келдік.

— Құдайы қонақпыз,— деп табалдырықты аттай бере, бәрінен бұрын:

— Келіндер,— деген қарт адамның даусы естілді іштен. Амандасып болып, жайғасқаннан кейін:

— Қай ауылдың балалары боласындар? — деді әлгі қария.

— Шу бойындағы «Ақын» совхозынан едік. Арқада қой қырқынын аяқтаған қырықтықшыларымыз поезбен қайтты да біз соларға тігілген киіз үйлер мен жатын орынды алып, ауылға тартқан бетіміз. Мына екі жігіт шаршадық деген соң бейтаныс болса да лажсыздан осы үйге бұрылдық.



— Дұрыс-дұрыс, оқасы жоқ, еншіміз бөлінбеген қазақ емеспіз бе? Арқадан келеміз де... әрине, шаршайды. Атпен жүрсе талай күндік жер,— деп алғаш состынықырап қарсы алған қария күдігі сейілген соң шешіле сөйлей жөнелді.

— Ал енді балалар, таныса отырайық. Менің есімім — Көкірек. Ата-бабамыз осы жерді мекен еткен. Кейіннен кеңес өкіметі орнағанда соның малын бағып, әрі жайлау, әрі қыстау болғандықтан, қоныс аудармай отырмыз.

Өзі қанша қарығанымен алтынның сынығындай болып тұрғаны, тұр-тұрпатынан да, сөзінен де сөзіліп тұр. Кезінде бір текті адам болса керек. Ширақтығына қарамай, жасы тоқсанның ар жақ, бер жағында ма деп шамаладым.

— Осы жолғы қырқынды басқару маған жүктелген еді, соны аяқтап келемін. Ныспым — Мұқанәлі,— деп едім.

— Кешегі балаларды танымаймыз ғой, әкенді айт,— деді қария. Әкемді айтқанымда тағы білмеді.

— Оның әкесін айт,— деді.

— Атам — Байсейіт.

Біраз ойланып қалған қария:

— Би Байсейіт емес пе? — деді.

— Иә,— дедім.

— Сыртынан естуім бар, көрген адамым емес,— деді.

— Мына жігіт су таситын мәшиненің несі,— деп Пансатты нұсқадым да әкесін, атасын айтып едім, үшеуін де білмеді. Кезек жүк артқан мәшиненің жүргізушісі Төкенге келіп, әкесін айтқанымда танымай, әкесінің әкесі Орахатты айтқанымда:

— Кім дейсің? — деді қария.

— Орахат.

— Әлгі батыр Орахат па? — деп анығын білгісі келгендей қария қайталап сұрап, жүзі нұрлана түсті.

— Дәл сол батырыңыздың немересі,— дегенім сол еді:

— Әй, кемпір, қайдасың? — деп сырттағы кемпірін шақырды.

— Не?

— Мына меймандар тегін меймандар емес екен. Өлі ет асуға қазан көтеріп жатқан шығарсындар. Оны қоя

түр. Ана балаға айт, мал әкеліп, мына кісілерден бата сұрап, соны сойсын. Содан кейін қазан көтерерсіңдер,— деді.

\* \* \*

Орахатты таныған соң біздің де көңіліміз жайланып, өз үйімізде отырғандай сезіндік. Төкенге қадала қараған қария терең ойға батқандай болды.

— Балам, сенің түрің үлкен атаңа аздап келеді екен,— деп шай үстінде сөзін одан әрі сабақтап отырды.

— Мен екі елдің де шекарасына жақын отырғандықтан олардың көптеген кісілерінің істерінің куәсі болдым. Осы өңірден ары-бері өткендер біздің үйге соқпай кетпейтін. Атақты Ағыбайдың оң қолы деген біреу Шу өңірінен өне бойы мал айдап қайтатын. Бара жатқанда да, қайтқанда да үйге соғып, атын шалдырып жүрді. Ең кейінгі сапарында екі үйір жылқы айдап келіп, үйімізге қонып кеткен болатын. Бір күн өткенде із қуған үш адам сау етіп келе қалмасы бар емес пе. Лаж жоқ, шынымды айттым. Жасырсам өзім ұры атаңғалы отырмын.

— Бүгін елінің шетіне жетіп қалған шағыр. Олар төрт адам, сендер — үшеусіндер. Теңдік бермес, лажы болса қумай-ақ қойсаңдар,— дедім.

— Мына бала дұрыс айтады,— деп Орахаттың ағасы Орман да менің сөзімді қостай жөнелді.

— Ауылға қайтып, кейін көп адам болып қусақ кәйттеді?

— Ақсақал, біздің де шешеміз бір-бір қалжа жеген шығар, бара көреміз,— деп оған інісі көпбей, түннің бір уағында қуып кетті.

Жылқы айдап кеткен ұрыны бір кездегі Ағыбайдың оң қолы болды-мыс дегеніне мен өзім де сеніпкіремедім. Ағыбай деген ел намысын, ер намысын ойлайтын ірі батыр. Ал мынауы соңғы аптада екі мәрте мал айдап қайтты. Ол тек Ағыбайдың атын жамылып жүрген біреу-ау, деймін. Өз басын күйттеп жүрген батыр ма? Барып тұрған қарақшы. Шынымды айтсам, бір аптада екі мәрте мал айдап қайтқанын ішім жақтырған жоқ. Оның қалай деуге тағы шама жоқ. Өзіне тимесе, үндемейсің.

Қуғыншыдан үшінші күнге дейін хабар болмағанда, бірдеңеге ұшырады ма деп хауіптендім. Ол ойым бекер болып шықты. Кешке қарай Орахаттар екі үйір жыл-

қысын түгел айырып алып кепті. Ағыбайдың оң қолы деген өз елінің шетіне барып, біреуіне қонып, біреуіне түстене, бейқам жүріпті. Мейманасы асып кеткен ғой.

Олардың қарасын көрген Орахат қасындағы екеуіне:

— Қанша екенінді алыстан сездірмей, қараларыңды көрсетіңдер,— деп кейінге қалдырып, өзі жеке қуады.

Қуғыншыны көрген Ағыбайдың оң қолы да үш адамына жылқыны айдаатып жіберіп, өзі көлденең күтіп тұрады. Жетіп барған Орахат:

— Сені қуған қуғыншымын,— дейді.

— Онда жолың болсын,— деп кекетеді.

Ұрының жасы үлкен екенін сезген Орахат:

— Бұйрық сізден болсын, қалай сынасамыз? — дегеніне:

— Аударыспақ болсын,— деп шешім айтады.

...Екеуі де ат үстінде көп уақытқа дейін алысады. Өзді-өзіне сенген екеуінің де берілуі онайға түспейді. Әйтеуір бір кезде Ағыбайдың оң қолы дегенді аударып тастап, атын Орахат жетекке алып шығады. Бұдан кейін жолдастары да келіп қалып, алдағы жылқыны қуады. Артындағы айбынына сенген үш жылқы айдаушы Ағыбайдың оң қолы дегеннің атын көргенде жылқыны тастай қашады.

Сөйтіп, Орахаттар ұрыссыз жылқысын кейін айдап қайтады.

— Маған Ағыбайдың оң қолы дегеннің атын ер-тоқымымен сыйға тартып еді, ер-тұрманын түгел алдым да:

— Аты маған сыймайды,— деп алмадым. Бірақ оның есесіне бір байтал беріп кетті. Мына керегенің басында қаз-қатар ілулі тұрған сол Орахаттың көзі,— деп жалтыраған күміс ер-тұрманын көрсеткенде біз де Орахатты көргендей болдық.

## ҚАҚПАҢШЫНЫҢ АҚЫРЫ

Әр жылдары қақпанымен алып жүрген ақ бөкен, қарақұйрық, елік, қоян, қасқыр, түлкі, мәлін, күзенге дейін бәрі-бәрі жиылып келіп, Қанкештіні ортаға алды.

— Біз де жаратқан табиғаттың өзіңіз сияқты жандысы едік. Мына жер мен су жанды-жансыз үшін нәсібімізге тең, ортақ қып жаратқан бәріміздің мекеніміз еді. Еркін де кең мекенімізде қаперсіз тіршілік етіп жатқан бізді кең даламызға жүргізбей қырып барасың. Ең бол-

маса қасқыр сияқты тигізер зиянымыз да жоқ. Осыншама қатыгез болмасаң қайтеді, енді сенің құның бітті дегендей әр қайсысы әр тұстан өз тілінде сөйлегендей тамсанып, бастырмалатып тұр еді. Сонда ең соңынан келіп, анадай жерде тұрған Арқар:

— Бұл біздің үйірімізді де қырып-жойып, ақыры бітуге айналдық. Енді маған жол беріңдер, бәрімізге істеген қиянаты үшін есесін мен берейін,— дегенде тұрған аңдар қақ жарылып, жол ашпасы бар емес пе. Кейін шегіне, бар екпінімен Қанкештіге таяна бергені сол еді, «ойбай, ойбай...» деп шошына тұра келсе, түсі екен.

Күйеуінің ойбайлаған даусынан әйелі де оянып кетіп, «біссімідә, біссімідә» деп тілін келмеге келтіріп жатыр екен. Шамалы уақыт өткеннен кейін:

— Саған не болды? — деп үрейленген күйеуін көріп, басу айтты да жөн сұрады. Қан жоқ, сөл жоқ, сұп-сұр болып кеткен Қанкешті өзіне-өзі келген соң айтуға ыңғайсызданды да. Дегенмен жатып-жатып, біраздан соң лажсыз көрген түсін айтуға мәжбүр болды.

— Әй, сен осы қақпан салғанды қой десем қоймай қойдың, тегін дүние табамын деп. Осыған кеткен қыруар уақыттың орнына басқаша еңбектенсең ел қатарлы жансақтар едік қой. Былтырғы мейманның сөзінен кейін сенен қорқа бастаған сияқтымын,— деп өткенді еске түсірді әйелі...

...— Мынау ненің жілігі? — деді қонақ ас үстінде.

— Қоянның жілігі ғой,— дей салған-ды Қанкешті.

— Ой, сұмдық-ай, мына жілік кішігірім серкенің жілігіндей екен. Әр аңның киесі болады деуші еді, егер осы қоян киелі қоян болса ақырың не болар екен? — дегенде Қанкештінің ойына ештеңе де кірмеген-ді. Ал, әйелі болса кеудесінен бір жылан жүріп өткендей, тұла бойы суып, көпке дейін мазасызданды. Сол сөз көкейінде қалған сияқты. Оның үстіне күйеуінің сонау бір жылдары қасқырдың азығы бола жаздап, қаншама ай азап шеккені де есінен шықпай жүрген.

...Ол былай болған еді. Салған қақпандарының біріне қасқыр ілігіп, соның ізіне түскен Қанкешті әлгі қасқырды бір қоянсүйектің түбінен оралып қалған жерінен табады. Қақпан құратын кішкене қалақша күрегімен өне бойы қандай аң болсын тұмысғынан бір ұрып ала беретін. Қақпанға түскен аңды мылтықпен атып алуға терісі бүлінер деп осыған әдеттенген-ді. Сол әдетіне са-

лып, қаннен-қаперсіз жатқан аңға жақындағанда ашулы арлан ар етіп, өзіне қарай шапшыды. Қолындағы күрекшені сілтеп кеп қалғанда қасқырға тимей айдалаға ұшып кетті де әлгі арлан пайзадай тістерімен нығын орып кетті. Шапанының жұлынған жері қасқырдың аузында қалып, өзі кейін қарай шалқасынан құлап түсті. Сәтін салғанда қақпанның тоқпағы қоянсүйектің түбіне оралып қалыпты. Тұз тағысының еркін қайрат қыла алмағаны содан екен. Осы оқиғадан кейін ұстаған аңдарының терісі бүлінбек түгілі жарымсыз болып кетсе де мылтықпен атып алатын болды.

Міне, осындай жайларды айтып, әйелі кейіп отыр.

— Қой десем қоймайсың, қайдам, ақырыңның не боларын түсінбедім,— деді әйелі.

— Кешегі арқарлардың шуағына салған қақпанымды ертең әкелген соң қақпан салғанды мүлдем доғарамын,— деп әйеліне уәдесін берген еді.

\* \* \*

...Арқарлар таудың биігінен түсіп, таңға жуық табандағы өзеншеден су ішеді. Осыны пайдаланып, қақпандарын әр жерге құрып қоятын. Күндердің бірінде таң қылаң бере салып қойған қақпанына келсе, біреуіне ілеккен аң сүйретіліп жоғары қарай кетіпті. Едәуір жер жүріп әрең тапты. Байқаса, қақпанға түскен арқардың биылғы кебесі екен. Күз айының бел ортасы болатын.

Тегін дүние мен еркіндік деген кімді де болса үйінде жатқызбай, алдына салып қуып жүргені қанағатсыздық емес пе? Қанкешті кебе арқарды көргенде оның балбырап піскен еті мұрнын жарып бара жатқандай сезінді. Сүйреткі ізге анда-санда бір соғып кетіп отырған енесінің ізін байқаған да жоқ. Тойымсыз көздерінің тұнып кеткені соншалық енесінің жанамалай жүргенін де байқамапты. Арқар түгілі хаяанның ішіндегі ең момыны деген қойдың өзі жаңа қоздағанда баласын қорғап, жанына жақындаған иттің өзіне тұра ұмтылмай ма?! Төлін қорғамайтын жан-жануар кемде-кем шығар бұл дүниеде.

Адам дыбысын сезген енесі кебесінен бөлініп, бұта ағаштың тасасында қарап тұр екен. Қанкешті мұны байқаған жоқ. Жұлқынған көбені әрең дегенде ұстап, жерге атып ұрды. Жалма-жан етігінің қонышынан кездігін суырып алып, кеңірдегіне тақай бергені сол еді, артынан тиген ссққыдан жалп ете түсті.

Ертеңіне түске таман Қанкештінің сүйегін ауыл адамдары далада қалған жерінен тауып алып қайтты. Киелі деген сөзге жүгінбей-ақ, төлін қорғап, қандай хауіп-қатерге де бас тігетін аң да аз емес екен ғой десті жиналған жұрт аңшыны соңғы сапарға шығарып салу үстінде...

### «ҰРА БЕРДІМ, ҰРА БЕРДІМ»

— Екі күн болды, иттер мая жаққа карап үріп шығатын болып жүр. Маяның әр жерін шошка түрткендей ойдым-ойдым етіп тастапты. Сірә, жабайы шошка ма деп отырмын. Әрі ізі де соның ізіне келетін сияқты,— деді үй-ішіне Өсер.

— Мына күздің күні қытымырлау ма, қалай өзі, мен соны андын, маяның үстіне жамылып жататын бірдеңе беріңдер,— деген Өсер сөзін одан ары жалғап.

— Былтырғыдай бізді тағы сынайын деп отырсың ба? — деді әйелі.

Бұл сөздің де өзіндік сыры бар еді. Өзі ақ көңіл, аңқылдаған Өсер бір күні түн ішінде бір жақтан келе жатып үйіне жақындағанда қасындағы жол серігіне:

— Мен мына тасада тұра тұрайын, іші ауырып, домалап жатыр деп үйге хабарлай сал,— дейді.

Бұл хабарды ести сала оның әйелі мен кенже баласы Уәтай:

— Енді кәйтеміз? — деп шыдамсызданып, дауыс шығарып, жылай бастайды. Үлкен ұлының мінезі сабырлы болғандықтан ба, аң-таң болып отыра кетті. Осының арасында Өсердің өзі де жүгіріп келіп:

— Сендерді сынайын деп әдейі істеп едім. Сөйтсем, сенің саз балшықша сазарып отырғаның қалай? Тіпті мен өлсем де тыбыр етпейді екенсің,— деп үлкен баласы Жексенбіні бас салып ұра бастайды. Міне, әйелі Өсердің сондағысын алдына табақ етіп тартып отыр.

— Не де болса көрдім,— деді де Өсер кішкентай айбалтасын алып, сол түні маяның басына түнеді.

...Түннің бір уағында оянса маяның маңайында тоңқаңдаған бірдеме жүр. «Не де болса таңға жуық көрейін» деп маяның үстіне оның шыға алмайтынын біліп, алаңсыз жата берді. Бірақ тынымсыз үрген иттер маза бермеді.

Таң қылаң бере Өсер әлгіні көрмек болып маядан еңкейіп, төмен үнілсе әлгі тонқандап жүрген жабайы шошқаның қабаны екен. Үлкендігі күнан өгіздей, сұмдық-ай, тікірейген жалы есектің жалынан аумайды екен, тістері найзадай болып ақсынып тұр. «Мұны кәйтсем екен, үйге барып хабарлауға жерге түссем мені жазым етуден тайынбайды. Үй мен маяның арасында бір бел жатқаны болмаса жақын-ақ жер». Дағдарып, не істерін білмей отырды да қабанды анық көргісі келіп, соның түртпектеп жатқан жеріне тағы үніле беремін дегенде аяғы тайып кетіп, сусылдаған шөптен сырғанап отырып, қабанның үстіне атша міне түскенін өзі де байқамай қалады.

Талай шу асауды құлағынан тұқыртып тұрып бас білдірген Өсердің зор денесі әлде қалай аунап кетпей дәл мінгеніне қуанып, сала құлаш екі аяғын қабанның алдыңғы аяғының қолтығына айқастырып алды да сол қолымен жалынан ұстап, оң қолымен ай балтасын қыса ұстап қабанның басынан ұра берді, ұра берді. Қорсылдап, тонқылдап алып қашып жүрген қабан маяны айнала шапқан сайын ауыл иттері соңынан қалмай жанталаса үріп жүр. Осы кезде азан-қазан дауыстан маяның жанына жүгіріп жеткен бала-шағасы үрпиісіп:

— Мына әкемізге не болған, асауды қойып, енді қабан үйретейін деген бе? Кейінгі кезде өзі не болып барады? — дегендей жазғыра қарап тұр.

Әрине, Өсердің әдейі мінбегенін балалары қайдан білсін. Байқаусызда жағдай осылай болғаннан кейін жан-дәрмен құламаудың айласын жасап жатқаны да. Егер құласа жазым болары анық. Әзірге жанын алып қалып тұрғаны Өсердің аттың құлағында ойнайтын өнері мен қажыр-қайраты еді. Не керек, Өсердің қолындағы айбалта жанын қойсын ба, ақыры балталап жатып қабанды құлатып тынды. Содан кейін шошына жиналып қалған көрші-қоландарға Өсер:

— Әйтеуір, жандалбаса ғып қолымдағы айбалтамен бастан ұра бердім, ұра бердім, — депті. Кейін осы сөзі елге күлкілі әңгіме болып кетіпті. Бірақ өлім мен өмір бетпе-бет келгенін басына түспеген қайдан білсін...

## ЖЫҒЫЛҒАНҒА ЖҰДЫРЫҚ

Ертеңмен түйелерін өріске шығарған соң, он сегізге тола қоймаған баласы Саматқа:

— Бүгін штабтағы дүкенге барып, үйге қант шай-  
әкел,— деді әкесі. Бұл әкенің баласын бірінші рет алыс-  
қа жұмсауы еді.

Солай кетіп бара жатқан Саматқа жолда Итөлгеннен  
Әкен жолсерік боп қосылды. Сөйтіп, бірі аттылы, бірі  
түйелі екі адам штабқа да жетті. Үйіне барып, керек-жа-  
рағынды мақауға түсіндіргендей тұрткілеп жатып айт-  
пасан дүкенші сені қанша жерден көріп тұрғанымен дү-  
кенді ашушы ма еді? Ашқан емес. Ол солай әдет алған.

— Мен дүкенді аштырайын,— деп Әкен келген бетте  
дүкеншінің үйіне кіріп кетті.

Қолындағы қыруар қоғам мүлкіне ішпей-жемей мас  
болған дүкенші мына «арақ жолдасы» келгеніне маз-  
мәйрам, кезек-кезек бөтелке алысып, отырыстары одан  
әрі жалғаса берді. Екі шишаны босатып, үшіншісін бас-  
тағанда барып:

— Саудаға бір бала келіп еді, оны ұмытып кетіппін  
ғой,— деді Әкен әлгі бірге келген серігі есіне түсіп.

— Ол кім еді? — деді тілі күрмеліп, даусы қарлық-  
қан дүкенші.

— Қызқашқандағы түйешінің баласы.

— Бар, шақырып кел,— деп дүкенші әлгі баланы  
үйіне шақырып алды.

Екеуінің отырыстары бір ғанибет. Дәл қазір осы өңір-  
дің тұтқасы осы екеуінің қолында тұрғандай. Самат өз  
үйінен ұзап шығып көрмеген. Мастардың әркіл-тәркіл  
сөздерінен «қандай жерге тап болдым» деп тосыннан  
тұрмыс құрған қыздай төмен қарап отыр.

— Ал, балақай, сен жігіт екенсің. Сенен де жас ке-  
зімізде мына мөлдір суды ішкенбіз. Кәні, алып жібер,—  
деп дүкенші тола стакан арақты ұсынды. Оның сөзін  
Әкен де қоштай жөнелді.

— Арақ ішіп көрген емеспін, қажеті жоқ, ішпеймін,—  
деп бала жерге қарап күңкілдеді.

— Осыны алып қоймасаң дүкенді ашпаймын. Керек  
болса зорлап ішкіземін,— деп күш көрсетуге көшті дү-  
кенші. Шіркін арақ, ақымақты ақылды, мақауды шешен  
қылатын әдеті емес пе? Былай-былай бұлтарысты біл-  
мейтін ұяң неме әлгіден кейін қорықса керек, стаканда-  
ғы толы арақты қағып салды.

— О-о, жарайсың, жігіт екенсің! — деп екеуі де жа-  
мырай сөйлеп, босаған стаканды тағы да толтырып қой-  
ды. Осыдан соң Самат тағы бір ішкенін біледі, ары қа-



рай қанша ішіп, қанша отырғанын білмейді. Тіпті үйіне осыдан кейін қалай жетіп, қалай құлағанынан да бей-хабар.

\* \* \*

Ертеңіне Әби мотоциклмен қуып отырып, Саматтың үйіне барса, кешегі мастығы тарамай ұйықтап жатқан жерінен оятты.

— Кәні, шыныңды айт. Біздің штабтан бір бие, бір тай ұрланыпты. Оны ұрлаған сендерсіңдер,— деп әкешесіне естіртпегенсіп, сыбырлай айтты. Ол «алғамын жоқ» деп ат-тонын ала кашқанын сезе қойып:

— Бір айтатын сөзім бар еді,— деп түйеге мінгестіріп, бір төбенің астына алдап апарды. Барған бетте кеудесіне бірнеше мәрте қойып қалып, жықты да буындыра бастады.

— Ағатай-ағатай, ұрлаған жоқпын,— деп жан даусы шықты баланың. Бұған құлақ асар Әби ме? Баланың тамағынан қолын сәл босатып, қайта буындыра бастады. Өлермен халге душар болған бала ақыры «алғаным рас» деп Әбидің айтқан сөздерін қайталап, мойындаумен болды.

— Онда осы мойындағандарыңның барлығын мен айтып отырамын, сен өз қолыңмен жазып, тіл хат бересің,— деді. Ақыры, Саматтан екі мойындау қағазын жаздырып алып, аулына қайтты.

\* \* \*

Әби Қызқашқанға кетісімен атын қорасынан алдырған шал да төте құм жолмен биесін іздеп шықты. Осы жолмен жүрген екі ат, бір түйенің ізін кесті. Жол-жөнекей «ойпырмай-ә, мына Әбидің қорасында тай жоқ еді, әуелім оған қылқұйрық атымен біткен емес, менің биеммен қабаттасып, менің де тайым жоқ деуі несі? Мына сайрап жатқан іздің ішінде тайдың ізі көрінбейді ғой» деп сонау Итөлгенге жеткенше ойлап барды.

Шал Итөлгендегі малшыларды ертіп келіп үш ізді де көрсетті. Олар да «екі ат, бір түйенің ізі осы жерге дейін келіп, жап-жаққа тарап кетіпті. Ал тайдың ізі тіпті де жоқ» десті. Шал Итөлгендегі біреудің үйіне түсіп еді, Әкен осында карта ойнап отыр екен.

— Қарағым Әкеп. Сен кеше дүкеншінің үйінде арақ ішіп отырғанда, күндіз тұсап, түнде қораға байлап отырған әдетіммен биемді байлап қайған едім. Сендер қорамды ашып, биемді алып мінген іздеріне дейін сайрап жатыр. Белгілеп жауып қойдым. Атың босанып кетіп мінген боларсын, биемді тауып беріңдер,— деді.

— Шығымды айтайын,— деп Әкен бір оқталды да «арақ ішкеннің оңғаны бар ма»,— алғамын жоқ,— дей салды. Шал қолымен қойғандай ғып қайта-қайта айтып болмаған соң:

— Ата, атым босанып кетіп, сіздің қораңыздан ұрлағандай ғып биенізді сұраусыз мінгенім рас еді. Мастықтың әсерімен, әрине. Қашқан атымды ұстап алдым да биені өзі жол тауып баратын шығар деп жібере салып едім. Әлі бармаған екен ғой. Енді өзім тауып беремін,— деді.

\* \* \*

Шал үйіне келіп, «Әкен мінген екен, өзім тауып беремін»,— деді,— деп кемпіріне айтып отырғанда Әби келді.

— О, несін айтасыз, сіздің бие мен менің тайымды кешегі арақ ішкендер ұрлапты. Міне, қолымен жазған қағазы. Мойындады. Сізге біреу, өзіме біреу — екі мойындау қағазын жаздырып алдым,— деп Шалға біреуін ұсынды.— Енді мұны созып кәйтеміз. Сізді заң орнына апарып салайын. Мына мойындау қағаз тұрғанда өндіріп береді,— деп Шалды көндірді де кемпірін заң орнына апарып салды.

Жар құлағы жастыққа тимей жүріп, ақыры ойлаған арамза құлығы іске асатынына қуанған Әби кешкісін қайтып үйіне оралды.

— Менің нем кетіп барады. Шалдың биесін ұрлағаны рас па, рас. Соның қабатында менің тайымды ұрла-масада мойындады. Егер ортада жығылғанға жұдырық, демекші, мен шағымданбай-ақ үйімде отырып, бір тайға не болатын болдым. Мына қағазды тығып қой деп әйеліне ұсынды.

\* \* \*

Заң орны үшеуін бірдей тергей бастады. Шалдың биесін ұрлап мінгені және Самат жазған мойындау қа-

газы, Әбидің жоғалмаған тайын да мойындатты. Шал бшесін жарты айға жеткізбей өз үйірінен тауып алды. Әбидің тайы бұрын болған ба, жоқ па? Және де Самат мойындау қағазды қалай жазды, онымен заң орнының ісі де болмады. Олар осы істің байыбына бармай жатып, дайын істің несі болып, ақыры Әбидің тайын өндіріп берді.

Бұрынғылар бекер айтпаған екен: «қарадай бәлеңнен сақта» деп. Ыңғайы келсе ақ қара болып, ал қара ақ болып кететінін, осыны көріп-біліп жүргендер үшін таңғаларлық жәйіт болды. Сөйтіп, қылмыстың аты — қылмыс, өмірде болмаған тай үшін үшеуі бірдей қылмысқа жазаланды.

\* \* \*

Ұйықтап жатса Әби түс көріпті. Түсінде басқа республикада ауырып жатқан ауруханадағы Есені жылап жатыр екен.

— Жалғызым-ау, неге жылайсың? — деп Әби жақындаса итеріп жіберіп теріс қарайды.

— Сен жақындама қасыма, саған қарауға болмайды. Сен жалақорсың. Біреулердің мастығын пайдаланып, жоғалмаған тайынды жоғалды деп бес жүз сом өндіріп алдың. Олардың да мен сияқты оншақты баласы шуылдап қалды. Осы арам ақша үйге кірген күннен бастап мен бел ауру болдым. Сен үшін емес, өзім үшін сол жала жапқандарыңнан жылап тұрып кешірім сұрап тұрмын. Өзім есейіп, енбекке жарағанда бес жүз сомынды қайтарамын» деп.

Ал енді сенің олардың адал азаматтық арына таңба салғаның өмірлік мойнында қарыз болып қалсын»...

\* \* \*

Шошып оянса түсі екен.

— Қой мұнда отыра берсем жолым болмас, түбінде көшүім керек, — деп жорыды түсін Әби...

## ҚАСҚЫР ДА ҚАС ҚЫЛМАЙДЫ ЖОЛДАСЫНА...

Бозбай қыстауына көшіп келгелі бері екінші айдың жүзі, мамыр айының алғашқы онкүндігі. Құм қойнауының балауса шөлтеріне еркін жайылған отар қойлар тоғайғандығы болса керек, мамырлай қаптап жатыр. Сол төңіректегі қалың жүзгеннің арасынан бір қасқыр шыға бере қалыңға қайта қашып кіріп кетті. Ойында түк жоқ, қаннен қаперсіз келе жатқан Түбек мұны көрген бетте «айт, айтқа» басты. Қасқыр бұған елең етер емес, қайта жүрісін баяулатып, жолындағы топ қойды жарып өтіп, бір нәрсесі қалып бара жатқандай жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, қайта алға жүреді.

Түбек те иттерін айтақтап, үріккен отарының етек-жеңін шапқылап жүріп әрең дегенде жинап алды. Сәті түскенде, қасқыр тісі бір қойға да дарымапты. Тіпті жыртқышта ондай ниет те болмағандай. Өйткені, шыл қастыққа бекінсе, жолында талай-ақ қой жайрап жататын еді ғой. Қасқырдың тісі у дейді ғой.

Осының бәрін көрген соң Түбектің көңлі орнына түскендей болды. Ол өзіне-өзі келген соң жаңағы қасқыр шыққан жүзген жаққа бұрылды. Сол маңға жақындап келгенде күшіктің қыңсылаған үнін естіді. Аттан түсе салып, әлгі күшіктерді іздей бастады. Тапты. Жүзген түбін жаңа ғана қазып, алғашқы күшігін туған екен.

— Жыртқышым-ай, ә, басқа жақтан жортып келген екенсің ғой. Әлі өзіңе мекен дайындап та үлгірмепсің. Табан астында толғақ қысып, алғашқы күшігіңді тастағанда, келесісіне кедергі болып біз кездесіппіз. «Шеңгелді қорғалаған торғайдың да жаны қалады» дегендей мынау паналаған жерін-ау, сірә. Жарық дүние табалдырығын жаңа ғана аттаған бөрі күшігінің сүйкімдісіне қарашы, әлден-ақ жан-жағын тіміскілеп жатыр. Қойнымды ашсам, кіріп кетуден де тайынбас-ау. Хауіп-қатер, жауыздық дегеннен мүлде бейхабар... Қыңсылап, жан-жағын тіміскілеуі ана құшағын іздеуі екен ғой. Сенің де болашағың жауыздыққа арналатындығымен сені анаңнан ажыратпайын» деп ойлады шопан.

Түс ауып кеткен мезгіл еді. Күндегіден гөрі бүгін соңынан бірдеме қуғандай отарын жүргізе жайып аулына қалай жеткенін білмей де қалды. Ара қашықтығы сүт пісірімдей жердегі екінші Бозбай қыстауы деп аталатын.

жердегі көршісі әрі әріптесі Тәліпбай да осы хабарды естіп келген екен.

— Сені бір атаманды босандырып, күшіктеріне кіндік ата болды деп естідім,— деді ол сәлемдесіп жатып.— Атаман күшіктері саған кіндік бала болып оңдыра қоймас, одан да күшіктеген жерін көрсет, күшігін алайық.

— Ондай ептілігің болса әуелі арланы мен қаншығын ал, одан кейін күшіктері еш жаққа қашпас. Ал қолыңнан келмесе әуре болма, мен айтады, көрсетеді екен деп ойлама,— деді Түбектің де ашуы келіп. Түбек жалғыз Тәліпбайды ғана емес, басқаларды да осылай деп қайтарған-ды.

\* \* \*

Арада жарты айдай өткенде Түбектің баласы совхоз орталығындағы наурыз тойына кеткен болатын. Сол күні қойды қоралап жатып санаса, тоқсан алты қой кем шықты. Дәл сол сәтінде төңіректі шолып шығуға мүмкіндік жоқ, қою қараңғылық тез түсіп-ақ кетті. Әйтседе, сол түнгі ұйқы мазасыз өтті. Ертеңіне отарын келініне бақтырып, жоқ қойларын іздейін десе, келінінің аяғы ауыр. Көп қойды қамап кетуге тағы болмайды. Лажы қалмаған соң отарды тастады да жоқ іздеуге жүріп кетті. Ауылдан жарты шақырымдай ұзағаны сол еді, сазда бір топ қойдың үрпісіп тұрғанын көрді. Шауып отырып барса, өз қойы. Дереву санап жіберіп еді, түп-түгел. Алды-артын шолып із шалса, отарын жолға салып қасқыр айдап әкеліп тастапты.

— Ой, сұмдық-ай,— деп Түбек сенер-сенбесін білмей аң-таң болды да қалды. Қасқыр айдаған ізді қайта-қайта анықтап тұрып көрді. «Егер мұны елге айтсам, о заман да бұл заман бұған ешкім сенбейді-ау. Қасқыр да қас қылмайды жолдасына деген рас екен-ау», деді. Тіпті бір қойға да тісін тигізбепті. Енді осы бөлінген қойлардың түнеген жерін көрейін деп соның ізін қатарына ала отырып, кейін қарай жүрді. Сөйтсе, қас қылғандай жаңағы бөлінген қой қасқыр күшіктеген жүзгенге жақын түнепті.

\* \* \*

Бір күні баяғы көршісі Тәліпбай түрі қашып кеткен, жүзінде қап жоқ, сөл жоқ ренішті кейіппен шауып келіпті:

— Түбек, ана атаман досына менің көршіме тиіспе деп айтсаң кәйтеді (әбден сасқандағы сөзі), кеше бірден қырық қойымды жайратып кетті. Үш-төртеуінің із-түзі жоқ.

— Ол шіркінмен кім тілдесіп жүр дейсің? — деді Түбек.

— Әйтпесе, осы жерден көшкенше өз отарыңызға менің отарымды да қосып жая тұрыңыз.

— Оның бәріне мен не бола алмаймын ғой. Одан да малына ұқыпты бол. Мүмкін сол теріс азу да сенің ниғылыңды біліп, әлгі «күшігін алайық» деген сөзінді сезіп қалған да болар, — деп күлген болды. — Әйтпесе, екеуміздің қонысымыз бір, қой жаятын өрісіміз де бір. Бұл шіркіндер екеуміздің қойымызды қалай ажырататын болды екен? — деді Түбек.

\* \* \*

Уақыт зымырап өтіп жатты. Күндердің бірінде қой жайып жүрген Түбектің отарына тағы да қасқыр шапты. «Айт! Айт!» деп аттан салған Түбектің айқайынан кейін қасқыр сәл кейін шегінді де біраз кідіріп, ақырын жүре берді. Артына анда-санда бір қарап алады. Онысы «мен байқамадым, сені Тәліпбай екен деп қалдым» дегендей болып көрінді. Бұл жыртқыштың менің даусымды таныды ма, жоқ болмаса отардың таңбасын таныды ма, ти-меді, әйтпесе бір талай қойды жайратуға мүмкіндігі бар еді. Құпиясын кім білсін, қой бұл жерден көшкенше отарды балама да бақтырмай өзім бағайын, оны да бөтенсің, тиісіп жүре ме» деп Түбек алды-артына әзір жүрді.

\* \* \*

Құр таныс түгілі кейбір адамдар бірімен-бірі жора-жолдас, дос-жаран болып жүріп, аралары сусып кетеді. Тіпті ұрыс-жанжалды қойғанда, бір-бірінің көзіп жоюға дейін баратынын көріп те жүрміз. Жақсылыққа жақсылық жасау қолынан келмейтін кейбір сезімсіз адамдардан гөрі мына жыртқыш, қаскөй деген қасқырдың мына ісі мені таң қалдырып отыр. Осы оқиғаны көзімен көріп-біліп жүрген екі үй ғана. Басқаларға айта қалсаң сенулері қиын. Егер осы істің куәсі болмасам мен де сенбеген болар едім. Адам түгілі айдаладағы жыртқышты

Тәліпбай көршімнің маған «дос» санағаны көзбен көріп, ақиқатын білгені болар,— деп аяқтап еді әңгімесін Түбек шопан.

## СОҒЫМБАСЫ

Әр елдің өзіне тән ерекшелігі бар. Сол сияқты біздің елдің де ерекшелігі қонысы қандай кең болса, пейлі де сондайлық кең екендігімен, әдет-ғұрып, дәстүр салтымен белгілі. Халыққа кездескен қандай ауыр кезең болса да баяғы қазақтың кең дастарханы жиналмаған. Бір уыс талқаны болса бөліп жеп, бір күлше наны болса шетінен үзіп беріп, бір тостаған быламығы болса бір қасықпен кезек пен кезек жағалата отырып ішіп, қанша жоқшылық болса да кең пейілділігін сақтаған.

Ұлы Отан соғысы кезінің өзінде үлкен бір көшенің екі бетінің тұрғындары бір қазаннан ауқат ішіп, соғымбасы берісетін. Сонда жарытып сойған соғымы болса-шы. Шіркін, кең пейілдік-ай, десеңші. Әр үйдің жоқтан барғып берген ауқатына ел риза. Көпшілігі соғыстың қасыретінен қам көңіл болған кемпір-шал, жетім-жесір, күйеулерін күткен жас келіншектер еді.

Соғыстың бас кезінде-ақ майданнан жаралы болып қайтқандар да бар. Бұл қоныстағылардың бәрінде жаппай шатырсыз тоқал үйлер. Соған соғымбасысын бергенде көшенің екі бетінің тұрғындары қалай сияды десеңізші! Пейіл кең болған соң жалғанда тарлық жоқ екен ғой. Мұндайда бір қазан ауқатты бірігіп отырып ішіп, қалжың әңгіме айтысып, қам көңіл болып жүрген жандарын бір сейілтіп алатын.

Осындай жиындарда көбінесе соғыстан жаралы боп келген Мерген аузына елді көп қарататын. Әр сөзді нәшіне келтіріп, құлпыртып айтқаннан кейін бе, жоқ кейде төтелетіп кеткендіктен бе жиналған жұрт әрбір сөзіне зейін қоя құлақ тосатын.

Соғымбасы берген үйге Мерген келмей қалса, сол күнгі отырыс көңілсіз өтетін. Көбінесе болмаған жайды айтып, беталды төтелеп кеткен Мергенге «осы сен ұзап кеттің-ау» деп қисынсыз өтірік сөйлегеніне шыдамсыздық білдіретін Тасболат.

— Ой, сен, қызық екенсің, ел күлсін деп сөзімді кішкене әрлемеймін бе? — деп оған да мойындай отырып сөз табатын.

Тағы бір соғымбасыда өзін тым батырларша ерлік істегенге ұқсап еркін сөйлеп кетті. Сол жолы да «осы сен менен көп кішісің, сен жүрген жерлерде мен де жүрдім. Мұндай ерліктің барлығын қайда жүріп жасадың?» деді Үсең.

— Ой, қарня-ай «бұралқы сөз күлгенге жақсы» демекші, мына соғыстың зардабынан қамкөңіл болып отырған елді кішкене күлдіріп, көңілін көтерейін деп отырмын ғой. Не өзің түк тауып айта алмайсың, есебін тауып айтқан адамды кес-кестеп бөліп сөйлетпейсің» деп Мерген жиналған жұртты тағы бір күлдіріп алды. Біраз үнсіздіктен кейін ол жан-жағына қарап:

— Әйтпесе, мына Иманалының әңгімесін айтайын,— деп қасында отырған Иманалыға бұрылды.

— Е...е, жөніңе енді келдің, қайдағы қисынсыз сөзді айтқанша, шын болған ақиқатты-ақ айтсаңшы,— деп жиналған жұрт тағы күлісті.

\* \* \*

Адамда өзі сезбейтін екі құпия бар. Біріншісі туатын күнін білмейді, екіншісі қай күні өлетінін білмейді. Сөйткен екі құпияның ортасы өмір ғой. Сол сияқты соғыстан алған жарақатым өте ауыр болды да, «бүгін өлем, ертең өлем» деп ойласам да дәм-тұзым таусылмай, жарақаттың аузы бітпесе де ауылға жіберді. Мұнда келгенде де бір жылға дейін жазылмай, әбден азап көрдім. Кейіннен колхоз бастығы шақырып алып:

— Жеңіл жұмыс істе деп ақ егіске қорықшы етіп қойды,— деп сөзін бастады Мерген.— Сонда Иманалы ақ егістің бригадирі екен. Онда біздің колхоз бидай, тары, күріш егетін. Әсіресе, күріш пен тарыны жинап алу қиынның қиыны еді. Жылқы, түйе, өгіздерді тасқа шегіп, сонымен бастырып, әр қайсысын қауызынан ажыратып алатын. Ондағы жұмыстың барлығы қол еңбегімен атқарылатын. Егінді жинап алу күз айының суығына ұрынады. Мына Иманалы қырман басында жатып, жұмысшыларға жұмыс істетеді.

Қызыл қырманның жұмысы қызу жүріп жатқан кез болатын. Бір күні біреу келіп:

— Мынаны осы қырман басындағыларға әкелдім,— деп қойдың қарнына салынған сарымайды тастай сал-



ды. Қырман басындағы жұмысшылардың алғысы келсе де Иманалыдан батпай, лаж жоқ соған айтады.

— Тарт пәленді. Бұл егін менің жекеше егінім емес, Отанның егіні. Отан үшін еліміз сұм германмен соғысып жатыр. Сендер тыныштықта жүріп, Отан мүлкіне қол салайын деген екенсіңдер. Өңкей Отанның жауыздары,— деп Иманалы бір қарын майдың несін қырманнан қуып шығады. Осы арада Иманалы сүзетін бұқа құсап көзінің астымен бір қарап қояды. Жаратылысында аз сөйлейтін адам салмақты, тындырымды келеді білем. Егер сөйлей қалса майдаламай, қорытынды жерін түйеден түскендей ғып бірақ айтатын әдеті бар емес пе! Оны мен білмеймін. Өзімнің қорықшылығымды атқарып жүрсем әлгі қырманнан қуылған неме кездесе кетсе болар ма.

Бір қарын сары майды көрген соң көзім қимай алып қалдым да мына Иманалы жұмысшыларымен түнде ұйықтап жатқанда күріш, бидай, тарыдан қолыма тигенін ытқытып жібердім» дегенде ұратын кісідей орнынан атып тұрған Иманалы:

— Қап, мен білмей қалдым ғой. Білгенде сені сол жерде құртатын едім. Отанның нағыз жауы сен екенсің ғой,— деп зілденді.

Мына сөзге бір жымшып алған Мерген:

— Сарымайды түгел үйге әкелдім де бөлек бір құрышын әйеліме кестіріп, мына Иманалының үйіне беріп жібергіздім. Сөйтсем әйелі:

— Ойбай, құрдас-ау, мұны ешкім білмесін. Егер сезіп қалса, Иманалы сені де, мені де аямайды,— деп әлгі беріп жіберген сары майды қайтадан әкеліп тастады. Айта берсем, мұның қызығы көп қой деп Мерген тағы да ойлана түсті. Қызық Иманалы ма, жоқ өзі ме? Мұны соғымбасыға жиналғандар біліп отыр. Өткен іске әркімақ сөйтіп батырсына береді ғой.

Мерген қарап отырмай:

— Тағы да қырман жұмысының қауырт кезі. Біреу «қырман басындағы жұмысшыларға арнап бір қой сойып, егін алып келіпті,— деп сөзін одан әрі жалғастырды. Онда да мен қырман басында едім. Мына Иманалыға соны айтуға ешкім батпады. Бұл өзі нағыз өкіметтің адамы еді ғой. Қоғам мүлкінен бір сабак жіп алмайды. Аштан өлуге бар, алуға жоқ. Қатар болған соң әрі ылдым-жылдым тілім бар демекші:

— Мына қойдың етін алып қалайық та. Қырман басындағы шаршап жүрген жұмысшылар сорпасын ішіп, бір жап шақырсын. Қайырымына бір-екі қап бидай берерміз,— дегенім сол еді, шатынаған отты көздерімен мені атып жібере жаздап, тесіле қарап:

— Жұмысшылар аш емес, бұйырған ауқаттарын ішіп жатыр. Отанның астығын сатып, оларға ауқат әпермеймін. Шаршап жүрсе, еңбек күндерін алады. Соғыста да азаматтар қан кешіп жүр. Бұлар солардан әулие емес. Қайта тыныштықта жүргендерін білсін. Осыны айтып тұрған сенің өзің нағыз Отанның жауы екенсің,— деп беттен алып тастады.

«Ымды түсінбеген, дымды түсінбейді» демекші, онда да қулығымды асырып, әлгі ет әкелген адамға «бір жерге бара тұр» дегендей ымдадым. Ұмыттырыңқырап барып артынан етті алдым. Сөйтіп, оны да бір түнде риза ғып жібердім,— дегені сол еді, қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз тоңған кейіпке түскен Иманалы:

— Сені Отан мүлкін қарап жүр десем, өз мүлкіндей шүлен таратып жүрген нағыз жауыз екенсің ғой,— деп одан бетер ашуға булықты.

— Сол еттен де мұның үйіне бір санын беріп жіберсем, әйелі құрғыр тағы да қайтып әкеліп тастапты. Осыдан кейін мұндай-мұндайларды бұған сездірмей өзім істейтін болдым. Иманалының әйелі де өзіне дөп қосылған. Нағыз балшабектің өзі.

Арада соншама уақыттың өткеніне қарамастан бұған Иманалы ішінен қатты қапаланып отырса, Мерген керісінше оны мазақ еткендей қарқылдап күліп, оның сөзін құптап күліскендерге бір молқорсып отыр. Ондайда әңгіме де шыға береді ғой:

— Бір күні мені басқарма шақырып алып, сен мына Иманалының сырын білесің ғой. Кеше ғана барлық астықты өткізетін жерге өткізіп, қалғанын қамбаға құйып бітті. Бүгін келіп, «үйімде үнем жоқ, бидай жазып бер»,— деп арыз беріп отыр.

— Иманалы-ау, барлық астық өз қолыңнан шықты. Тым болмаса кеусен-пеусен дегендей бірдеңе алып қалмадың ба? — десем:

— Ондай сөз айтпаңыз. Отанның мүлкіне қол салуға болмайды,— дейді. Жылдағы әдеті осы. Үйі үнемсіз отырса да жаздырмайынша ештеңе алмайды. Сенің қа-

тарың әрі көршің, осының бір есебін тапсаң кәйтеді? — деді.

— Ой, бас-еке, бұлай деп айта көрмеңіз. Оның да шет жағын жасап көргенмін. «Отанның жауысын» деп өзіме бөле салады. Әуелі осы пісікшілік қарсаңында біреулер ауқат іш, күн ыстықта сусын — қымыз іш деп шақырғанның өзінде бармай, бойын аулақ ұстайды, — деп шынымды айттым, — деді. Соғымбасыға жиналған жұрт «Иманалының мұнысы рас-ақ» деп қозғалақтап қойды.

\* \* \*

— Шынымды айтсам, біз пендеміз ғой. Ал біздің ауылда Иманалы сияқты еліне шын берілген адам жоқтың қасы, — деп Мерген сөзін аяқтасымен жұрт тарай бастады. Бірақ Иманалының қит етсе, «Отанның жауы» деп шыға келетін сөзі кейін ел аузында мәтел болып кеткен екен...

### ҰРЫҒА ЖОЛ КӨП ДЕГЕН...

(мамандардың есіне)

БІРІНШІ ҮЗІК. Жортуылдан олжалы оралған үш жылқышы алдарындағы төрт жылқыға мәз-мәйрам. Құдай берсе бір аяқ мұздан екі аяқ су шығады» деген. Әлгі жылқылардың иелері болса қай жағынан және қалай қағып кеткенін сезбей, барлығы да зар илеп жүр.

Төбеден аулына түсеберісте: «— Ауылда бір бөтен кісі жүр ғой» деп қалды ұрының арты қуыс демекші, көмекші жылқышы Жымысбек. Артынша: «— Ол Жандар екен ғой» деді бас жылқышының баласы.

— Е...е ол болса не қылады дейсің? Менің жақын құдам ғой. Қайта жылқыларды жайғастыруға көмектесетін болды, — деді бас жылқышы Қаражол.

Келісімен асығыс бір шайды ішіп алды да:

— Ал Жандар, мына төрт саяқ бізге мазасыз болып тұр. Тіпті бұл жерге тұрақтамай, басқа жаққа қаша береді. Соларды сойып совхоз қоймасына өткізіп жібермесек, бір күні қолды болып, жылқы төлеп жүреміз бе?

Сол үшін бүгін екеуін, ертең таң азаптан екеуін союға көмектесіп жібер,— деді Қаражол. Сөйтіп, соятын жылқыларды ұстап жатқанда жасынан малшының баласы болып, малмен көзін ашқан Жандар төрт жылқының ең-таңбасын байқап қалды. Көрші аудандағы «Жұлдызды» совхозының жылқысымын деп ең-таңбасының өзі-ақ айқайлап тұрғандай.

Союға көз қимайтын өңкей аналық бастар екен. Жануарлар кездейсоқ ұрыларға тап болып, сойылатындарын біліп тұрғандай жәудірей қарайды. «Соқырға таяқ ұстатқандай ең-таңбасы бадырайып тұрғанда мені жас баладай алдағаны несі? Тақыр жерге жасырынатындар өстіп жасырынады екен-ау, о. Дәніккеннен құныққан жаман демекші, әбден құныққандар екен ғой. Мен оған өз адамы болсам да аздап именсе көйтеді? Осы ісіне қарай «мынау бөтен жылқы ғой» деп айқай салсам болар еді, бірақ оған тағы жол жоқ. Жекжат адам болған соң іштен тынасын»,— деп Жандар іштей күйзелді. Бөріп жым-жылас бітіргеннен кейін сойылған төрт жылқының етін алып совхоз қоймасына өткізбекке Қаражол кетті.

Совхоз басшыларымен қаншама ауыз жаласқан жымдас болса да ірі қараның аты— ірі қара ғой, хабарласпай жатып неге соясың деген айқай-шу шықты. Жаздың аптаған ыстығында етті көп ұстауға болмайтыны белгілі, қоймаға әрең дегенде өткізді. Бірақ аныққанығына жетпей жатып төрт жылқыны Қаражолдың есебінен шығару-шығармау жағы тағы белгісіз болып тұр. Оған Қаражол өтірік байбалам салып:

— Судан ба, тұздан ба, білмеймін. Әйтеуір, бірінен соң бірі домалай берді. Қайта мен арам өлтірмей бауыздай бердім,— деп бетбақтырмады. Ішек-қарнын, өкпе-бауырын сұраса «ауру болса, жұға ма деп көмдіріп тастадым» деп оның да есебін тапқандай. Не керек, қорыта айтқанда, төрт жылқының айқай-шуы жуық арада басылатын түрі жоқ.

Асығыс аулына қайтып оралған Қаражол туған жездесі Сырғабектің сап-сау биесін жығып салып, бауыздауын жұтқыншаққа жеткізбей тұрып буып, екі жігітке басын көтертті де қайнап тұрған ыстық судың бір шәу-гімін өзі құйды. Бұдан соң жұтқыншақты бауыздаудың ішек-қарынға қараған жағынан жіппен тас қып байлап қойды. Кешке қарай «биен өлді» деп, оның етін Сырғабектің үйіне алып барып берді де совхоз басшыларына:

— Туған жездем Сырғабектің де биесі өлді. Соған да мен жолсыздық істедім бе? Ішек-қарын керек боса соның ішек-қарнын көріңіздер,— деп ақтала сөйледі.

Ертеңіне келіп совхоздың мал дәрігерлері биенің ішек-қарнын жарып тексере бастады. Оны олай-бұлай аударыстырып көрсетіп тұрған баяғы Жандар. Әдейі әлгілер көрсін дегендей, жұтқыншақтың байлаулы жерін көрсете аударады. Қайта-қайта көрсеткеніне қарамастан бұл не үшін байланды екен деп оны ескеру ешқайсысының санасына кірер емес. Қайнаған судың әсерінен ішек-қарын түгін шайып кетіп, қарындағы жынның бетінде бөлек-бөлек жүрген іртік-іртік қарын бүрінің жиындысын көрген мал дәрігерлері:

— Мынау тұздап ұланған,— деп айдаладан шошынды. Келесі күні ауданнан мал дәрігерлері шақырылып, олардың әр қайсысына тексеру үшін бір-бір стакан асқазан түгі аразасқан іртікі жын берілді. Олар лабораториялық тексеруден соң қандай қорытындыға келетіндерін айтпақшы болды. Су тасушы мәшиненің жүргізушісі Аспанханның өзі бұған неше күн әуреленді. Ол тұрмақ осы істің анық-қанығын жақсы білетін Жандардың өзін әр жұрттағы қалдық тұзды тазалаттырып, жерге көмдіріп, әбден әуре-сарсаңға салып қойды.

Иә, бес жыл оқып, жоғары білім алған мамандардың қайнаған ыстық судың асқазан түгін шайып кетуі мен тұзға улаудың айырмашылығын білмегені Жандарды қатты өкіндірді. Тірі малды өлді деп акты жасау үшін ғана оқыған екен ғой бұларын,— деп іштей әлгілерден түңілді. Ал арамза ұры Қаражол болса бір совхозды ғана емес, бүкіл бір ауданның мал дәрігерлерін дүрліктіріп, бір аптадай әуреге түсірді де ақыры өз ойын жүзеге асырды.

Бұл оқиға Жандардың ойына түссе болды, күйзеледі. Ашық айтуға дәрмен жоқ, іші қазандай қайнаған күйде жүріп жатыр...

**ЕКІНШІ ҮЗІК.** Қой төлдетіп жатқан жақын көршісі Сәтімбекке Қаражол келіп, сойысқа бір қозы сұрады.

— Қауынның желісіндей күнде түйіндеп, шетінен пісіп жатқандай есепсіз қозыдан бір қозы беріңіз. Бірінің орнын бірі басып жатыр ғой,— деді.

— Сен есепсіз малды тапқан екенсің. Жоспарға жеткізе алмай жапығып жатқанда қозы сұрауыңның жөні келмес,— деді аға шопан Сәтімбек.

«Қап, сенен есебін тауып алмасам, Қаражол деген атым өшсін» деген шешімге келіп, арам ойын қайткенде жүзеге асырудың жолын іздеп, аулына оралды.

Сол күннің кешінде осы араға тағы келіп, ірі сақпанды жаятын сақпаншы баласына бір бөтелкеге жартылай құм салып қолына ұстатты да:

— Қалған кемін сумен толтыр, шайқап-шайқап ара-ластырып, ертең түске таман бір үлкен қозыны жығып салып аузына еріксіз құй. Мен сол кезде Сәтімбектің үйінде боламын. Егер табанда өліп бара жатса бауыздай сал,— деді. Келесі күні айтқаны орындалып: «бір қозы өлейін деп жатыр, не істейміз?» деп әлгі бала жүгіріп келді. Енді өлген қозынды қимайсың ба? — деп ақыры қулығын асырған Қаражол әлгі әл үстінде жатқан қозыны үйіне апарып, сойып алды...

**ҮШІНШІ ҮЗІК.** Штабтың қасындағы үлкен төбенің басында Мықтыбекің тор биесі өлген болатын. Өлік аңдыған құзғындай Қаражолдың құты қашты. Бұл өлікке біраз уақыт болса да қан жоқ, сөл жоқ қуарған қу бастың құлағына ен салды. Ой, сұмдық-ай, ұрыға жол көп екен. Жаңа салынған ен қатып, семіп қалған жылқы құлағына ескі ен сияқты болып көрінетінін жылқышыдан тек қана Қаражол білетін шығар, сірә. Осыдан кейін совхоз директоры Тұзақтың осыған ұқсас алдындағы биесін өз пайдасына жаратып жіберді де:

— Сіздің торы биеніз штабтың төбесінде өліп қалды,— деп аузы-мұрны қисаймай өтірік айтты. Әрине, Тұзаққа мал аса қат емес екені белгілі ғой.

— Өлсе, бием өлген шығар. Алдында совхоздың бәленбай жылқысы жүреді де оның ішінен менің биемді өлді деуге қалай аузың барды. Одан да қоғамның бір биесі өлді деп мал дәрігеріне айтпайсың ба? Одан арғысын өзім жөндеймін,— деді.

Екі ортада «епті жігіт келіншекті боладынын» кері келіп, Қаражол тағы да арамза ойын іске асырды...

Бұл әңгімені бұлай атауым шындыққа жүгінгенім шығар...

*Автор.*

Малшы қауымның алыстағы орталық штабына екі УАЗ-ик ертеңмен суыт жүріп келіп тоқтай қалды. Алдыңғы мәшинеден түскен егделеуі керіле басып, тәкаппарлық білдіргендей, соңғы мәшинедегі жолдасының түскенін күтпестен-ақ бірден жатақханаға жетіп, сыртқы көрінісін шамалай бастады.

Бұл аупарткомның бірінші хатшысы Шымшықов еді. Соңғысы — аудандық атқару комитетінің төрағасы Кедиро. Ол да келісімен әлгіндей жатақхананы бір айналып шықты да екеуі де ішке кірді.

— Сырты қандай болса, іші де әбден тозған екен. Мұны көп жөндеуден өткізу керек,— деп Шымшықов Кедиросқа қарады.

— Әрине,— деп алғаш Кедиро бас изеді де, Шымшықов не айтса соның болатынын және ол былай болсын десе тізгінді өзіне бермейтінін сезіп, өзінің біліңіз, деп істің түйінін итере сөйледі. Сөз осымен бітіп, келген ізімен екеуі де қайтып кетті.

Олар кетісімен дүрлігіп, жиналған жұрт:

— Бұл екеуінің жүрісі тегін емес, тек жатақхананы көріп, басқамен ісі болған жоқ,— десті.

— Шымшықов жатақхананы көрмей жүр ме екен? Осыдан аз күн бұрын жатақханада түн жарымына дейін карта ойнап, бәріміздің қалтамызды қағып кетіп еді,— деп дүкенші сөзге араласты.

\* \* \*

Сол күні түс қайта жатақханаға «Данышпан» совхозының барлық құрылысшылары құмырсқадай жорғалап, көптен қараусыз тұрған үйлерді жөндеуден өткізе бастады. Не керек, бұрын жатақхана бар дегені болмаса, керексіз нәрсе сияқты еді. Енді мына үш күннің ішінде табанынан тік тұрғызғандай су жаңа боп шыға келді. Ішіндегі мүліктерін де қаладағы жатақханалардан кем қылмай түгелімен жаңалады.

Енді жаңа қоныстың дастарханын дайындау үшін бір мәшһнмен соятын қой, түйетауық, қазы-қарта, жал-жая іздеп бір адам шапқылап жүрсе, екінші мәшһнмен алма, өрік-мейіз сияқты жемістер мен арақ-шараптың неше түрін іздеп дүкен, базар, қоймаларды аралап екінші біреуі жүр.

Шынында да бұл дайындық ерекше дайындық болды. Сөйтіп, малшы қауымның жағдайынан бұрып келетін қонақтардың жағдайын бірінші ойластырды. Жатақхана мәселесі істеліп біткен сияқты. Өкілдердің қай жолмен келіп, қай жолмен кететінін ескеріп, сол жолдың бойында отырған шопандарға жем-шөп таси бастады. Мықты-мықты деген отарларды көрсетпек мақсатпен оның төңірегін жер сүргіш трактормен сүзгілетіп қойды. Жол-жөнекей әншейінде шашылып жататын бос және буылған шөптер, жүргіншілер мәшһнесімен қаға-маға қырған ақ бөкендердің қаңқаларынан тазартылды. Алта емес, айына бір-ақ рет баратын кей малшыларға, енді міне, бірінен-соң бірі ағылып мамандар жүрсе, олардың тындырған істерін тексеріп аудан өкілдері жүр. Төрт-бес күннен бері малшы есігін тоздырып та болды. Осындай «екпінді еңбек қарқыны» әсіресе, «Береке» мен «Данышпан» совхоздарында өріс алды.

Шымшықовтың тікелей нұсқауымен төр жақтан келе жатқан облыс өкілдеріне штабқа дейінгі «Данышпан» совхозының жолдағы отарларын көрсетпекші болып, совхоздың бар көлігіне көкпенбек жоңышқа тиеткен болатын. Оны екіге бөлдірді. Бірінші құраманы штабтың ар жағына, екіншісін оған барар жолға таяу әр көліктің арасын 4—5 шақырымдай етіп тасалапты. Облыс өкілдері штабқа келе жатқанда алдын-ала жандайшаптың бірі мәшһнесімен шөп тиелген көліктерге кезекпен хабарлап отырмақшы. Олар осыдан кейін орындарынан қозғалып, облыс өкілдерінің көздеріне көрініп өтпекші.

Ал штабтан кейін «Береке» совхозының жолдағы отарларын көрсетеміз деп оған да ыңғай жасалды. Бұлардың шөбі таусылғаны қашан, тек қана Шымшықовтың омырауымен шөбі көп еңбекқор совхоздардан зорлықпен тартып алғандай ғып отыр. Міне, сөйтіп, екі совхоздың да жұмысын Шымшықов тақадай ғып қойды.



...Келе жатыр деген хабар естілісімен «Береке» совхозының директоры Құлболсынға «сен штабтан бізді күт» деді де қасына «Данышпан» совхозының директоры Қарғабайды ілестіріп, ауданның екі дөкейі облыс өкілдерін күтіп алуға алдынан шығып кетті.

Әлгі түйеге ұқсап бойына сенген Құлболсын штабтың көшесінде тұр еді, көп уазиктердің келіп қалғанын да байқамады. Үйлердің біріне кірейін десе «ана жүрген кім?» деп сұрастырса көзге түсіп қалам ба дегендей қызыл отаудың артындағы дәретханаға кіріп бой тасалады. Келген өкілдер қас қылғандай қызыл отау, дүкенді, дәрігер бөлмесін көріп, біраз жүрді де ең соңында жатақханаға кіріп, түстікке отырды. Соған дейін Құлболсын әлгі орыннан шыға алмай-ақ қойды. Қонақтарға неше күн әуремен дайындағанда бар болғаны екі сағаттай аялдап, сыртқа шықты. Осы кезде Шымшықов Құлболсынды облыс өкілдеріне таныстыра келіп, «Береке» совхозының жолдағы отарларын аралатып көрсетуді тапсырды. Бәрі де бұрын ойластырғандай рет-ретімен жүріп жатты. Шөп тиелген құрамаларды көрген облыс өкілдері өте риза болды. Бірақ бүкіл бір совхоздың көлігін Шымшықовтың екі күн бойы жолға күттіріп қойғанын қайдан білсін?

— Шіркін, облыс өкілдері келетінін күні бұрын хабарламай, аяқ астынан сау ете келе қалса ғой, нағыз кем-кетіктің үстінен түсер еді. Мыналары көзбояушылық, өзімізді-өзіміздің алдағанымыз емес пе? — деп малшылар арасында күбір-күбір әңгіме тарап кетті.

— Інiм, бүгiн жол болды. Егер бiздiң ең кемi он отар қойды аралап көреміз десе күніміз не болар еді,— деді әншейінде менсінбейтін мәшине жүргізушісін құшақтаған Құлболсыны.— Осыған ынғай жасаған Шымшықовтың жақсылығын өмірбақи ұмытпаспын,— деп еріксіз жымиды.

1984 жыл

## БҰРЫНҒЫ ЖЫЛҚЫШЫ

Ертең жол жүремін деген Досан түнде сергек ұйықтады. Азанмен тұрып, күрең қасқа атты суарды да атдорбамен жем іліп қойды. Ағаштың кішкентай жаңқасымен аттың денесіндегі ұйпалақталған жерлерін қуалай тырмалап, қаси бастап еді, ол да сүйсінгендей арқасын тосып, тағы да қаси түс дегендей әрі жол жүретінін білетіндей жемін асығыс жеп жатты. «Малдың тектісі осы жылқы ғой» деп Досан атын ерттеп қойды да ертеңгі шайын ішуге үйге кірді.

Көп уақыт өтпей-ақ күрең қасқасына мініп, бұйрат-бұйрат болып жатқан құмға қарай бет алды. Жүрісті күрең қасқа жердің әпшісін алып, жүйткіп келеді. Досанның қырық жылдай жылқы бағып, лайықты демалысқа шыққанына да онбес жылдың қарасы болды. Жасы келсе де әлі күш-қуаты қайта қоймаған. Қарт жылқышы орталықта отырғанына риза емес. Баяғы күндерін аңсап дала төсін анда-санда бір кезіп кету оның әдеті. Жүрген жерін, баққан малын, отырған қонысын көргенде сонау жастық шағы көз алдына елестеп, бір жасап қалады.

Жылқы біткеннің алды әлгі жылымшы көлсымақтарға түсіп, арты бозаға ұқсаған қоймалжың қақ суын қуалап жүрген шығар деген оймен сол арадағы көл-көлді қоймай аралай бастады. Тоғыздың көлінің үстімен содан әрі Досқожанын сазымен жүріп отырып, шынырауды басып, Дүйсенбайдың құдығына келіп жетті. Бұдан соң бұйраттанып жатқан Ашаның жалына қарай бір-екі бел асты да күннің батысын қиғаштай Бозбайдың жалымси Тайсоғанның көліне келді. Әр жерден, әр көлден үйір-үйір жылқыны көріп, оның ішіндегі жаңа туған сүйкімді жас құлындардың енесі іспеттес мекіренгендей өз-өзінен сүйсініп келеді.

Кездескен жылқылардың бәрі де оған бес саусақтай таныс. Әр совхоздың таңбасы айқын, ал жекешелерді енінен біледі. Осыдан кейін Шұбарқұдық пен Қарақұдық көлін басып өтіп, өзі көп жыл мекен еткен Көлқұдыққа түс ауа әрең жетті.

— Досеке, өзіңіз баққан жылқы мен өзіңіз жүрген жерлеріңізді аңсап шыққан екенсіз, әйтпесе, мына күннің ыстығында салқын үйде шалқадан түсіп, демалып жатпайсыз ба? — деп күліп жатыр бұрынғы көршілері.

— Иә, бүгін баяғы күнімді сағынып шыққаным рас, жүрген жерімді көріп көңілім көтерілді. Бірақ жылқының жағдайын көргенде көңілім пәс болды,— деп Досан ауыр күрсінді де қабақ шытты.

\* \* \*

— Өткен күннің бәрі баяғы болып қалады екен,— деп Досан ақсақал сонау жылдардан сыр шерте бастады.— Біз жылқы баққанда, жылқыны айдап жүріп қайырмалап, қойша бағатынбыз. Бәрі жуас, бәрі мінгі, асау деген биенің өзі желіде тұрып сауғызға беретін. Қазіргі мына көлсымақтар бұрын да бар болатын. Жылқы біткенді сол көлдерге жібермей, быламықтай лаі су ішсе, құлын тастап, ауруға ұшырайды деп құдықтан қол қауғамен суаратынбыз. Жылқылар да көлге бармай құдықтың тастай суына үйреніп, оның басына өздері келетін. «Жазғы шілдеде су семіз» деген бұрынғының сөзі бар емес пе? Жылда Сарыарқаға көшкенде жайып барып, жайып қайтушы едік. Жол-жөнекей құлындаған бие болса, оның құлынын аяқтандырып, екі-үш күн сол жерге аялдап, бие сауып, қымыз пісетінбіз.

— Сол кездегі жылқы пермелері бізбен бірге атқа мініп, жылқы айдасып, жоғымызды іздеп, қай уақытта болмасын бізбен бірге жүретін. Көшкенде жүкті түйеге артысып көмектесетін. Сөйтіп, араға бір ай салып, Сарыарқаға жетуші едік. Өкіметтен айналайын, қашан да пейілі кең ғой. Құнажын байталдардан және дөнежіндерінен күйлілерінің құлындайтыны анық қой. Сол кезде қоғамның тоқтысы қоздады деп шопан хабарласа, тай тоқтап, құнажын байталы құлындады деп біз де хабарлап отыратынбыз. Сол адал еңбектің игілігін көріп жүрміз. Еңбегімізді үкімет те, халық та бағалып жүр,— деп тағы да күрсініп қойды.

— Ал енді осындай молшылықта жүріп, кейбір қырсыз істерді көріп кейінгіміз де бар,— деп Досан біраз үнсіздіктен кейін сөзін қайта жалғады. Мен, әсіресе, жылқы жайын жетік білгендіктен соны ғана бөліп айтайын. Осы білім өскен сайын құлықтың да одан асып түсіп отыратынына мен қайран қаламын. Бүгін талай жерді аралап, талай нәрсені көзім көріп, көңілім толмай келді. Шу өзенінің арғы жағын қайдам, бергі жағы жылқы баққанды мүлдем қойды. Қазіргі жылқышылар жыл-

қышы емес, соның ұзын сапына не болып отырған кеңседегі есепші сияқты, қарауылы десе де болады. Қазіргінің жылқы пермесі түгілі бас жылқышысының атқа міну-мінбеуі неғайбыл. Мәселен, «Береке» совхозының жылқышысы Маранжолдың атқа мінбейтінін совхоз түгілі аудан білетін шығар. Оның негізгі көлігі мәшине, қала берсе мотоцикл. Ол тек аға жылқышы деген атқа не, қол астындағы жылқыға ойына келгенін істеп жүрген біреу. Бұлар Сарыарқа түгілі, қыстауы мен жайлауының арасы төрт шақырым, соған жылына бір-ақ рет қоныс аударады. Бүгін көрдім, Тайсойғанның көлінен бастап Көлқұдықтың көліне дейінгі төрт көлде талай жылқы жылып кеткен атала суды ішіп жатыр. Бұдан кейін жылқы қалай оңсын?! Дайын моторлы құдықтан қайырмалап суарса болмай ма?

Ол-олма, атты адам көрсе жылқы біткеннің барлығы көлден шыға қашады. Шетінен жабайы болып кеткен. Сұмдық-ай, өстіп те жылқы бағады екен-ау. Әр жерде қасқыр жеген құлынның қаңқасы қанша ма! Обал-ай десеңші. Бәрінен де оның орнын қалай жабады екен? Айтпақшы, құнажын байталдар мен дөнежін байталдардан совхоз құлын сұрамайды ғой. Оның үстіне жылда аналық басты нақты әрі ықтияттап түгелдеп жатқан ешкім жоқ. Маранжол өз пайдасы үшін аналық басты тұтамап көрсетеді. Оның үстіне биыл әр жүз биеге он жеті-ақ құлын берді. Сонда қасқырдың нәсібі мен өзінің нәсібі совхоздың есебінен шыға келмей ме? Әлгі менің «білім өскен сайын құлықтың да одан асып түсетіні несі?» деуім осы. Әйтпесе, мұның барлығын басшылар мен мамандар көрмей-білмей отырған жоқ. Маранжолдың көмекшілері ғана жылқы баққансиды. Көбіне о да жоқ, тек қана түгендеп қайтады. Ал өзіне келсек, кетіп қалған немесе жаңадан келген директорлардың қасқабағын бағумен болады. Бие сауып, қымыз дайындаудың да жолын біліп жатқан ол жоқ. Дайындаған қымызы болса бір шынысын ішсең үш күн ауырасың. Маранжолдың негізгі «кәсібі» бәленше ұршық нірді, түгленше тоқыма тоқыды. Анау Отанға бәлен тонна сүт өткізіп қойды деп ауыл-ауылға өсек тасу. Одан қала берсе: «ел естігенді сен неге естімейсің?» деп әйелімен жаңжалдасады.

Міне, сөйтіп, әр совхоздың кейіндеп кетуіне осындайдың септігі тимей ме? — деп Досан қария сөзін аяқтады.

### «АРАЛЫҚ ИЕ»

Құдай адамды қанағатсыз қылмасын. Қандай тәсілмен босын алдына тек қана баюды мақсат еткендер үшін бұл өмірде жол көп.

«Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба солай жүреді» демекші, әкесі мен шешесі өздерімен көршілес, дәлірек айтқанда, есіктес тұрған дүкенші қыздың дүкенінің есігіндегі белдеме кілт салғыш топсасының бұрандасын ағытып алып, бұдан басқа құлыптаулы ішкі екінші жарма есіктің арасынан кіріп, заттарын алуды әдетке айналдырған.

«Шөлмек мың күнде емес, бір күнде сынады» демекші, бұл жолы қарауылмен келісіп, аз-ақ зат ұрлап шығамыз дегендер бұған қанағаттанбай бұл жолы қолды мол салады. Дүкеннің есік, терезе, қабырғалары бұзылмай-ақ іші тоналған соң әрі танымал заттарының біразы ұшты-қиы жоқ болғаннан кейін дүкеншінің іші күйіп, бұларды күдікке ала бастаған еді.

Осы ұрлап алған заттарды сыбайласы арқылы штабтың дүкеніне апарып қойып, сатқызып жатқан жерінен көріп қалған дүкенші өз заттарын заң қызметкерлері арқылы танып алып, аймандай әшкере болған штабтың дүкеншісі жұмысынан босамады ма? Осы кезде ғана дүкенші әркез дүкендегі заттары кем болып қалып, оны жария қылмай, іштен тынып, төлеп келгеніне қатты күйінді. Сөйтіп, бұларды да бұлтартпай мойындатып, ұрланған заттарын артығымен яғни айыбымен төлеттіріп, әйтеуір сиырқұймышақтатып жүріп, заң орындарынан әрең құтылыпты дескен. Әрине, жел тұрмаса шөптің басы қозғалмайтыны айтпасақ та белгілі.

Сөйткен, Төлегеннің Әуесхан деген милиция баласы да түлкінің қарсағындай ауызданып қалған емес пе? Науқастардың өз ауруын сау адамдарға жұқтыратыны болса, ондайларды дәрігерлер тілінде «аралық ие» демей ме? Оларға маса, шыбын, ит-мысық сияқты толып жатқан мақұлықтар жатады. Міне, сол науқас адам да, «аралық ие» де Төлегеннің өзі болып, милицияда бір-екі

жылдан бері қызмет істей бастаған баласына жұқтырды. Ақыры не керек, Әуесхан жанына өзіндей екі сыбайласын ертіп алып, әкесінің жекеменшік мәшinesімен жортуылаға шығады.

\* \* \*

Айдалада қанпен-қаперсіз отырған Мықтыбектің бүгін жалғыз екенін сезген әлгі арамшпеттер кешқұрым түн қараңғылығын жамылып, мезгілсіз уақытта үйіне сау ете түседі. Барған бете:

— «Сен құмда отырсың, бізге анаша тауып бердің» астына алады. Мықтыбек жоқты қайдан тапсын. Мұны тындамаған әлгілер үшеуі жабылып, оны төмпештей береді. Екеуі Мықтыбекті ауызғы бөлмеде ұстап тұрғанда Әуесхан үйдің түпкі бөлмесін және шатырына дейін қоймай түгел тінтіп шығады. Не ақша, не басқасын таппаған соң үлкен пышағы мен қосауыз мылтығын алады.

Ең ақырында әлгілер түк таппаған соң ілулі тұрған күпәйкенің қалтасына өздерімен ала келген кішкентай целлофан пакетті сала қояды. Енді Әуесхан сол күпәйкені әкеліп, Мықтыбектің көзінше қалтасынан әлгіні алып шығып, «сен анаша тартады екенсің» деп жала жаба бастайды. «Сенен анаша тауып алдық, бұл үшін сен сотталасың, оны білесің бе?» деп қарақшылар тіпті күшіне кірді. «Сотталмайын десең, қора толы малдарыңнан мәшинеге сифанышша саласың!» деген жаққа шығады.

Өзіне-өзі сенімді Мықтыбек:

— Өздерің қалтаға әдейі салып, өздерің тауып тұрсындар,— деп бұған көнбей, айтқан бетінен қайтпайды. Енді олар бұдан түк шықпаған соң үй несінің көзін жойып, қорадағы малды мәшинеге тиіп әкетуге әрекеттенеді. Шопанға барлығы жабылып күш көрсетіп жатқанда сырттан аттың дүбірі мен иттердің үргені естіліп, әлгілер тайып тұрады.

Қылмыспен бетпе-бет тұрып, оны тиятындар да, қылмыстың бетін ашатындар да милиция қызметкерлері екені белгілі. Бірақ Әуесхан сияқты заңды белінен басып, қарақшылыққа баратындар мен ашылған қылмысты пәре алу арқылы жаба салатындар да арамызда әлі де аз емес-ау...

## МАЗМҰНЫ

### Новеллер

Ана өлі	3
Күміс той	54

### Әңгімелер

Жаналқым	99
Әисат «қаракшы»	92
Аттестация	95
Танмен оянған тіршілік	96
Ағайын арасы	99
Аманат	102
Тергелмеген сырға	105
Екі шелек су	108
«Ақ түйме» сыры	111
Жолда	114
Қақпапшының ақыры	117
«Ұра бердім, ұра бердім»	120
Жығылғанға жұдырық	121
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына	126
Соғымбасы	129
Ұрыға жол көп деген	133
22 февраль	137
Бұрынғы жылқышы	140
«Аралық пе»	143

Мадимарулы Сауытбек  
**АЧИНЦЫ — МОИ ЗЕМЛЯКИ**

*Повести и рассказы*

*(на казахском языке)*

Редакторы *Ниятжан Ибрагимов*,  
Техникалық редакторы *Әсия Күзембаева*,  
Суретшісі *Таужан Есбергенова*.

**ИБ № 5543**

Басуға 10.05.1994 ж. қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>. Қағазы баспаханалық № 2. Қаріп түрі латинская. Шығыңқы басылыс. Есепті баспа табағы 9,0. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс 292. Бағасы — келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің. Халықтар достығы орденді «Қазақстан» баспасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143. «Мерей» шағын семьялық кәсіпорны. Алматы қаласы, Жібек жолы, 81-үй, 20 пәтер, телефон — 33-91-59.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің баспаханасы,  
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.